


К Ә СІ П Т І К

Б И Л И М



Н. Жаданов, Н. Құдайбергенов

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

6-09 (075)

УДК 349.2(075.32)

ББК 67.405я722

Ж 16

Шартты белгілер:

-  - бақылау сұрақтары
-  - тест тапсырмалары
-  - тәжірибелік жұмыстар
-  - зертханалық жұмыстар

Пікір жазған:

Ісқаң Е.Н. – техникағылымдарының кандидаты

Ж 16 Жаданов Н., Құдайбергенов Н.

Еңбек қорғау: *Оқу құралы*. 2-басылым. – Астана:
Фолиант, 2010. – 200 б.

ISBN 978-601-292-251-6

Бұл оқу құралында еңбекті қорғаудың теориялық негіздері, құқықтық-ұйымдастыру мәселелері, еңбектің қауіпсіз жөне зиянсыз жағдайларын жасаудың жолдары баяндалған. Өндірістік салындария мен өрт қауіпсіздігіне жөне қауіпсіздік техникасы жайлышы мағлұматтарға жеткілікті орын берілген. Оқу қуралында ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайының ерекшеліктері, егін жөне мал шаруашылығында, жендеу мекемелерінде сақталуға тиісті қауіпсіздік талаптары қамтылған, сондай-ақ зертханалық, тәжірибелік жұмыстар көлтірілген.

Оқу құралы орта көсіптік оқу орындарының ауыл шаруашылығы, экономика, энергетика, көлік жөне политехникалық мамандықтарына арналған.

УДК 349.2(075.32)

ББК 67.405я722

- © Жаданов Н.,
Құдайбергенов Н., 2008
- © «Фолиант» баспасы, 2008
- © Жаданов Н.,
Құдайбергенов Н., 2010
- © «Фолиант» баспасы, 2010

ISBN 978-601-292-251-6

РКИИ
кітапханасы
библиотека
РКИИ

КІРІСПЕ

Қоғамымыздың басты мақсаты – еңбекті адамның бірінші кезектегі өмірлік қажетіне айналдыру. Ал тиімді еңбек ету үшін еңбекшілерге қажетті жағдай жасау, олардың денсаулығын сақтау, еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіби сырқатты және өндірісте зақымдануды болдырмау қажет. Еңбек қорғау ғылымы осы мәселелермен, яғни еңбектің зиянсыз, қауіпсіз жағдайларын жасаудың проблемаларымен айналысады.

Халықаралық еңбек үйымының (ХЕҮ) дерегі бойынша дүние жүзінде жыл сайын орта есеппен 50 миллион немесе күніне 160 мың жазатайым оқигалар болып тұрады (ХЕҮ-ның ақпарат бюллетені. – Женева, 1990).

Қысқасы, еңбекті қорғау дегеніміз құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, үйымдастыру-техникалық, санитарлық-эпидемиологиялық, емдеу-профилактика, оңалту және өзге де іс-шаралар мен қуралдарды қамтитын еңбек қызметі үдерісінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі болып табылады. Демек, еңбекті қорғау ғылымы өндірістегі жазатайым оқигалардың, кәсіби сырқаттардың, жарылыстар мен өрттің себептерін анықтап, оны болдырмаудың қажетті шараларын жасайды.

Еңбекті қорғау еңбек қорғаудың заңдылықтарын, өндірістік санитарияны, қауіпсіздік техникасын және өрт қауіпсіздігін қамтиды.

Еңбек қорғаудың заңдылықтарына Қазақстан Республикасының Заңдары мен басқа да мемлекеттік актілері, Министрлер кабинетінің, кәсіподактардың орталық кеңесінің қаулы-қараплары, кәсіподак үйымымен келісілген министрліктердің нұсқаулары мен

ережелері, сондай-ақ ішкі тәртіп ережесінде көрсетілген еңбек қорғаудың нормалары жатады.

Өндірістік санитария дегеніміз – еңбекшіге зиянды өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын үйімдастыру, гигиеналық және санитарлық-техникалық шаралар мен құралдардың жүйесі.

Қауіпсіздік техникасы дегеніміз – еңбекшіге қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмайтын үйімдастыру және техникалық шаралар мен құралдардың жүйесі.

Әрт қауіпсіздігі дегеніміз – әрттің алдын алушың, әрт шығу себептерін жоюдың, әрттің жайылуына жол бермеудің, адамдарды, жануарларды және материалдық құндылықтарды жедел көшіруді үйімдастырудың және әртті сөндіру шараларының жүйесі.

Еңбек қорғау ғылымы міндеттерінің күрделілігі одан еңбектің қауіпсіз және тиімді жағдайларын жасауға қатысы бар басқа да ғылымдардың жетістіктерін пайдалануды, ең алдымен, әлеуметтік-құқықтық ғылымның, сондай-ақ еңбекті ғылыми түрғыда үйімдастырудың, әсемдік пен эргономиканың жетістіктерін пайдалануды талап етеді. Мысалы, машиналарды, аппаратураларды, басқа да жабдықтарды қауіпсіз пайдаланудың тәсілдерін дайындау барысында еңбекті қорғау ғылымы техникалық ғылымдардың шешімдерін пайдаланса, санитарлық талаптарды дайындау барысында кейір медициналық және биологиялық пәндердің зерттеу қорытындыларын пайдаланады.

Еңбекті қорғау мен еңбек жағдайын жақсартудың әлеуметтік-экономикалық маңызы зор. Олеңбекшілердің өмірін қорғаумен қатар, еңбек өнімділігін арттыруға, еңбекшілердің еңбекке қатысу мерзімін ұзартуға, маマンдарды тұрақтандыруға ықпал етеді және түрлі жағдайларға байланысты жұмысалатын шығынды азайтады.

Казір еліміз бойынша жыл ішінде пайдаланылмаған барлық жұмыс күнінің 60-80 пайзызы еңбекшілердің түрлі себептермен науқастануынан болады. Егер осы жұмысқа уақытша жарамсыздықтың жылдық орташа

көрсеткіші бір күнге кемітілсе, онда еліміздің халық шаруашылығы қосымша 18 млн. жұмыс күнін сақтаған болар еді. Мұның өзі ұлттық табысты 1,3 млн. теңгеге арттыруға және әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын бюджеттік шығынды 550 мың теңгеге азайтуға мүмкіндік берер еді.

Сондай-ақ, жұмыс жағдайының нашарлығына байланысты еңбекшілердің жұмыс орнын ауыстырып отыруы да зиянга жатады. Еңбек ғылыми-зерттеу институтының есебі бойынша, бір адамның жұмыс орнын ауыстыруды 1990 жылы 3500 теңге зиян келтірген. Егер еңбекшілердің жұмыс орнын ауыстырудын 1 пайызға кемітсек, онда ол жылдана экономикалық зиянды 446 мың теңгеге азайтқан болар еді.

Осыларды ескерсек, еңбек қорғау ғылымының орта буын мамандар үшін қаншалықты қажет екендігі өзінен-өзі түсінікті. Яғни, әрбір өндіріс қызметкері, маманы еңбек қорғау заңдылықтары мен құралдарының тиімді пайдаланылуын бақылауға алып, оның экономикалық жағынан тиімді үйымдастырылуын қадағалап отыруды тиіс.

Еңбек қорғау пәнін оқу арқылы болашақ мамандар:

- еңбек қорғаудың негізгі заңдылық актілерін оқып үйренеді;
- өндірістік жарақаттану, кесіби сырқаттанудың себептері мен оның алдын алушың жолдарын меңгереді;
- өндірістік тазалықтың негіздері мен өрт қауіп-сіздігін біletін болады;
- жәбірленушіге дәрігерге дейінгі алғашқы кемек көрсетудің жолдарымен танысады;
- жұмыс орнындағы еңбек жағдайын бақылаудың құралдары мен оны пайдаланудың әдістерімен танысады;
- еңбек қорғау жұмыстарын үйымдастырудың негізгі ережелерімен және оның құжаттарын жүргізу жолдарымен танысады.

Сондай-ақ, еңбек қорғау жөніндегі ұжымдық шарт жасауды, еңбек қорғау мен өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуына бақылау жасаудың жолдарын, еңбек қорғау-

дың шараларын жоспарлауды, өндірістік жарақаттанудың, жазатайым оқигалар мен көсіби сырқаттардың себебін анықтап, олардың алдын алудың жолдарын, жеке-дара қорғану құралдары мен арнайы киімдердің қажеттілігін анықтауды үйренеді.

«Адам-машина-өндірістік орта» жүйесі және оны үйлестіру

Еңбек үдерісі қоршаган органдың белгілі бір жағдайында еңбекшінің еңбек құралын пайдалануы арқылы жүргізіледі. Олардың жиынтығы «адам-машина-өндірістік орта» жүйесін қалыптастырады. Адам-машина жүйесіне еңбек етегін адам-оператор мен жұмыс орнында ол пайдаланын машина немесе басқа да еңбек құралдары жатады.

Оператордың жаракат алмай, науқасқа шалдықпай еңбек етуге қабілетін сақтауы үшін осы айтылған жүйе тоқтаусыз, іркіліссіз жұмыс істеуі тиіс. Алайда, өндіріс жағдайында кездесетін әр түрлі себептердің әсерінен (айталық, шаңның, шудың, дірілдің, т.с.с.) жүйеде кідірістер болып жатады. Бұдан басқа оператордың жұмыс қабілетіне ауаның температурасы, ылғалдылығы, қозғалу жылдамдығы, сондай-ақ ұжымдағы психологиялық жағдай, еңбек тәртібі, т.б. факторлар да әсер етеді.

Оператордың ағзасы қоршаган ортада қалыптасқан жағдайларға бірте-бірте бейімделеді де, нәтижесінде адам ағзасының кейбір жүйелері мен қоршаган органдың факторлары арасында динамикалық тепе-тендік қалыптасады. Егер оператор осы тепе-тендіктің шеңберінен шығып кетсе, онда шаршағыштық пайда болып, жұмысқа қабілеті төмендейді.

Адам ағзасының еңбек жағдайына бейімделу мүмкіндігінің шектеулі екендігі ескеріліп, оған тән факторлардың нормалары енгізілген. Бірдей жұмыстарды атқарып жатқан адамдардың барлығы бірдей энергия жұмсамайды. Өйткені, әр адамның еңбек қарқыны әр түрлі болады. Еңбек қарқыны дегеніміз – оның еңбек етуге ынталының дәрежесі. Қарқынның қоғамға қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін адамның физиологиялық мүмкіндігі деңгейінде ой мен күш қабілетін

толық пайдалану қажет. Еңбек қарқыны операцияны орындаудың сапасына әсер етеді, қателіктерді тудырады, тіпті оператордың «тоқтап қалуына» әкеліп соқтырады. «Адам-машина-өндірістік орта» жынтығының бір-бірімен байланысы әргономикамен айқындалады.

Әргономиканың негізі заттың әргономикалық қасиеттері, әргономикалық талаптары мен көрсеткіштері болып табылады.

Ғылыми-техникалық прогресс соңғы кезде өндірістің барлық салаларына жаңалық әкелуде. Атом энергиясы, автоматтандыру мен электроника, полимерлер, химия мен микробиология, кибернетика мен ЭЕМ – осының барлығы еңбек жағдайын күрт өзгертетін жаңалыктар. Бұл жаңалықтарды өндіріске енгізу арқылы, ең алдымен, қол еңбегі жойылады, еңбек жағдайы жақсарады.

Машина жасау өнеркәсібінде станоктардың жұмысының автоматтандырылуы, бағдарламалық басқарудағы манипуляторлардың іске қосылуы жұмысшыларды ауыр қол жұмысынан босатып, шаршамай өнімді еңбек етуіне мүмкіндік беріп келеді.

Көптеген электр станцияларын басқарудың автоматтандырылуы, құрылыш материалдары өнеркәсібінде бетон шығаратын завод-автоматтардың іске қосылуы, болатты балқытып қую жұмысының қашықтан басқарылуы, ауыл шаруашылығындағы қол еңбегінің машиналармен алмастырылуы еңбекшілердің жұмысын едеуір жеңілдетеді.

Алайда, өндірістің жоғары дәрежеде жарақаттандырылуы мен автоматтандырылуы, бір адамның бірнеше агрегаттарды пульт арқылы басқаруы, екінші жағынан, адамның қозғалысын азайтады, денесінің енжарлығын үлгайтады. Мұның өзі адамның нерв жүйелері мен жүйкесінің тозуына, жүрек қан тамырлары ауруларының пайда болуына әкеліп соқтырады. Түрлі механизмдердің пайдаланылуы дыбысты, селкілді көбейтеді. Химиялық заттарды пайдалану адамның денсаулығына зиянның тигізіп, тіпті олардың улануына әкеліп соқтырады.

Демек, ғылыми-техникалық прогресс еңбекті жеңілдетіп, оның өнімділігін арттырумен қатар еңбек-

шілерге шексіз қайғы да әкеледі. Өйткені, қазіргі техникалардың көпшілігі еңбек қорғаудың стандарттары мен ережелеріне сай келмейді.

Мысалы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында жыл сайын 19 млн. қайғылы оқиға болып тұрады, 250 мың адам кездейсоқ оқигалар мен уланудың әсерінен қайтыс болады. Өндірісте жыл сайын 700 мың адам жарақат алады, оның 15 мыңы қайтыс болады.

Сондай-ақ, жолда жүру кезінде 1990 жылы ТМД-да 63 мың адам қайтыс болып, 360 мың адам жарапанған.

Орттің салдарынан жыл сайын 10 мың адам қайтыс болады. 1990 жылы қайғылы оқигалардың әсерінен 491 мың теңге зиян келген болса, ерттен 2 млн. теңгеден аса шығын болды.

Халық шаруашылығының басқа салаларына қарағанда АӘК саласында жарақаттану 1,4 есе жоғары, жыл сайын онда 300 мың адам жарақаттанып, оның 5 мыңы қазаға үшірайды. Оның 65-70 пайызы енбектің нашар үйімдастырылуынан, 15-20 пайызы инструктаж беру мен оқытуудың сапасыздығынан, 20-25 пайызы түрлі техникалық себептерден болады (НИИ информагротех, Аналитический обзор, 1990).

Қазір ТМД-да 7 миллиондай мүгедек бар, олардың әрбір бесіншісі өндірістегі оқигалардан болған. Жыл сайын 30 мың адам өндірістен мүгедектік алса, 11 мың адам көсіби науқасқа шалдығады.

Ғалымдардың айтуынша, біздің елде басқа өркендерен елдерге қарағанда, қайғылы оқигалардың салдарынан адам өлімі көрсеткіші жоғары. Ал онымен тікелей айналысып отырған адам жоқ. Қазіргі майда қожалықтар, кіші көсіпорындар, кооперативтер құрылыш жатқанда, республикада жекешелендіру үдерісі жүріп жатқанда, онымен айналысу өте қыын.

Сондықтан ғылыми-техникалық прогресс жағдайында еңбек қорғау талаптарының орындалуы оны терең талдап, анықтап отыруды талап етеді. Осы мақсатта Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында 350 ғылыми-зерттеу институттары, құрылымдық-жобалау мекемелері мен жоғары оқу орындары жұмыс істеуде.

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі дегеніміз – еңбек ұдерісінде адамның денсаулығы мен еңбекке қабілетін сақтауга және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған стандарттардың жиынтығы.

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі мемлекеттік, аймақтық, салалық және кәсіпорындық болып белінеді.

Мемлекеттік стандарт – өндірістік қауіпті және зиянды факторлардың түрін көрсетіп, оның жоғарғы және төменгі мәлшерін шектейді және оған бақылау жасаудың әдістерін көрсетеді.

Ал кәсіпорындық стандарт – сол мекеме жағдайында еңбек қауіпсіздігіне шек қойып, жарақаттанудың себебін анықтауды, арнайы қорғану құралдарын жұмысшыларға беру мен оны есептен шыгаруды мәлшерлеп шектейді.

Стандарттарды енгізу мен оның орындалуына бақылауды мемлекеттік стандарт органдары, кәсіподакташының инспекторларымен және де басқа мемлекеттік бақылау инспекцияларымен бірлесе отырып жасайды.

Мемлекеттік стандартқа сәйкес еңбекті қорғаудың атаулары мен анықтамалары болады. Олардың негізгілері – еңбек қауіпсіздігі, қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, әргономика, өндірістік эстетика.

Еңбек қауіпсіздігі – еңбек жағдайының жұмысшыға қауіпті және зиянды әсер ететін өндірістік факторларды бодырмайтын ахуалы.

Қауіпті өндірістік фактор деп еңбекшіге әсерінен оның жарақаттануына әкеліп соқтыратын өндірістік факторды айтады.

Зиянды өндірістік фактор деп еңбекшінің ағзасына әсерінен оның кәсіби науқасқа шалдығуына әкеліп соқтыратын өндірістік факторды айтады.

Әргономика – «адам-машина-коршаған орта» жүйесін зерттейтін ғылым. Оған тракторлар мен комбайндардың орындықтары мен басқару органдарының жүргізуінде ыңғайлы, залалсыз, шаршатпайтындей етіп орналастырылуы жатады.

Өндірістік эстетика дегеніміз физиологтар мен гигиенист-психологтардың талаптарын қанағаттандыратын өндірістік жағдай жасау болып табылады. Оған жұмысшыларды таза да ыңғайлы арнайы күйдермен қамтамасыз ету, жұмыс орнының тазалығы, бөлменің тартымды түстегі әрмен боялуы, жұмыс орнының көгалданырылуы, т.с.с. жұмыстар жатады.

1-ТАРАУ

ЕҢБЕК ҚОРҒАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Еңбек жағдайын қалыптастыруға әсер ететін факторлар.

Зиянды және қауіпті факторлардың жіктелуі

Адам еңбек ету кезінде түрлі еңбек құралдарымен, машиналармен, сондай-ақ басқа адамдармен қатынаста болады. Сондай-ақ, жұмыс кезінде адамға ауаның температурасы, ылғалдылығы, шу, діріл, жарық, т.б. түрлі өндірістік жағдайлар да әсер етеді. Осының барлығы белгілі бір өндірістік жағдайды қалыптастырады және адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеті, жұмысының өнімділігі осы жағдайларға байланысты болады. Егер осы жағдайлар нашар үйимдастырылған болса, ол еңбеккердің жарақаттануы мен науқастануына басты себеп болады.

Сонымен, еңбек жағдайы дегеніміз – еңбек ету кезінде адамның денсаулығы мен еңбекке қабілетіне әсер ететін өндірістік факторлардың жиынтығы.

Ал өндірістік факторлардың өзі үш топқа бөлінеді:

1. Өлеуметтік-экономикалық факторлар.

Оған жататындар:

– нормативтік-құқықтық факторлар, яғни еңбек туралы заңдар, ережелер, нормалар, стандарттар және олардың орындалуын бақылаудың тәжірибелері;

– өлеуметтік-психологиялық факторлар, яғни жұмысшының еңбекке ынталасы, ұжым мүшелерінің өзара қатынасы, ұжымда қалыптасқан жағдай, т.с.с.;

– қоғамдық-саяси факторлар, яғни еңбек жағдайын жақсарту жолындағы қоғамдық қозғалыстар, жаңашылдық, т.б.;

– экономикалық факторлар, яғни түрлі жеңілдіктер мен өтемақылар, моральдық және материалдық ынталандырулар, т.с.с.

2. Техникалық және үйымдастыру факторлары, яғни еңбек жағдайының материалдық-заттай элементтерін қалыптастыруға тікелей әсер ететін факторлар.

Оған жататындар: еңбек қуралдары, өндірісті үйымдастыру шаралары, еңбек пен демалыстың режимі, т.с.с.

3. Табиғи факторлар, яғни еңбек ететін жердің ауа райының, жер қыртысы мен суларының, осімдіктерінің, тағы басқа ерекшеліктерінің жұмысшыға әсерін білдіретін факторлар.

Егер жоғарыда аталған факторлар еңбекшінің жаракат алуына немесе деңсаулығының кенеттен шұғыл төмендеуіне әкеліп соқса, онда ол факторлар қауіпті өндірістік факторлар деп аталады.

Ал, егер ол факторлар еңбекшінің науқастануына немесе жұмысқа қабілетінің төмендеуіне әкеліп соқса, онда ол факторлар зиянды өндірістік факторлар болып есептеледі.

Аса қауіпті (апаттық) жағдай деп өндірісте жазатайым оқиғаны тудыратын төтенше жағдайды айтады. Еңбекшінің жарақаттануына әкеліп соқтыратын жағдайлар жұмысшының өзінің немесе жанындағы адамның қимылышының дұрыс болмауынан, машиналар мен басқа да техникалардың істен шығуынан немесе еңбекті үйымдастыру тәртібінің бұзылуынан болады. Өндірістік жоғары мәдениеті орнықан жұмыс орындарында, өндірістік және технологиялық тәртіп жоғары үйымдастырылған орындарда, техниканы пайдалану ережелері бұлжытпай орындалатын жерлерде жарақаттану сирек кездеседі, кездескен жағдайда жұмысшының өз кінөсінен болады.

Әдетте, сыртқы жағымсыз жағдайлар, яғни жоғары немесе ете төмен температура, ауаның ылғалдылығы мен

қозғалу жылдамдығы көбіне төтеннен және жедел өзгеріп түрады. Сондықтан жұмыс орнында ауаның құрамындағы зиянды заттардың шекті мөлшері бірнеше принциптер ескерліп мөлшерленеді.

Ол принциптердің негізгісі еңбекшінің зиянды заттармен қатынаста болмайтын жағдайын жасау болып табылады.

Зиянды заттар төрт топқа бөлінеді:

1. Аса қауіпті зиянды заттар, шекті мөлшері $0,01 \text{ мг}/\text{м}^3$ -ге дейін;

2. Қауіптілігі жоғары зиянды заттар, шекті мөлшері $0,1 \text{ мг}/\text{м}^3$ -ге дейін;

3. Қауіптілігі орташа зиянды заттар, $10 \text{ мг}/\text{м}^3$ -ге дейін;

4. Қауіптілігі төмен зиянды заттар, $10 \text{ мг}/\text{м}^3$ -ден жоғары болуы мүмкін.

Еңбектің қауіпті және зиянды жағдайларын тудыратын факторлардың өзі төрт топқа бөлінеді:

1. Физикалық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Оған жататындар: қозғалыстағы машинадар мен механизмдер, станоктар мен стендтер, жұмыс орнының шаңдануы мен газдануы, температуралық режим, шу, діріл, қысым, ылғалдылық, жарық, т.с.с.

2. Химиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Оған жататындар: денені уландырыш, қоздырыш, түршіктіргіш, жүрек айнытатын заттар, ойлау, ескеру мүшелерінің қызметіне әсер ететін факторлар.

3. Биологиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Оған жататындар: бактериялар, вирустар, денедегі микроагзаны қоздыратын факторлар, сондай-ақ есімдіктер мен жануарлардың денсаулыққа, жүйке жүйесіне әсері.

4. Психикалық-физиологиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторлар. Оған жататындар: жүйкеге шамадан тыс күш түсіретін, ойлау мүшелерін зорықтыратын факторлар мен еңбектің бірқалыптылығы, қызбалық, еңбекшінің тез әсерленушілік қасиеті.

Осы аталған қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың өсерінен еңбекші жаракат алуы немесе көсіби наукасқа шалдығу мүмкін. Оған қоса, ол мекемеге көп теген материалдық шығын келтіреді. Мысалы, осы себептерден, тек қана ауыл шаруашылығында жыл сайын 3,5 млн. жұмыс күні жоғалады және емдеу парагына сәйкес 400 мың теңге қаржы төленеді. Оған қоса, әр адамның емханада жатып емделуіне күніне 126-128 теңге жұмсалса, жаракаттанған адамды емдеуге одан да көп қаржы шығындалады.

Демек, еңбек қорғауға, яғни қауіпсіздік техникасы мен өндірістік тазалықты сақтауға жұмсалатын шығын езін-еzi ақтай алады. Сондықтан да біздін елімізде жыл сайын бұл мақсатта миллиондаған теңге қаржы жұмсалады. Тек қана оны тиімді етіп, жаракаттану мен наукасқа шалдығу кебірек кездесетін ауыр жұмыстарда пайдаланған жән. Сондай-ақ, зиянды және қауіпті факторларды болдырмаудың шараларын алдын ала қарастырып отыру қажет. Ол үшін сол факторлардың болу себептерін жүйелі турде талдау, қорытып отыру керек.

1.2. Зиянды және қауіпті факторларды талдау

Өндірісте жаракаттанудың себептерін талдаудың төрт әдісі пайдаланылады. Олар:

- статистикалық әдіс;
- монографиялық әдіс;
- экономикалық әдіс;
- эргономикалық әдіс.

1. Статистикалық әдіс бойынша кәсіпорында немесе оның кез келген бөлімшесінде болып жатқан жаракаттанулардың бірнеше жыл ішіндегі есебіне сүйеніп талдау жасалады.

Бұл әдіс бойынша әрбір участкеде немесе жұмыс орнында бірнеше жыл ішінде болған жаракаттанулардың саны кестеге немесе диаграммаға түсіріледі. Сол арқылы жұмыс орнында жаракаттанудың қандай түрі көп

орын алғандығы анықталады да, оны келешекте болдыр-маудың шаралары қарастырылады.

2. Монографиялық әдіс бойынша зиянды және қауіпті факторлардың жекелеген станоктарда, машиналарда, технологиялық үдерісте, яғни учаскеде орын алудына себеп болатын жағдайларға талдау жасалады. Демек, бұл әдіс арқылы жарақаттану мен науқасқа шалдығудың болуы мүмкін екендігі алдын ала анықталады.

3. Экономикалық әдіс бойынша жарақаттанудың себебі емес, экономикалық зияны есептеледі. Ол сол көсіпорында еңбек қорғау шараларын енгізуіндегі экономикалық тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

4. Эргономикалық әдіс бойынша адам-машина-өндірістік орта жүйесі кешенді түрде зерттеледі.

Бұл әдіс мунай, газ өндіретін өнеркәсіпте пайдаланылған. Онда қайғылы оқиғалардың себептері төмендегідей факторларға сәйкес зерттелген:

- зардап шегушінің жеке басының ерекшеліктері (мінезі, жасы, денсаулығы, күші, ойлау қабілеті, үйқышылдығы, есту және көру мүшелерінің жұмысы, аңғарымдылығы, шалттығы, білімі, дайындығы, т.с.с.);

- жұмыс орнының санитарлық-гигиеналық жағдайы;

- жұмыстың ауқымы, көлемі, ауырлығы, психикалық-физиологиялық жағдайы, мазмұны, т.с.с.;

- «адам-машина-қоршаган орта» жүйесінің түрі және оның атқаратын қызметі;

- еңбектің қарапайым талаптарының орындалуы, т.с.с.

Қысқасы, онда 250 түрлі эргономикалық көрсеткіштер зерттелген және оған қоса зардап шегушінің өзінің қайғылы оқиғаға душар болуының себептері жайлы пікірі еске алынған.

Корытындысында қайғылы оқиғалардың 80 пайызы жұмысшылардың өз кінәсінен, 10 пайызы олардың сол жұмысқа дайындығының төмендігінен, ал қалған 10 пайызы жұмыс үдерісіндегі жағдайдың жетімсіздігінен болып шықты.

Демек, еңбек қорғау шаралары осы себептерді ескере отырып жасалуы тиіс.

Еңбек қорғау шараларының негізгі мақсаты – оның әлеуметтік және экономикалық тиімділігіне жету.

Еңбек қорғаудың әлеуметтік тиімділігі дегеніміз – еңбекшілердің деңсаулығын жақсарту, жұмысқа қабілеттің арттыру, еңбек етуге ынталандыру, қысқасы, еңбекті адамның бірінші кезектегі қажетіне айналдыру болып табылады.

Еңбек қорғаудың экономикалық тиімділігі дегеніміз – шығынды аз жұмсал, еңбек қорғау мақсатында атқарылған жұмыстардың есебінен көп пайда керу.

Өндірісте еңбек қорғау шараларының экономикалық тиімділігін анықтау үшін төмендегідей екі түрлі есеп жасалуы тиіс.

1. Өндірісте болған қайғылы оқигалардың, жарақаттанудың, көсіби науқастанудың, жұмысшының жұмыс өзгертуінің, т.с.с. жағдайсыз оқигалардың жалпы келтірген экономикалық зияны есептелуі тиіс. Оған мекеменің, көсіподан үйымының және емдеу мекемесінің шығындары кіреді.

2. Еңбек жағдайын жақсарту үшін жасалған шаралардың экономикалық тиімділігі есептелуі қажет. Еңбек қорғау шараларының экономикалық тиімділігін мына формуламен анықтауға болады:

$$\mathcal{E}_K = P - (C + E_H \cdot K) \quad (1)$$

мұндағы P – жылдық экономикалық қорытынды, (тенге есебімен), еңбек жағдайын жақсарту есебінен алынған табыс;

C – еңбек жағдайын жақсарту мақсатына жұмсалған жылдық шығын (тенге есебімен);

E_H – еңбек қорғауга бөлінген күрделі қаржының тиімділік коэффициенті;

K – еңбек жағдайын жақсартуға бөлінген күрделі қаржы.

1.3. Еңбек жағдайының жіктелуі

Еңбек жағдайын жақсарту жұмыстарының тиімділігі сол жұмыс орнында еңбек етудің ауыр немесе жеңілдігіне де байланысты болады. Мемлекеттік стандарт бойынша жұмысты ауырлығына қарай төмендегідей санаттарға бөледі:

I санат – жеңіл жұмыстар, яғни жүк көтеру мен дene күші жұмсалмайтын жұмыстар (172 ватқа дейін адам энергиясы жұмсалады);

II санат – ауырлығы орта жұмыстар, яғни жүк көтеруді талап етпейтін, бірақ дene қозғалысын қажет ететін жұмыстар (172-ден 232 ватқа дейін энергия жұмсалады);

III санат – ауырлығы орта жұмыстар, яғни ауырлығы 10 килограмға дейінгі жүк көтеріп, жүріп жасалатын жұмыстар (232-ден 293 ватқа дейін энергия жұмсалады);

IV санат – ауыр жұмыстар, яғни 10 килограмнан жоғары салмақтағы жүктөрді көтеріп, унемі дененің қимылды мен күшін қажет ететін жұмыстар (293 ваттан жоғары энергия жұмсалады).

1.4. Еңбек қауіпсіздігіне еңбек ұжымының ықпалы

Бір мекемеде қызмет істейтін адамдар еңбек ұжымын құрайды. Олар еңбек үдерісі кезінде жеңе жұмыстан бос кездерінде бір-бірімен, тіпті өзге адамдармен қарым-қатынаста болады. Адамдардың осындай өзара қарым-қатынастарының жайы да еңбек қауіпсіздігіне әсер етеді.

Өзара тілектестік пен мейірімділік органдар, алауыздығы жоқ еңбек ұжымының еңбек қауіпсіздігіне оң әсері болады. Еңбекшілерді жасына, жынысына, дайындығы мен тәжірибесіне қарай айырып бөлудің өзі еңбек жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Ұжым мүшелері еңбек тәртібі мен технологиялық талаптарды саналы түрде қолдан, өндірістік тапсырмаларды орындауға ын-

талы болуы және еңбек қорғаудың талаптарын орындауға мүдделі болуы қажет.

Ұжым мүшелерінің мінез-құлқына басшылар мен ма-
мандардың тәртібі де өсеп етеді. Сондықтан олар үнемі
тертіпті, ұқыпты, сергек болып, еңбек қорғаудың талап-
тарын орындауда қатардағы жұмысшыларға үлгі көр-
сетуі тиіс.

Қысқасы, өндірісте жаракаттануды болдырмау үшін
жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз жағдайын жасаумен
қатар, еңбекшілердің тиісті мінез-құлқы мен жүріс-
турысын қалыптастыру қажет.

Еңбек ұжымдарын және көсіпорындарды, мекеме-
лерді, ұйымдарды басқаруда олардың рөлін арттыру ту-
ралы заңда еңбек қорғау мен еңбек жағдайын жақсарту
саласында еңбек ұжымдарына тәмендегідей өкілет-
тіктер берілген:

– еңбек жағдайын жақсартудың, еңбек қорғаудың
және санитарлық-емдеу шараларының жоспарларын
талқылау, мақұлдау және оның орындалуын қадағалау;

– техникалық қайта жабдықтау, өндірісті жаракат-
тандыру мен автоматтандыру, өндірістің мәдениетін арт-
тыру, қолмен жасалатын ауыр жұмыстарды қысқарту
бағыттарындағы өздерінің ұсыныстарын енгізіп, оның
іске асырылуына белсене қатысу;

– әйелдердің еңбек етуі мен тұрмыстық жағдайын
жақсарту, ана мен баланы сақтау шараларын жасау және
оны іске асыру;

– мекемеде еңбек қорғау ережелері мен нұсқаулары-
ның орындалуын, еңбек қорғау жұмыстарына бөлінген
қаржылардың дұрыс пайдаланылуын бақылау;

– әлеуметтік қамсыздандыру қаржыларын пайдала-
ну мәселелерін талқылау және өздерінің ұсыныстарын
енгізіп отыру;

– қоршаған ортанды қорғау мәселелеріне өз ұсыныста-
рын енгізіп, оны жузеге асыруға қатысу;

– еңбек қорғау ережелері мен қоршаған ортанды қорғау
зандылықтарының бұзылуына кінәлі адамдарды жауапқа
тарту жөнінде мәселелер қойып отыру.

1.5. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастану

Қауіпті өндірістік факторлардың өсерінен жұмысшының кездейсоқ оқиғага үшырауы өндірісте болған қайғылы оқиға деп аталады.

Егер жұмысшы жұмыс кезінде өзінің қауіпсіздік талаптарын сақтамауынан жарақат алса, ол өндірістік жарақаттану деп аталады. Өндірістік жарақаттануға, сондай-ақ, жұмысшының сол мекеменің көлігімен жұмысқа барап жолда, яки қайтарда алған жарақаттары да жатады.

Ал жұмысшының мас болуы, үрлік жасауы кезінде, болмаса әкімшіліктің рұқсатынсыз жеке басының қажетін өтеу кезінде алған жарақаты өндірістік жарақаттануға жатпайды.

Қоғамдық тапсырмаларды орындау кезінде, адамдарды құтқару кезінде және жұмысқа бару немесе жұмыстан қайтуда жаяу яки жалпы көлікпен жүрген кезінде алған жарақат жұмысқа байланысты деп есептеледі.

Жұмыстан бос уақытта алған жарақаттар тұрмыстық жарақат болады. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ендекшілеріне механикалық (соғып алу, жаралап алу, сынық, буыны шығу, жарақаттану) және электрлік (кую, көздің закымдануы, терінің металдануы, электр соққысы) жарақаттар тән болады.

Денені жаралап алу, соғып алу затты өндеу кезінде құрал-жабдықтарды абайламай қолданудан, жарамсыз аспаптарды пайдаланудан, балғаның басының сабынан шығып кетуінен, ауыр аспаптың немесе өндөліп жатқан заттың жерге түсіп кетуінен, аспаптың қолдан шығып кетуінен, қатар үйілген заттардың арасынан өтетін жолдың енсіздігінен немесе адамдардың жүріп бара жатқанда сурініп құлауынан болады.

Қолдың саусақтары мен аяқтың басының сынуы ауыр заттың биіктен құлап түсуінен болады. Сүйектің аса ауыр сынықтары (жамбастың, санның, жіліншіктің, білектің, бұғананың, омыртқаның, бел омыртқаның, бас сүйегінің) адамның биіктен құлауынан, көлік апатынан болады.

Дененің, өсіреке қолдың жиңі жарақаттануы металл өндайтін станоктардың жарамсыз жабдықтарын пайдаланудан, металл шикізаттардың өткір қырынан, кескіш аспаптарды қауіпсіз пайдаланбаудан, металды шапқанда ұшатын металл кесектерінен, металды станокта өндегендегі үгінділерден болады.

Кез зақымданғанда, кезге бөтен заттар түскенде, қабактың терісін кесіп кеткенде, тері сыйдырылғанда, т.с.с. кездің жарақаттары аса қауіпті болып саналады. Кездің жарақаттануы, көбінесе, жұмыс кезінде қорғану көзәйнектерін кимеуден болады.

Механикалық жарақаттанудың ерекшетүрі – қолдың терісінің жарылуы, тітіркеніп ісінуі. Ол электрлік машиналардың орамдарының арасын құрамында шыны талшықтары бар материалдармен оқшаулау кезінде, жанар-жағармайларды пайдалануда, тұзды сумен жуынғанда, тіпті ауа райының қолайсыз жағдайларында орын алады. Осының әсерінен адамдар тері ауруына шалдығуы мүмкін.

Күйіктің химиялық және ыстықтық түрлері болады.

Кол мен беттің химиялық күйігі қышқылдар мен сілтілердің ерітінділерін, әр түрлі еріткіштерді, эпоксидті желімнің қатырғыштарын абайламай пайдаланудан, оларды бір ыдыстан екінші ыдысқа құйғанда, қақпағы ашық ыдыстарды қозғағанда шашырауынан немесе ыдыстары зақымданғанда төгілуінен болады.

Химиялық күйіктер өте ауыр болады. Сондықтан ондай жағдайда жедел дәрігерлік жәрдем көрсетілуі тиіс. Өсіреке, мұндай агрессивті сұйықтар түскен кездің күйігі аса қауіпті болады.

Істықтың әсерінен болатын күйіктер материалды балқытып пайдаланатын өндістерде, металды пісіру мен балқыту орындарында, термиялық өндайтін өндіріс орындарында көп кездеседі. Мұндай күйіктер қызып тұрған затқа тіkelей жанасудан да немесе қызудан шығатын сәуле энергиясының дененің қорғалмаған жерлеріне (кол мен бетке) әсерінен де болуы мүмкін. Өсіреке, электрлік догадан тарайтын ультракүлгін сәулелер-

дің көзге өсері өте қауіпті болады. Мұндай кезде көздің шырышты қабығы электроофтальмия ауруына шалдырады.

Өндірісте адамдардың электр тогының өсерінен алған жаракаты кептеп кездеседі.

Адам электр тогына түскенде оның терісінің және көзінің күюі, дене түршіккен кезде еріксіз қозгалудың немесе биіктен құлаудың өсерінен жаракат алуы және электр соққысының өсерінен жалпы электрлік жаракат алуы мүмкін. Электр соққысы адамның жүйкесін зақымдайды, бұлшық еттерінің құрысып-тырысуына, тіпті есінен тануына әкеліп соқтырады. Электр жаракатының ауыр түрлері жүректің қызметін және тыныс алу мүшелерінің жұмысын бұзады. Осының өсерінен адам клиникалық қазаға ұшырауы мүмкін.

Зиянды еңбек жағдайының өсерінен пайда болған науқас және өндірістің қолайсыз жағдайларының ұзак уақыт өсерінен еңбекшінің денсаулығының бұзылуды көсіби науқастану деп аталады.

Кесіптік улану көсіби науқастанудың ерекше түрі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау министрлігі көсіби науқасқа жататын аурулардың тізімін бекіткен. Бұл тізімде ауруды тудыратын зиянкестердің және ондай аурулар көп кездесетін кесіптер мен өндірістердің тізімі берілген. Мысалы:

1. Пневмокониоздар (тыныс алу мүшелерінің ауруы), ұзақ уақыт құрамында кремний тотығы бар шаш жұтудан, металды электр доғасымен пісіру кезінде шығатын зиянды тутіндерден, көмірдің, слюданың, т.б. шандардың өсерінен пайда болады. Мұндай аурулар құммен немесе таспен атып өндеу, қалыпқа күю, диқаншылық, электрмен және газбен пісіру жұмыстарына тән болады.

2. Тербелмелі аурулар денеге дірілдің өсерінен пайда болады. Бұл ауру үнемі пневматикалық және электрлік аспаптармен жұмыс жасайтындарға тән болады.

3. Қолдың терісінің қатты және созылмалы ауруы (дерматит, бортпе) металды термиялық өндеу жұмыста-

рына, хромдаушылар мен металға химиялық жолмен ойып өрнек жасаушыларға тән болады.

4. Катаракта – көздің мәлдір қабығының ауруы. Ол сөүле энергиясының әсерінен пайда болады. Бұл ауру металды пісіру, термиялық өндіру, шыныдан турлі бұйымдарды үрлеп жасайтын жұмыстарға тән болады.

5. Электр-офтальмия – көздің шырышты және мәлдір қабығының ультракүлгін сөулелердің әсерінен ауруы. Бұл ауру металды электрмен пісірушілерге, электр доғасымен жұмыс жасайтын пештердің операторларына тән болады.

Енді оны болдырмаудың жолдары қандай?

1. Жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз жағдайын жасау;

2. Барлық жұмысқа қатысушылардың тиісті тәртібін қамтамасыз ету, яғни:

– өндіріс мәдениетін арттыру және жұмысшылардың өндірістік шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру;

– өндірістің салаларына жарақтандыру, автоматтандыру, қашықтан басқаруды енгізу;

– жұмысқа қабылдау мен жұмысшыны пайдаланудың талаптарын орындау;

– қауіпті жабдықтарды алмастыру;

– еңбекшілерді еңбек қорғау мәселелері бойынша оқытып тұру;

– еңбек заңдылықтарының нормаларын сақтау;

– еңбек қауіпсіздігінің стандарттарын енгізу;

– еңбек қорғау жұмыстарына бақылау жасау;

– өндірістік жарақтатандың себептеріне тиянақты талдау жасап, оны болдырмаудың шараларын іске асыру;

– әрбір жұмыс орнына еңбек қорғаудың нұсқауларын жасап, оның орындалуын үйімдастыру.

Әрбір мекемеде еңбек қорғаудың іс бөлмесі болып, қауіпсіздік техникасы жөнінде бұрыштар үйімдастырылуы тиіс. Жұмыс орындарының тазалығы, жарығы, жылжылышы, микроклиматы сақталуы қажет. Жұмысшылардың арнайы киімдермен, жеке қорғану құралдарымен жұмыс істеуін үнемі қадағалау қажет. Еңбекшілердің дәнсаулығын қорғау мақсатында әлеуметтік сақ-

тандыру жүйесі үйымдастырылады. Ол міндетті сақтандыру және ерікті сақтандыру жолдарымен іске асырылуы мүмкін. Өлеуметтік сақтандыру жүйесінің негізінде еңбекшілердің науқастанған мерзімі, қартайған шағы және еңбек етуге қабілеті жойылған мезгілі материалдық тұрғыда қамтамасыз етіледі. Ол кәсіпорынның және жеке тұлғалардың қамсыздандыру журналары мен мемлекеттік бюджеттің жәрдем қаржысы есебінен жүргізіледі.

1.6. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастанудың салыстырмалы көрсеткіштері

Мекеменің еңбек қорғау талаптарын орындау деңгейін бақылау үшін жарақаттану мен науқастанудың салыстырмалы көрсеткіштері пайдаланылады.

1. 1000 жұмысшыға шаққанда жарақаттанудың (науқастанудың) жиілігінің көрсеткіші:

$$G = g \cdot 1000/N \quad (2)$$

бұл жерде g – жарақаттанудың (науқастанудың) саны;

N – сол уақыт ішінде мекемеде жұмыс істеген адамдардың орташа саны.

2. Жарақаттанудың (науқастанудың) ауырлығының көрсеткіші:

$$A_a = K/\partial \quad (3)$$

бұл жерде K – жарақаттанушылардың (науқастанғандардың) жұмысқа жарамсыз күндерінің жалпы саны;

∂ – жарақаттанудың (науқастанудың) саны (сол мерзім ішінде).

3. Жұмысқа жарамсыздықтың көрсеткіші:

$$\mathcal{K}_x = K \cdot 1000/N \quad (4)$$

4. Жарақаттанудың (науқастанудың) әсерінен мекеменің материалдық зиянының (төңге есебімен) көрсеткіші:

$$Z_M = Z \cdot 1000/N, \quad (5)$$

бұл жерде Z – сол мерзім ішінде мекеменің жарақаттанудан (науқастанудан) көрген зияны, төңге есебімен.

5. Жарақаттанудың (науқастанудың) алдын алу шараларына жұмсалған шығынының көрсеткіші (төңге есебімен):

$$III_a = III \cdot 1000 \quad (6)$$

бұл жерде III – сол мерзім ішінде жарақаттанудың (науқастанудың) алдын алу үшін жұмсалған шығын, төңге есебімен.



1. Еңбек жағдайы деген не?
2. Қауіпті өндірістік факторлар деген не?
3. Зиянды өндірістік факторлар деген не?
4. Қауіпті және зиянды өндірістік факторлар қалай жіктеледі?
5. Физикалық қауіпті және зиянды өндірістік факторларға нелер жатады?
6. Химиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторларға нелер жатады?
7. Биологиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторларға нелер жатады?
8. Психикалық/физиологиялық қауіпті және зиянды өндірістік факторларға нелер жатады?
9. Қауіпті және зиянды өндірістік факторларға талдаудың қандай едістері бар?
10. Еңбек жағдайы қалай жіктеледі?
11. Өндірістік жарақаттану деген не?
12. Көсіби науқастану деген не?
13. Өндірістік жарақаттану мен көсіби науқастануды бодырмаудың қандай жолдары бар?
14. Еңбек жағдайын жақсарту шараларының экономикалық тиімділігін қалай анықтайты?



Реті	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Еңбектің қауіпті жөне зиянды жағдайларын тудыраттың өндірістік факторларды атаңыз	A. Статистикалық, монографиялық, экономикалық, эргономикалық; B. Физикалық, химиялық, биологиялық, психофизиологиялық; C. Женіл жұмыстар, ауырлығы орта жұмыстар, ауыр жұмыстар.
2.	Жұмыстан бос уақытта алған жаракат қалай аталады?	A. Жұмысқа байланысты жаракат; B. Тұрмыстық жаракат; C. Касіби жаракат.
3.	Қоғамдық тапсырмаларды орындау кезінде алған жаракат қалай аталады?	A. Жұмысқа байланысты жаракат; B. Тұрмыстық жаракат; C. Касіби жаракат.
4.	Жұмышының сол мекеменің колігімен жұмысқа барада жолда немесе қайтира алған жаракаты қалай аталады?	A. Өндірістік жаракат; B. Жұмысқа байланысты жаракат; C. Тұрмыстық жаракат.
5.	Еңбек жағдайын жақсарту шараларының жылдық экономикалық тиімділігін жөне оған бөлінген күрделі қаржының өтелу мерзімін анықтау жұмысын 8-тараудағы үлгіге сәйкес орындаңыз.	A. 9 жыл; B. 10,5 жыл; C. 12,5 жыл.



Еңбек жағдайын жақсарту шараларының жылдық экономикалық тиімділігін жөне оған бөлінген күрделі қаржының өтелу мерзімін анықтау жұмысын 8-тараудағы үлгіге сәйкес орындаңыз.

2-ТАРАУ

ЕҢБЕК ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ

2.1. Еңбек қорғау мәселелері жайлы мемлекеттік занды актілер

Еңбек қорғаудың зандылықтарына Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен басқа да мемлекеттік актілері, республика Министрлер кабинетінің, көсіп-одактарының орталық кеңесінің зандылық актілері және көсіподақ үйымымен келісілген министрліктердің нұсқаулары мен ережелері, сондай-ақ ішкі тәртіп ережесінде көрсетілген еңбек қорғаудың нормалары жатады.

Еңбек қорғау мәселелері Қазақстан Республикасы Конституциясында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде, көсіпорының еңбек қорғау қызметі тура-лы ережесінде айқындалған.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабында өркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қоргалуға құқығы бар деп тұжырымдалған. Осы тұжырым басшылыққа алынып, 2007 жылғы 15 ма-мырда қабылданған Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде қоғам мен мемлекет мүддесі үшін үйымдастырылған еңбек қызметінің кез келген түріне қатысуышылар еффекті қорғауга құқылы деп атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 6 бөлімнен, 40 тараудан, 341 баптан тұрады. Кодекстің бірінші бөлімі жалпы ережелерді қамтиды, оның ішінде осы

Кодексте пайдаланылатын негізгі ұйымдар, Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының мақсаты мен принциптері, қолданылу аясы, мемлекеттік органдардың еңбек қатынастарын реттеу саласындағы құзіреті, еңбек қатынастары субъектілерінің құқықтары мен міндеттері белгіленген. Осы Кодекстің 9-бабында оның күші жұмыс берушілерге, оның ішінде мұлкінің меншік иелері, қатысуышылары немесе акционерлері шетелдік жеке немесе занды тұлғалар болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ұйымдарға қолданылады делинген.

Көсіпорындар, оның ішінде жекелеген жалдаушылар мен еңбек қатынасында тұратын барлық қызметкерлер, кооператив мүшелері, өндірістік практикан және өндірістік оқудан өтуші жогары оқу орындарының студенттері мен арнаулы орта оқу орындарының және жалпы білім беретін мектептердің оқушылары, әскери қызмет атқаруға қатысы жоқ жұмысқа тартылған әскери қызметшілер, үкімнің орындалуын бақылайтын органдар белгілейтін көсіпорындарындағы жұмыс кезінде сот үкімі мен жаза өтеп жатқан адамдар, сондай-ақ қоғам мен мемлекет мүддесі үшін ұйымдастырылған еңбек қызметінің кез келген түріне қатысуышылар еңбекті қорғауға құқылы.

Кодекстің екінші бөлімі еңбек қатынастарына, яғни еңбек шартын жасасу, еңбек тәртібін қамтамасыз ету, жұмыс және тынығу уақыттары, еңбекке ақы төлеу, маマンдарды көсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстары, жұмысқа орналастыру, кепілдіктер мен өтемақы төлемдері, еңбек шарты тараптарының материалдық жауапкершілігі және жеке еңбек даулатын қарau мәселелеріне арналған.

Осы Кодекстің 24-бабында «Еңбек шарты бойынша қызметкер сыйақы үшін тиісті біліктілігі бойынша жұмысты (еңбек функциясын) атқарады және еңбек тәртіптемесін сактайтын», ал жұмыс беруші еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді, қызметкерге Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында, еңбек шартында,

ұжымдық шартта, тараптардың келісімінде көзделген жалақыны уақтылы және толық көлемінде төлейді және езге де төлемдерді жүзеге асырады» делінген.

Көсіпорындардың қызметкерлеріне меншік иесі есебінен еңбек жағдайларына байланысты мемлекеттік басқару органдары белгілеген нормадан кем түспейтін және ұжымдық шарт негізінде арнаулы киім, аяқиім және басқа да жеке қорғану құралдары, жуу және дезинфекциялау материалдары, сұт, емдеу – алдын алу та- мағы беріледі.

Кодекстің үшінші белімінде қызметкерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері, атап айтқанда, жасеспірімдер мен әйелдердің еңбегін реттеу, ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда, вахталық әдіспен немесе үйде жұмыс істейтін қызметкерлердің, мүгедектердің және шағын көсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің еңбегін реттеу ерекшеліктері сарапланған.

Кодекстің 16, 17-тaraулары әйелдер мен он сегіз жасқа толмаған адамдардың еңбегін қорғауға арналған. Осы санаттағы адамдардың еңбегін зиянды және қауіпті еңбек жағдайы бар жұмыстарға, ауыр жүк көтеру, оны қолмен тасуға байланысты жұмыстарға пайдалануға заңда белгіленген тәртіппен шек қойылады.

Әйелдер мен он сегіз жасқа толмаған адамдардың ауыр жүкті көтеруі мен қолмен тасуына байланысты жұмыстарда өкімшілік жүктерді тасу үшін механикаландыру мен автоматтандыру құралдарын, басқа да жабдықтарды көздеуге міндettі. Егер ауыр жүкті көтеру мен түсіру кезінде жүк зиян келтіретін жағдайда қолмен тасу тоқтатылуға тиіс. Ауыр жүкті қолмен көтеру мен тасуға байланысты жұмыстарға екіқабат әйелдердің еңбегін қолдануға тыйым салынады. Екіқабат әйелдер медициналық қорытындыға сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен өндірістің қауіпті және зиянды факторлары әсерін болдырмайтын басқа женілірек жұмысқа ауыстырылады.

Мүгедек қызметкерлердің еңбек жағдайына байланысты Кодекстің 223-бабында, «Еңбекті нормалау,

еңбекке ақы төлеу және еңбекті қорғау жағдайлары, жұмыс режимі, көсіптерді қоса атқару тәртібі, техникалық, санитарлық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар, сондай-ақ тараптар келісімі бойынша еңбек шартының, ұжымдық шарттың өзге де жағдайлары басқа қызметкерлермен салыстырғанда мүгедек қызметкерлердің жағдайларын нашарлата немесе құқықтарын шектей алмайды» дедінген. I және II топтағы мүгедек қызметкерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын ұзактығы қысқартылған жұмыс уақыты белгіленеді және оларға ұжымдық шартта белгіленген қосымша женілдіктер берілуі мүмкін.

Кодекстең тәртінші бөлімінде еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік пен ұжымдық қатынастарды үйимдастыру мен өзара келісімдер жасасу тәртібі, ұжымдық шарттың мазмұны және ұжымдық еңбек дауларын қараудың тәртібі белгіленген.

Кодексте әлеуметтік әріптестік республикалық деңгейде, салалық деңгейде, өңірлік деңгейде және үйим деңгейінде үйимдастырылуы мүмкін. Әлеуметтік әріптестіктің тараптары болып тиісті атқарушы органдар атынан мемлекет, белгіленген тәртіппен үәкілдегі бөрлігендегі өз өкілдері атынан қызметкерлер мен жұмыс берушілер саналады. Келісімдер Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, мүлкінің меншік иелері, құрылтайшылары немесе акционерлері шетелдік жеке және занды тұлғалар не шетелдік қатысуы бар үйимдар болып табылатын үйимдарға да қолданылады.

Ұжымдық шартқа еңбекке ақы төлеуді нормалау және индекстеу, жәрдемақылар мен өтемақы төлемдерін төлеу, разрядаралық коэффициенттерді белгілеу, жұмыс уақыты мен демалу уақытының ұзактығы, медициналық сақтандыру кепілдіктері, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қаржыландыру, қоршаған органды қорғау, тиісті саланың разрядаралық коэффициенттерін белгілеу туралы ережелер енгізілуі тиіс.

Кодекстең бесінші бөлімі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауга бағытталған. Онда еңбек қауіпсіздігі

мен еңбекті қорғауға байланысты мемлекеттік саясат, қызметкерлер мен жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды үйымдастырудың талаптары, жазатайым оқиғалар мен езге де зақымдануларды тергеп-тексеру мен есепке алушың жолдары заңдастырылған. Осы бөлімнің 321-бұбында жұмыс орындары орналасқан ғимараттар мен жұмыс жабдықтары олардың функционалдық мақсатына және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарына сай болуы, жұмыс орындарындағы микроклимат, табиги және жасанды жарықтылық, шу мен дірілдің мөлшері белгіленген нормаға сай болуы, қауіпті өндірістік объектилерде жұмыс жүргізу үшін қызметкерлердің жеке қорғану құралдары болуы тиіс деп көрсетілген.

Еңбек шартының (контрактының) шарттары еңбекті қорғау жөніндегі заңдар мен басқа да нормативтік актілердің талаптарына сай келуі тиіс. Азаматтарды денсаулық жағдайына жақпайтын жұмысқа қабылдауға тыйым салынды.

Көсіпорын денсаулық сақтау органдары белгілеген тәртіпке сәйкес медициналық тексерулер өткізуді үйымдастыруға міндетті. Қызметкерлердің медициналық тексерулерден жалтаруға қақысы жоқ, жалтарған кезде олар жұмысқа жіберілмейді.

Көсіпорын өзінің қызметкерлерін өндірістегі жазатайым жағдайдан және көсіби аурулардан қолданылып жүрген заңдарда белгіленген жағдайларда міндетті түрде сақтандырады.

Қызметкерлердің денсаулығына немесе өміріне қауіп тенетін жағдай туған кезде ол жұмысты тоқтатып, дереу бүл туралы өкімшілікке хабарлайды, ал өкімшілік сол жағдай расталса, жұмысты тоқтатуға және осы қауіпті жою жөніндегі шараларды қолдануға міндетті.

Көсіпорының жұмысы еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сай келмегендіктен тоқтатылса, тоқтатылудың барлық кезеңінде қызметкердің орташа жалақысы сақталады.

Қызметкерден көсіби аурудың алғашқы белгілері білінсе, өкімшілік медициналық қорытынды негізінде

оны қайта мамандандыру кезеңінде орташа айлық жа-лақысын сақтай отырып, бірақ он екі айдан асырмай, басқа жұмысқа ауыстыруға тиіс.

Еңбекті қорғау жөніндегі оқудан, нұсқау алу мен білімін тексеруден өтпеген адамдар жұмысқа жіберіл-мейді.

Осы бөлімде еңбекті қорғау жөніндегі заң жөне басқа да нормативтік актілерді бұзғаны үшін жауаптылық мәселелері белгіленген. Олардың бастылары:

- кесіпорын еңбекті қорғау заңының талаптарын қам-тамасыз етпегені үшін заң алдында экономикалық жа-уапкершілікке тартылады;

- қызметкерлермен болған жазатайым жағдай жөне көсіби аурулар нәтижесінде зардал шеккендерге теленетін өтемдік төлемдерге байланысты шығындарды өтейді;

- бұл арада зиян мөлшерін белгілеген тәртіп бойын-ша төрелік сот белгілейді жөне өндіреді.

Еңбекті қорғау жөніндегі заң жөне өзге де нормативтік актілерді бұзғаны үшін кінәлі не қадағалау мен бақы-лауга кедергі келтіруші лауазымды адамдар заңдарда белгіленген тәртіп пен өкімшілік, тәртіптік, материал-дық немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

Кодекстің алтыншы бөлімінде Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақталуын бақылаудың та-лаптары заңдастырылған.

Заңға сәйкес, еңбек заңнамасының сақталуын бақы-лау мен қадағалау мемлекет тарапынан жөне қоғамдық үйымдар тарапынан іске асырылады. Мемлекеттік ба-қылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкі-летті орган жөне оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен бағдарла-маларын өзірлеп, олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді жөне еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғауды мем-лекеттік бақылаудың тәртібін белгілейді. Үйымдарда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының сақта-луын мемлекеттік бақылауды мемлекеттік еңбек ин-

пекторлары жүзеге асырады. Мемлекеттік еңбек инспекторлары Еңбек кодексі белгілеген талаптарының сақтауын бақылайды, өндірістік жарақаттану мен кәсіби науқастанудың себептеріне талдау жасайды, өндірістегі жазатайым оқигаларды тергейді, жаупты басшылар мен адамдардың біліміне тексеру жүргізеді, объектілерді пайдалануға қабылдау жөніндегі комиссияға қатысады және қызметкерлер мен жұмыс берушілердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне байланысты өтініштерін қарайды.

Жұмыс беруші жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі белгіленген талаптарды сақтау және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша жедел шаралар қабылдау мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асырады. Ишкі бақылау еңбек жағдайларының жай-күйін қадағалауды үйімдастыруды, өндірістік бақылаудың деректеріне жедел талдау жүргізуді, тәуекелдерді бағалауды және анықталған сәйкесіздіктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды қамтиды.

Қызметкерлерінің саны 50-ден асатын өндірістік үйімдарда еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын сақтау үшін ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құрады. Ол өз мәртебесі бойынша негізгі өндірістік қызметтерге теңестіріледі.

Қызметкерлерінің саны 50-ге жетпейтін жұмыс беруші қызмет ерекшелігін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мамандық лауазымын енгізеді немесе еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі міндетті басқа маманға жүктейді.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қызметтің немесе маманның еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау талаптарын орындау жөніндегі нұсқауларын үйімның барлық қызметкерлері орындауга міндетті.

Еңбекті қорғау және еңбек жағдайын жақсартуда кәсіподактар үйімы үлкен рөл атқарады. Үйімдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қоғамдық бақылауды үйімның кәсіподак органы таға-

йындаитын, ал ол болмаган кезде қызметкерлердің жалпы жиналысы сайлайтын еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор жүзеге асырады. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор үйымдағы нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын тексереді және тексерудің қорыттындысымен аныкталған заң бұзушылықты жою туралы ұсыныстар енгізеді, өндірісте болған жазатайым оқиғаларды тергеу жөніндегі комиссияның құрамына кіріп, болашақта ондай оқиғаларды болдырмаудың іс-шараларын жасауға қатысады.

Кәсіподактар қызметкерлердің еңбектегі міндеттеріне байланысты мертігуден немесе денсаулыққа өзге зақым келтіруден шеккен зиянның орнын толтыруға құқығын қорғап, қызметкерлердің еңбекті қорғау құқығына қысым жасаудың басқа да жағдайларында талапкерлік арызбен сотқа жүргіне алады.

Кәсіпорынның еңбек қорғау қызметі туралы үлгі ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Еңбек қорғау қызметі кәсіпорынның дербес құрылымдық білімшесі болып табылады және олардың үйимдық-құқықтық түрлері мен меншік түрлеріне қарамастаң, әрбір кәсіпорында құрылады.

1.2. Еңбек қорғау қызметі өз жұмысында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, еңбек қауіпсіздігі және өндірістік ортаның гигиенасы жөніндегі заңдық және нормативтік актілерді, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау департаментінің басқарушы, директивалық, тәсілдемелік, нормативтік-техникалық құжаттарын, мемлекеттік қадағалау органдарының шешімдерін, кәсіпорынның бүйрықтары мен өкімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Еңбек қорғау қызметі өзінің мөртебесі жағынан негізгі өндірістік қызметтермен теңестіріледі, ал бұл қызметтің еңбек қорғау жөніндегі шешімдерін барлық дәрежедегі басшылар мен қызметкерлер міндетті түрде орындауды тиіс.

1.4. Еңбек қорғау қызметінің құрылымы мен адам құрамы осы Ережеде белгіленген міндеттер мен әрекеттерге сәйкес белгіленеді.

1.5. Еңбек қорғау қызметі басшысы болып жоғары білімді, практикалық жұмыс тәжірибесі бар және Еңбек қорғау департаменті бекіткен бағдарлама бойынша ма- мандығын арттырудан өткен маман тағайындалуды тиіс. Ол Еңбек қорғаудың аймақтық басқармасында бел- гіленген тәртіппен аттестациядан өтеді.

1.6. Министрліктер, ведомстволар, бірлестіктер, кон- перндер, холдингтер, кәсіпорындар осы үлгі Ереженің негізінде, өздерінің өндірістік ерекшеліктері мен айырмашылықтарын ескере отырып, еңбек қорғаудың аймақтық басқармасымен келісілген өз ережелерін жасай алады.

1.7. Еңбек қорғау қызметі кәсіпорынның өндірістік қызметі тоқтатылған кезде ғана жойылады.

2. Еңбек қорғау қызметінің міндеттері

Еңбек қорғау қызметінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

2.1. Өндірісте еңбектің қауіпсіз және денсаулыққа зиянсыз болуын қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік-экономикалық, үйымдық-техникалық, санитарлық-ги- гиеналық және емдеу-профилактикалық шаралар кеше- нін жасау және жүзеге асыру.

2.2. Жұмыс істеушілердің Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, еңбек қорғау жөніндегі белгіленген ережелер мен нормалардың, техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулардың, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау органдары мен еңбек қорғау орындары нұсқауларының орындалудына бақылау жасау.

3. Еңбек қорғау қызметінің атқаратын әрекеттері
Көсіпорының Еңбек қорғау қызметі белгіленген міндеттерге сай мүнадай әрекеттерді жүзеге асырады:

3.1. Көсіпорындағы еңбек қорғау басқармасы жүйесінің жасалуын, өндіріске енгізілуін және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

3.2. Еңбектің қауіпсіздігі мәселелеріне қатысты көсіпорының функционалдық және өндірістік бөлімшелерінің жұмысын үйлестіреді және көсіподак үйымдарының еңбек қорғау жөніндегі өкілдерімен, сондай-ақ еңбек қорғаудың аймақтық басқармасының қызметкерлерімен бірлесе әрекет етеді.

3.3. Көсіпорының еңбек қауіпсіздігі тұрақты жұмыс істейтін комиссиясының қызметін үйымдастырады.

3.4. Тиісті бөлімдермен және қызмет түрлерімен бірлесе отырып, еңбек қорғаудың жағдайына бақылау жасауды жүзеге асырады және әр қызметкерді жұмыс орнындағы еңбек жағдайымен және еңбек қорғаудың ахуалы жөніндегі нақты және толық ақпаратпен қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді тиісті дербес қорғаныс құралдары, оларға жасалатын жеңілдіктер мен төлемдер туралы толық хабарлар етеді.

3.5. Жұмыс орындарын еңбек қорғаудың жағдайлары бойынша аттестациядан өткізуі үйымдастырып, оған тікелей басшылық жасайды.

3.6. Өндірістік үдерістер мен жұмыстарды жүргізуін қауіпсіздігін, өндірістік жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыштарды, тұрмыстық қызмет орындарын пайдаланудың техникалық ахуалын және дұрыстығын бақылайды.

3.7. Жұмыс істеушілердің сұтпен, сабынмен, майлы күйені жуып кетіретін және зиянсыздандыратын құралдармен, сапалы, мемлекеттік стандарттарға сай келетін, өндірістің техникалық жағдайлары мен ахуалына сәйкес аяқ киімдермен және басқа дербес қорғаныс құралдары мен қамтамасыз етілуін бақылайды, оларды қабылдаудың, сақтаудың, тазалаудың, жуудың және жөндеудің барысын тексереді.

3.8. Жұмыс істеушілердің жұмыстың қауіпсіз тәсілдерін дер кезінде және терең оқып үйренуін, жұмысшылардың бұл саладағы білімін арттыру мақсатымен нұсқау берілуін және оны қалай меңгергенін тексеруді, нұсқау беру жөніндегі тіркеу журналын дұрыс жүргізуі бақылайды.

3.9. Кәсіпорынның белгілі бөлімдері үшін алдын ала белгіленген стандарттарға, ережелерге және басқа да нормативтік құжаттарға сай еңбек қорғау мәселелері жөніндегі техникалық құжаттардың болуын және оның дұрыс жүргізуін бақылайды.

3.10. Жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің жұмысқа алғаш кірер кездегі нұсқау алуының бағдарламасын жасайды, кәсіпорынға келген қызметкерлерді сол бағдарламамен жете таныстырады.

3.11. Басшылар мен мамандардың білімін тексеру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиясының жұмысын үйымдастырады және оның дұрыс өткізуін қамтамасыз етеді. Комиссияның жұмысына білімі тексеруден өткізілген адамдар да тартылады. Басшылар мен мамандардың білімін тексерудің нәтижелері хаттама арқылы бекітіледі.

3.12. Еңбек қауіпсіздігінің ережелері мен нормалары бұзылған және жұмыс барысында кемшіліктер айқындалған жағдайда оларды жедел жою жөнінде кәсіпорын бөлімшелерінің басшыларына және басқа лауазымды адамдарға жазбаша ескертпе беріледі. Мұндай жазбаша ескертпелер кәсіпорын басшысының (иесінің) өкімі арқылыға өзгертіледі.

3.13. Жұмысты жүргізуін қауіпсіздігі жөніндегі қазіргі қолданылып жүрген нұсқауларды, кәсіпорын стандарттарын (КСТ), ескертпелерді жасайды және қайта қарайды, цехтар мен қызмет түрлерінің бастықтарына белгілі нұсқаулар жүйесін жасауға тәсілдемелік көмек көрсетеді.

3.14. Еңбекті қорғау кабинетінің жұмысын үйымдастырады, оны қажетті оқу және көрнекі құралдармен, оқудың техникалық жабдықтарымен, т.б. қамтамасыз етудің шараларын белгілейді.

3.15. Көсіпорынның бөлімшелерін нормативті құжаттармен, ережелермен, нұсқаулармен, плакаттармен және еңбекті қорғауға қажетті басқа да оқу құралдарымен қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

3.16. Жұмыс істейтін адамдардың барлық тобының Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін оқып-үйренуін, еңбекті қорғау мәселелерін белгіленген тәртіп бойынша байқаулар, конкурстар, лекция оқу, көрмелер үйымдастыру, витриналар мен стендтер жасау ережелерді, нұсқауларды және плакаттарды кеңінен тарату, кино және диафильмдерді көрсету сияқты басқа да шаралар арқылы насиҳаттауды үйымдастырады.

3.17. Тиісті бөлімдермен, қызмет түрлерімен бірге еңбек жағдайларын жақсарту мен сауықтыру жөніндегі шараларды үйымдастырады. Бұл шараларды жинақтайты және оған талдау жасауды үйымдастырады.

3.18. Көсіпорын бөлімшелеріндегі еңбек жағдайларының жалпы ахуалына кем дегенде әр тоқсанда бір рет талдау жасайды, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларының бұзылуы, жұмысты қауіпсіз жүргізуідің нұсқауларын бұзу шараларына талдау жасайды, өткізілген шаралар мен қабылданған шешімдердің тиімділігін талқылайды.

3.19. Ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөлімін өзірлеуді, еңбекті қорғау жөніндегі номенклатуралық шаралардың жүзеге асырылуын қамтамас із етеді.

3.20. Өндірістегі қайғылы жағдайларды, көсіби аурулар мен апаттарды зерттеу ісіне қатысады және олардың есебін жүргізеді. Талдаудың материалдарын облыстығы еңбекті қорғау басқармасында тіркеуден өткізеді. Қайғылы жағдайларға жасалған талдаулардың қорытыныштары бойынша тиісті бөлімшелердің қызметкерлерінен бірге болашақта ондай жағдайларды болдырмаудың алдын алу шараларын белгілейді және ондай шаралардың жүзеге асырылуына бақылау жасайды.

3.21. Цехтардың, бөлімдердің және қызмет түрлерінің басшыларына көсіпорында орын алған қайғылы жағдайлар, сондай-ақ өзге көсіпорындарда кездескен осы тәріздес қайғылы жағдайлар жөнінде хабарлап отырады.

3.22. Өндірістік жабдықтар мен объектілерді қауіп-сіздік қуралдарымен жарақтандыруға бақылау жасайды.

3.23. Қайғылы жағдайлардың алдын алатын және оған тосқауыл жасайтын неғұрлым жетілдірілген құрылғылар мен қондырғыларды жасап, өндіріске ендіруге қатысады, басқа да қорғаныс қуралдарын және бұл шаралардың тиімділігіне талдау жасайды.

3.24. Стандартқа сай емес жабдықтарға, жаңа өндіріс құрылсынына, жекелеген цехтарды, санитарлық-түрмис-тық орындарды қайта құруға, ғимараттарды, құрылғыстарды және технологиялық жабдықтарды күрделі жөндеуден өткізуге жасалған жобалық-техникалық құжаттарды талдауға қатысады.

3.25. Жаңадан салынған және қайта құрылған өндірістік объектілерді, санитарлық-түрмис-тық және қой-малық ғимараттарды, жабдықтарды, сондай-ақ технологиялық үдерістерді қабылданап алған, пайдалануға беру жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады, жаңа техника үлгілерін сыйнаптан өткізуге және өндіріске енгізуге белсене атсалысады.

3.26. Еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі бүйректардың, шешімдердің, нұсқаулардың, өкімдердің жобаларын, тәсілдемелік және жалпы шолулық құжаттарды даярлайды.

3.27. Еңбекті қорғаудың аймақтық басқармасымен, мемлекеттік қадағалаудың жергілікті органдарымен, ғылыми-зерттеу институттарымен және басқа да үйимдармен еңбекті қорғау қызметінің міндетіне кіретін мәселелер бойынша жедел байланыс жасауды жүзеге асырады. Ғылыми-зерттеу және жобалық-құрылымдық үйимдардың еңбекті қорғау саласындағы ұсыныстары мен жаңалықтарын өндіріске енгізуі үйимдастырады және оған бақылау жасайды.

4. Еңбекті қорғау қызметінің құқықтары

Еңбекті қорғау қызметінің мынадай құқықтары бар:

4.1. Кәсіпорынның бөлімшелерінен еңбекті қорғау мәселелері бойынша қажетті материалдарды кедергісіз

алады, еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, техника қауіпсіздігі жөніндегі ережелер мен нормаларды, техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулардың бұзылуына жол берген адамдардан жазбаша түсінік талап ете алады.

4.2. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан белгілі бір жұмысты атқаруға жіберуге болмайтын немесе еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормаларды, қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқауларды қалай болса солай бұзуға жол беретін адамдарды жұмыстан босатуды талап ете алады. Бұл талаптар сөзсіз орындалуға жатады.

4.3. Егер жұмыс істейтін адамдардың өмірі мен деңсаулығына қатер төндіретін немесе апатқа алыш барып соғатын болса, кейбір участекелердегі машиналарды, жабдықтарды пайдалануға және өндірістік жұмысты одан әрі жүргізуге тыйым салады және бұл жөнінде кәсіпорынның басшысына немесе иесіне хабарлайды.

4.4. Кәсіпорынның басшылығымен келісе отырып, басқа бөлімшелердің тиісті мамандарын еңбекті қорғаудың ахуалын тексеруге қатыстыра алады.

4.5. Кәсіпорын басшылығына жекелеген қызметкерлерді еңбектің қолайлы да қауіпсіз жағдайларын жасау жөніндегі белсенді жұмыстары үшін ынталандыру сыйлығын беру жөнінде ұсына алады. Сондай-ақ, еңбекті қорғаудың ережелері мен нормаларын бұзуға, өндірісте қайғылы жағдайларға алыш барып соғатын жағдайларға жол берген адамдарды белгіленген тәртіп бойынша иісті жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныс енгізе алады.

4.6. Кәсіпорынның өндірістік, қызмет бабындағы және түрмистық жұмыс орындарын кедергісіз қарап шығуға, еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі құжаттармен танысуға құқығы бар. Кәсіпорынның бөлімшелерінің басшыларына орын алған кемшіліктерді жедел жою жөнінде орындалуы міндетті болып саналатын жазбаша нұсқаулар бере алады.

4.7. Кәсіпорынның жетекшісінің (иесінің) нұсқауы бойынша мемлекеттік және қоғамдық үйымдарда еңбекті қорғау мәселелерін талқылау кезінде өкілдік ете алады.

2.2. Еңбекті қорғау департаментінің қызметі

1993 жылғы 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен Еңбек және өлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау департаменті құрылды.

Оның міндеттері мен құқықтары Қазақстан Республикасының «Еңбекті қорғау туралы» Заңының баптарымен белгіленіп бекітілген. Еңбекті қорғаудың мемлекеттік басқармасының механизмі шаруашылықты жүргізуіндегі барлық деңгейінде қызмет етіп, қажетті үйымдық-құқықтық негіздерді қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, бұл саладағы өлеуметтік саясатты қамтамасыз етеді, еңбек ету және оны қорғау жөніндегі қажетті ғылыми негізделген заңдылықты қалыптастырады, көсіпорындар мен кәсіпкер құрылымдардың экономикалық мүдделілігінің механизмін жасайды, бұл саладағы белгіленген нормалар мен қойылатын талаптардың орындалуына бақылау жасауды үйімдастырады, түрлі жене қылдандырылған міндеттердің дүркіндердің берілуін қадағалай-да, қажет болған жағдайда түрлі санкциялар мен айып салуды іске асырады, қызметкерлердің өлеуметтік түр-ғыдан қорғалуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеулерді үйлестіріп отырады. Кадр саясатын жасап жүзеге асыруға атсалысады. Еңбек ету жағдайлары мен оны қорғауды жақсарту жөніндегі тәсілдемелік ұсыныстарды, ережелерді және басқа да құжаттарды жасайды. Еңбекті қорғаудың заңды базасын жетілдіру және одан әрі дамыту саласында да көптеген жұмыс атқаруы тиіс.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғанындей, еңбекті қорғау жөніндегі заңдылық көптеген елдерде жүйелі түрде қайта қаралып, жетілдіріліп, дамытылып отырады. Бұл ретте саяси, экономикалық, өлеуметтік, техникалық сипаты бар факторлар үдайы еске алынады. Заңдылық түрлі нормалардың, стандарттардың, нормативтердің елеулі мәлшерін ескеріп отырады.

Олай болса, еңбекті қорғаудың практикалық мәселе-лерінің маңыздылығын ескере отырып, бұл саладағы

жан-жақты құқықтық негіздерді жасаудың маңызы зор екенін үмітуға болмайды. Атап айтқанда, еңбекті қорғауға мемлекеттік қадағалау мен бақылау орнату, өндірісте адамның денсаулығына қатерлі және турлі қайтылы оқиғаларға душар ететін жағдайлардың зерттелуін, есепке алғынып отырылуын қамтамасыз ету, кәсіпорындарда еңбекті қорғау қызметін үйымдастыру, енеркесінде болатын ірі апаттардың алдын алу, зиянды химиялық заттарды қолдану мен пайдалану, өндірістік медицина жөніндегі заң жобаларын жасау қажет. Бұл ретте жұмыс берушілер мен қызметкерлердің еңбек қорғау мәселелері жөніндегі міндетті білім алудың және олардың атtestat-taудан өткізілуін қамтамасыз ету керек.

Бұл органның алдында тұрған міндеттің бірі – әлеуметтік серіктестікті, оның үш жақты өкілділігін қамтамасыз ету. Еңбекті қорғаудың неғұрлым көкейтесті мәселелері бойынша мемлекеттің, кәсіпкерлік бірлестіктердің және кәсіподактардың (трипартизм принципі) арасында өзара кеңесуді және келіссездер жүргізілуін де қамтамасыз етуі тиіс.

Кәсіпорындардың мынадай шарапарды жүзеге асыруы қажет: атап айтқанда, еңбекті қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды ресми турде кеңінен тарату, еңбекті қорғау жөнінде ұжымдық шарттар мен келісімдер жасауды барлық кәсіпорындар мен қызмет түрлерінде толық қамтамасыз ету. Оларда қызметкерлердің еңбек ету жағдайларын жақсарта түсү жөніндегі шарапар қарастырылуы, оларға заңда көрсетілген женілдіктер мен төлемдердің міндетті турде жасалуының тәртібі белгіленуі тиіс. Жұмысшылардың арнаулы киімдермен, аяқ киімдермен және басқа да жабдықтармен қамтамасыз етілуі назардан тыс қалмауы керек. Қызметкерлермен жасалатын еңбек келісімдерінде (шарттарында) еңбек етуге қажетті жағдайлар тузызудың, қызметкерлерге женілдіктер жасау мен төлемдер төлеудің, арнаулы қорғану құралдары мен киімдерінің берілуі жөніндегі міндеттерді атап көрсету барлық кәсіпорындар үшін міндетті болуы тиіс.

Еңбек қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілік заң бойынша көсіпорының басшысына ресми түрде жүктеледі. Көсіпорынды тіркеуден еткізу кезінде жұмыс беруші жақ еңбекті қорғау жөнінде емтихан тапсырудың міндетті жүйесін енгізу қажет. Мұны еңбекті қорғауды қадағалау мен бақылау жөніндегі тиісті органдар жүзеге асыруға міндетті. Осылай емтиханнан еткеннен кейін ғана әрбір жаңадан құрылған көсіпорының өз қызметін бастап, жұмыс істеуіне рұқсат (лицензия) беріледі. Әрбір көсіпорында еңбекті қорғау жөніндегі арнаулы қызмет үйімдастырылуы тиіс.

Еңбек қорғауға байланысты нормаларды негізінен төрт топқа бөлуге болады:

1. Өндірістік объектілерді жобалау сатысында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нормалар.

2. Өндіріс үдерісі кезінде қауіпсіздікті сақтауға бағытталған нормалар.

3. Емдеу-профилактикалық, тамақтандыру және жеке қорғану құралдарын пайдалану нормалары.

4. Еңбек заңдылықтарының сақталуына бақылау жасау мен заңдылықты бұзушылардың жауапкершілігінің нормалары.

Осы нормалардың орындалуына еңбек ұжымдары үнемі басшылық жасап отырады.

2.3. Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі

Еңбек қорғаудың нормалық (мөлшерлік) құжаттарының бірі – еңбек қауіпсіздігінің стандарттары.

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі:

- еңбек қауіпсіздігінің талаптарын белгілейді;
- зиянды және қауіпті факторлардың мөлшерлері мен талаптарын белгілейді;
- жабдықтарға, технологиялық үдерістерге, жұмысшылардың қорғану құралдарына қойылатын талаптарды белгілейді;
- гимараттар мен құрылыштардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

42

Құжаттардың шифры	Құжаттардың аты
0	Ұйымдастыру-әдістемелік стандарттар;
1	зиянды және қауілті өндірістік факторлардың молшері мен талаптарының стандарттары;
2	ондіріс жабдықтарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың стандарттары;
3	ондірістік үдерістердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың стандарттары;
4	жұмысшылардың қорғану күралдарына қойылатын талаптардың стандарттары;
5	гимараттар мен құрылымтардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың стандарттары.

Стандарттардың мемлекеттік жүйесі төрт санатқа бөлінген:

Мемлекеттік (МЕМСТ)

Салалық (ССТ)

Аймақтық (АСТ)

Кәсіпорындық (КСТ)

Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесінің құрылымы, мазмұны МЕМСТ 1.5-68 және МЕМСТ 12.0.001-82 бойынша орындалуы тиіс.

Ал еңбектің басқа стандарттары МЕМСТ 1.26-77 және арнайы әдістемелік нұсқауларға сай құрылған (стандарттар мен техникалық жағдайлардың жобаларын кәсіп-одақ ұйымдарымен келістіру төртібі РД50-III-86).

Бұл құжаттарға сәйкес барлық стандарттар мен техникалық талаптардың «Қауіпсіздік талаптары» деген белімі болуы тиіс.

Кіші кәсіпорындарда, акционерлік қоғамдарда, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерде, басқа да ауылшаруашылығы мекемелерінде еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесін енгізуі әкімшілік белгілі бір жауапты адамға тапсырады. Ол осы жұмыс бойынша жоспар құрып, мекеме басшысына бекіттіреді. Жоспарда фермалардың, цехтардың, бөлімшелердің санитарлық-техникалық жағдайын паспорттау, еңбек қорғаудың қуралдарының тізімі және оларды әркез жарамды етіп ұстау мәселелері қаралады. Сондай-ақ, стандарттарды енгізу мерзімі және қолдануға үйрету мәселелері енеді. Стандарттарды енгізу жұмыстарына мекеме басшысы мен бас инженер жалпы басшылық жасап отырады.

2.4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген еңбек қорғаудың талаптары

Жұмыс уақыты. Жұмыс уақытының бірқалыпты үзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс. Жеке еңбек шарттарында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытының үзақтығы азырақ көзделуі мүмкін.

Қысқартылған жұмыс уақытының үзақтығы мынадай мөлшерде белгіленеді:

1. 16 жастан 18 жасқа дейінгі жұмысшылар мен қызметшілер үшін аптасына 36 сағат, 14 жастан 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер үшін аптасына 24 сағат;

2. Ауыр дene жұмыстарында және еңбек жағдайы зиянды жұмыстарда істейтін жұмысшылар мен қызметшілер үшін аптасына 36 сағаттан аспайды.

Тұнгі уақытта жұмыс істеген кезде жұмыстың белгіленген үзақтығы бір сағатқа қысқартылады.

Тұнгі уақытта жұмыс істеуге мыналарға жол берілмейді:

- жүкті өйелдерге, егер олардың келісімі болмаса;
- 18 жасқа толмағандарға және тұнгі уақытта жұмыс істеуге тыйым салатын медициналық қорытындысы болған жағдайда өзге де адамдарға.

Мүгедектер тұнгі жұмысқа тек олардың өздерінің келісімі бойынша, егер оларға ондай жұмыс істеуге дәрігерлік қорытынды бойынша тыйым салынбаған жағдайда тартылады.

Кешкі сағат 10-нан таңертенгі сағат 6-ға дейінгі уақыт тұнгі уақыт болып есептелінеді.

Жүкті өйелдердің сегіз жасқа дейінгі баласы бар немесе семьясының ауру мүшесін күтіп-бағып жүрген өйелдердің өтініші бойынша медициналық қорытындыға сәйкес әкімшілік орган толық емес жұмыс күнін белгілеуге міндettі. Мұндай реттерде еңбекақы жұмыс істеген уақытына қарай пропорциялы түрде немесе жұмыстың өніміне қарай төленеді.

Уақытынан артық жұмыс істеуге: жүкті өйелдерге, он сегізге жасы жетпеген жұмысшыларға, оқу күндері өндірістен қол үзбей білім беретін оқу орындарында оқып

жүргендерге, заңға сәйкес басқа да санаттағы қызметкерлерге жол берілмейді.

Уақытынан артық жұмысқа мынадай ерекше реттерде ғана жол беріледі:

1. Отан қорғау үшін қажетті жұмыстарды жасаған кезде, сондай-ақ қоғамдық немесе табиғи апатты, өндірістік апатты болдырмау және олардың зардалтарын дереу жою мақсатындағы жұмыстарды жүргізген кезде;

2. Сүмен жабдықтау, газбен жабдықтау, жарық беру, канализация, транспорт, байланыс жөнінде қоғамдық қажетті жұмыстар жүргізген кезде олардың дұрыс қызмет істеуін бұзатын кездейсоқ немесе күтпеген жағдайларды жою үшін;

3. Басталған жұмыс, бірақ өндірістегі кездейсоқ кідіріс салдарынан бітпей қалған жұмысты бітіру қажет болғанда, егер оның өзінде басталған жұмысты тоқтату мемлекеттік немесе қоғамдық мүліктің бүлінуіне, яки жойылуына әкеп соқтыратын болса;

4. Механизмдер мен ғимараттарды жөндеу және қалпына келтіру жөніндегі уақытша жұмыстарды жүргізген реттерде, мұндайда олардың жұмысының тоқтап қалуына әкеп соқтыратын болса;

5. Егер жұмысты үзіліспен істеуге жол берілмейтін болып, конвейер аудыстыруға келетін қызметкер келмен ғана жұмысты жүргізе беру үшін; мұндай реттерде әкімшілік аудысатын адамды басқа қызметкермен аудыстыруға дереу шара қолдануға міндетті.

Кауырт дала жұмыстары кезінде кәсіпорын басшыларына егіншілердің жұмыс уақытын кәсіподақ үйымымен келісе отырып, 10 сағатқа дейін ұзартуына болады. Олардың артық істеген уақытының орнына кейін, жұмыстың саябыр кезінде демалыс берілуі тиіс.

Демалыс уақыты. Жұмысшылар мен қызметшілерге демалу және тамактану үшін ұзақтығы жарты сағаттан кем болмайтын үзіліс беріледі. Күн сайынғы демалыстың ұзақтығы 12 сағаттан кем болмауы тиіс. Мереке немесе демалыс күндері жұмыс істеуге жоғарыда көрсетілген ерекше жағдайлардан басқа кездерде тыйым са-

лынады. Ал демалыс күні істеген жұмысы келісім болынша басқа демалыс күнін беру арқылы өтеледі.

Еңбекшілердің жалпы демалыс күндері мен мейрам күндері демалуына шек қойылмайды.

Мерзімінен тыс жұмысқа және тұнгі уақыттағы жұмыстың әрбір сағатына ақы бір жарым есе мөлшерден, ал мереке немесе демалыс күндеріндегі жұмыстарға ақы екі еседен тәмен болмайтын мөлшерде төленеді.

Барлық еңбекшілерге жыл сайынғы демалыс жұмыс орны мен орташа табысы сақталып беріледі. Жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы 24 күннен кем болмайды.

Ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы ауыр дene жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлерге беріледі.

Қатарынан екі жыл бойы еңбек демалысын бермеуге тыйым салынады.

Бірінші жылдың демалысы сол көсіпорында толық бір жыл жұмыс істегеннен кейін, ал келесі жылдары езінің қалаған уақытында беріледі.

Отбасы жағдайларына және басқа дәлелді себептерге байланысты жұмысшыға бүйрықпен жалақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

Әйелдердің еңбегін қорғау. Еңбек заңында әйелдердің ағзасының ерекшеліктерін ескере отырып, оларға бірсыныра жеңілдіктер қаралған. Мәселен: ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайы зиянды жұмыстарда, жерасты жұмыстарында әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынады, тұнгі уақыттағы жұмыстарда әйелдердің еңбек етуіне шек қойылады; жүкті әйелдерді және екі жасқа дейінгі баласы бар әйелдерді тұнгі жұмыстарға және уақытынан артық жұмыстарға қатыстыруға немесе іссапарға жіберуге тыйым салынады; екі жастан сегіз жасқа дейінгі балалары бар әйелдердің уақытынан артық жұмысқа қатынасуына және іссапарға жіберілуіне шек қойылады; дәрігерлік қорытындыға сейкес жүкті әйелдердің жұмыс өнімінің нормасы, қызмет көрсету нормасы кемітіледі не олар бұрынғы жұмысы бойынша

орташа еңбек табысы сақтала отырып, жеңілірек жұмыс-қа ауыстырылады. Бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдер де осында жеңілдік алуға құқылы; әйелдерге жүкті болуына және босануына байланысты босанардан бұрын 70 және босанғаннан кейін 56 (қалыптан тыс босанғанда немесе екі және одан да көп бала туған ретте – 70) күнтізбелік күнге демалыс беріледі және өзінің тілегі бойынша, бала үш жасқа толғанға дейін оны күтуге байланысты ақысыз қосымша демалыс беріліп, сол мерзімде жұмыс орны сақталауды; бір жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге демалу және тамақтану үшін жалпы үзілістің үстіне баланы емізуға қосымша үзіліс беріледі; бұл үзіліс кем дегенде үш сағат сайын кемінде 30 минут, ал бір жарым жасқа дейінгі балалары екеу немесе одан да көп болған жағдайда кемінде бір сағат болып белгіленеді және ол үзілістер жұмыс уақытына қосылып, орташа табысы бойынша ақы төленеді.

Жүкті болуына немесе бала емізуіне байланысты сылтаумен әйелдерді жұмысқа алушан бас тартуға және олардың жалақысын кемітуге тыйым салынады. Жүкті әйелдерді және үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді өкімшіліктің үйғарымымен жұмыстан шығаруға тыйым салынады.



1. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қашан қабылданды?
2. Қазақстан Республикасындағы Еңбек қорғау талаптарына мемлекеттік бақылауды кімдер жүзеге асырады?
3. Жұмыс уақытының бірқалыпты ұзактығы аптасына қанша болып белгіленген?
4. Түнгі жұмыс уақыты деп қай кезді атайды?
5. Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі қандай құжаттардан тұрады?
6. Стандарттардың мемлекеттік жүйесі қандай санаттарға белінген?
7. Күн сайынғы демалыстың ұзактығы неше сағаттан кем болмауы тиіс?

8. Жыл сайынғы демалыстың ұзақтығы неше күннен кем болмайды?

9. Әйелдерге жукті болуына және босынуына байланысты қандай демалыстар беріледі?

10. Еңбекті қорғау талаптарының орындалуына қогамдық бақылауды кімдер жасайды?



Реті	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Өрбір қызметкөр үшін мерзімнен тыс жұмыстар бір күн ішінде неше сағаттан аспауы тиіс?	A. Бір сағаттан; B. Екі сағаттан; C. Төрт сағаттан.
2.	Мерзімнен тыс жұмыстарға ақы қалай толенеді?	A. Ақы толенбейді; B. Вірдей толенеді; C. Бір жарым есе толенеді.
3.	Қазақстан Республикасында көсіпорының еңбек корғау қызметі туралы ереже қай жылы бекітілген?	A 1993 жылы; B. 1994 жылы; C. 1995 жылы.
4.	Жұмыс уақытының бірқалыпты ұзақтығы аптасына неше сағаттан аспауы тиіс?	A. 38 сағаттан; B. 40 сағаттан; C. 41 сағаттан.
5.	Еңбекті қорғау қызметі қандай жағдайда таратылады?	A. Кесіпорын өз қызметін тоқтатқанда; B. Кесіпорының бірінші басшысы езгергенде; C. Кесіпорын езге орынға кошкенде.

3-ТАРАУ

ӨНДІРІСТІК САНИТАРИЯ

3.1. Өндірістік санитарияның маңызы мен міндеттері, еңбекшілердің жеке гигиенасы

Өндірістік санитария дегеніміз – еңбектің дұрыс гигиеналық жағдайын жасайтын, жұмыстың адам ағзасына зиянды әсерін жоютын, көсіби сырқаттардың орын алудына жол бермейтін санитарлық-техникалық шаралардың жүйесі.

Ондай шараларға мыналарды жатқызуға болады:

1. Жұмыс орнында қажетті микроклиматтың қамтамасыз етілуі;
2. Шаңын, будың және газдың ағзага зиянды әсерін жою;
3. Жұмыс орнында шу мен дірілдің мөлшерін азайту немесе жою;
4. Жұмыс орнының тиісті жарықтылығын қамтамасыз ету;
5. Радиоактивтік заттардан сауықтыру жұмыстарын жүргізу;
6. Температурасы нормадан жоғары немесе төмен жұмыс орындарында еңбектің арнайы жағдайын жасау;
7. Санитарлық-тұрмыстық белмелердің болуы және оның қажетті заттармен жабдықталуы;
8. Еңбекшілерді арнайы киімдермен және жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету;
9. Өндіріске жаңа техниканы, технологияны енгізу және автоматтандыру, еңбекті кешенді жарақтандыруға көшү.

Қорыта айтқанда, өндірістік санитария еңбек гигиенасының талаптарына сүйене отырып, еңбекте еңбекшіге

дұрыс және зиянсыз жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған санитарлық-гигиеналық, емдеу-профилактикалық және үйымдастыру-техникалық шараларын жасайды. Сондай-ақ, әрбір адам өндірісте өзінің гигиенасын да сақтай білуі тиіс. Жұмыс уақытының, тамақтанудың, демалудың, тазалық сақтаудың, өзін-өзі күте білудің, т.с.с. жеке гигиеналық шаралардың дұрыс орындалуы, өндірісте зақымдану мен сырқаттануды болдырмаудың ете қажетті шаралары. Өйткені, жеке гигиенаның бұзылуы тек қана сол адамның денсаулығына емес, басқа бірге жұмыс істейтін адамдардың денсаулығына зиян келтіруі, тіпті жүқпалы аурулардың тарауына себеп болуы мүмкін. Сондықтан, өндірістік гигиенамен қатар, әр адамның өзінің жеке гигиенасын сақтауының маңызы зор.

Жалпы алғанда, өндірістік зиянды факторларды үш топқа бөлуге болады:

– өндірістің жалпы жағдайынан туындайтын факторлар. Мысалы, жұмыс орнындағы ете жоғары немесе ете төмен температура, ауаның жоғары ылғалдылығы, бөлмедегі ауа алмасуының жоғары жылдамдығы, т.с.с. факторлар;

– технологиялық үдеріске байланысты факторлар. Мысалы, технологиялық үдерісті орындау кезінде пайда болатын шандар, булар, газдар, діріл, шу, радиоактивті жарық, т.с.с. факторлар;

– еңбек үдерісіне байланысты факторлар. Мысалы, жұмыс кезінде адамның бүлшүк еттеріне күш түсіретін, шаршататын факторлар, яғни дененің жүктелуі.

Осы факторлардың әрқайсысы адам ағзасына әр түрлі әсер етіп, олардың жұмыс қабілетін төмендетуге немесе науқасқа шалдыгуына әкеліп соқтырады.

Енді осы факторлардың әрқайсысына белгіленген санитарлық нормалар қандай?

1. Жылу (13 - 28°). Ауаның температурасына қосымша жұмыс орнының әрбір m^3 қөлеміне сағатына 20 килокалориядан аспайтын жылу белінетін орындар еңбектің қалыпты (нормальная) жағдайы жасалған орындар деп аталса, 20 килокалориядан жоғары жылу белінетін орын-

дар еңбектің ыстық (горячая) жағдайында жұмыс істелетін орындар болып есептеледі. Мұндай орындарда еңбекке ақы төлеу де, оларға жағдай жасауда жоғары болады.

2. Ауаның ылғалдылығы. Жұмыс орнында ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 30-75 пайыз аралығында болуы тиіс.

3. Ауаның қозғалу жылдамдығы 0,2-1,0 м/с аралығында болуы тиіс.

4. Шаң. Ауаның құрамындағы кремний тотығы (SiO_2) 70%-дан жоғары болған жерде шаңның мәлшері 1 мг/м³-ден аспауы керек, ал кремний тотығы (SiO_2) 70%-дан кем жерде 2 мг/м³-ден аспауы тиіс. Ал ауаның құрамында кремний тотығы жоқ болса, 10 мг/м³-ге дейін шаң зиянсыз болып есептеледі.

5. Бу мен газ. Бу мен газ, негізінен, минералды тыңайтқыштардан, жанар-жагармайлардан тарайды. Олардың мәлшері төмендегіден аспауы тиіс:

Аммиак	20 мг/м ³
Бензин	100 мг/м ³
Мышьяк	0,3 мг/м ³
Күкірт қышқылы	1,0 мг/м ³
Күкірт сутегі	10,0 мг/м ³
Шай	3,0 мг/м ³

6. Шу. Адамдардың қарапайым сейлесуі 40 децибел мәлшерінде шу шығарады. Бұл норма болып есептеледі. Ал көшеде өтіп бара жатқан жук автомашинасы 105-110 децибел шу шығарады.

Адам 80 децибел шуды өте ауыр қабылдайды, ал 120 децибел шу адамның миын жарақаттайты.

Галымдардың айтуынша, артық шу адам өмірін 3-тен 12 жылға дейін қысқартады, жас ағзаның өсуін 15-57%-ға дейін тежейді (тәжірибе жануарларға жүргізілген).

7. Діріл. Дірілдің амплитудасы 1,3 мм болса, жиілігі 2 гц. Дірілдің амплитудасы 0,3 мм болса, жиілігі 4 гц.

Дірілдің амплитудасы 0,05 мм болса, жиілігі 8 гц.

Дірілдің амплитудасы 0,01 мм болса, жиілігі 31,5 герц-тен аспауы тиіс.

Еңбекшілерді зиянды өндірістік факторлардан қорғау мақсатында, негізінен, дәрігерлік алдын алу және үйимдестыру шаралары жүргізіледі.

Дәрігерлік алдын алу және санитарлық-гигиеналық шараларға оларды дәрігерлік байқаудан өткізіп тұру, өр түрлі ауруларға қарсы егу мен өндірістік гимнастиканы жүргізу, еңбекшілердің тамақтануы мен демалуы, жеке гигиенасын қатаң сақтау жұмыстары жатады.

Техникалық шараларға техниканы және технологиялық үдерістерді жетілдіру, оларды зиянды өндірістік факторларды тудырмайтын әдістермен алмастыру, өндірістік үдерістерді механикаландыру, автоматтандыру және қашықтан басқаруды үйимдестыру, қорғану қуралдарын пайдалану, жұмыс орнында желдеткіш, жылу беретін қондырыгыларды орнату, жеткілікті жарықпен және басқа да қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету жатады.

Үйимдестыру шараларына еңбекшілерді жұмыс істеуге рұқсат етудің талаптарын орындау, жұмыс орындарын дұрыс үйимдестыру, еңбек және демалыс режимдерін қатаң сақтау, өндірістің жоғары мәдениетін қалыптастыру, еңбекшілерді еңбек қорғауға оқыту арқылы олардың біліктілігін арттырып отыру, өндіріс аумағында, өндірістік бөлімдер мен тұрмыстық бөлмелерде санитарлық ережелерді сақтау жатады.

Еңбек жағдайы зиянды жұмыстардағы адамдарға, заңда белгіленгеніндей, меншік иесі есебінен мемлекеттік басқару органдары белгілеген нормалардан кем түспейтін және ұжымдық шарт негізінде сұт, ал еңбек жағдайы ерекше зиянды жұмыстарды орындайтын адамдарға тегін емдеу, алдын алу тамағы берілуі тиіс.

Қол еңбегімен атқарылатын жұмыстарды үйимдестіру.

Еңбек шартты түрде қол күшімен атқарылатын және ой еңбегімен атқарылатын болып бөлінеді. Еңбектің бүл екі түрі бір-бірімен байланысты болады. Жұмыс кезінде

денеге түсетін күш статикалық және динамикалық болып белінеді.

Статикалық күш дегеніміз дененің қозғалыссыз қалпында ұзақ уақыт бірқалыпты күйде болуынан әсер ететін жүк болып табылады. Ол адамды шаршатады.

Динамикалық күш дегеніміз жұмысшының жұмыс орында үнемі қозғалыста болуынан денеге түсетін жүк болып табылады.

Кол күшімен атқарылатын жұмыстар бұлшық еттің энергиясын пайдалануға негізделген. Оны үнемдеу үшін жұмыстың ауқымына қарай энергияны пропорциональды пайдалану, қарама-қарсы бағыттағы қозғалыстардың тепе-тендігін сақтау, екі қолмен атқарылатын жұмыстардың басталуы мен аяқталуын сәйкестендіру қажет.

Жүк көтеру және оны қолмен тасымалдау жұмыстарында жұмысшының жасы мен жынысына қарай белгіленген нормалар сақталуы тиіс. Мысалы, 16-дан 18 жасқа дейінгі жасеспірімдер үшін жүк көтерудің шекті мөлшері 16 кг, ал жасы 18-ден асқан ерлер үшін 50 килограмнан аспауы тиіс. 60-80 килограмм салмақты жүкті екі адам, ал бөрене, күбыр сияқты үзын заттарды тасымалдауды бірнеше адам атқаруы қажет.

18 жасқа дейінгі жасеспірімдер мен әйелдер пестицидтерді тиеп-түсіру жұмыстарына қатыстырылмайды. Ал мұндай жұмысты атқаратын адамдар оның улағыш қасиетімен таныстырылуы және онымен қауіпсіз жұмыс істеудің нұсқауы берілуі тиіс. Олардың жеке қорғану құралдарын пайдалануы қатаң бақылауға алынады.

Кол күшімен атқарылатын жұмыстар еңбек қауіпсіздігінің стандарттарына, нормалар мен ережелерге сәйкес үйымдастырылады және еңбек пен демалыстың режимі сақталады.

*Эргономикалық талаптар және оның
жарақаттану мен науқастанудың алдын
алудагы рөлі*

Адамның, техниканың және өндірістік органдарының өзара қарым-қатынастарының зандалықтарын зерттейтін әр-

гономикалық мәселелерді кешенді түрде шешуге ықпал ету арқылы жарақаттану мен көсіби науқастануға жол бермейтін еңбек жағдайын қамтамасыз етуге болады. Мұның өзі еңбекшінің жақсы көңіл күйде, жоғары өнімділікте еңбек етуіне мүмкіндік жасайды.

Адамның техникамен отырып немесе тұрып жұмыс істеуін әргономикалық тұрғыда жобалағанда оның денесінің өлшемі және дене күші ескеріледі. Адам үзак уақыт жұмыс жасағанда оның дене күші жұмыстың үзақтығына және ол күшті пайдалану жиілігіне көрі пропорционалды болады.

Отырып жұмыс жасайтын жұмыс орындары жеңіл жұмыстар мен технологиялық үдерістердің ерекшеліктері бар ауырлығы орта жұмыстарда үйымдастырылады. Жұмыс орнының құрылымы жұмысшының тік және көлденең жазықтықта кедергісіз қимылдан, операцияны сапалы орындаудың ыңғайлы болуы тиіс. Басқару пульті де осы талапқа сәйкес орналастырылады.

Еңбек жағдайын әргономикалық тұрғыда бағалаудың ерекше маңызы бар. Адам мен машинаның міндеттерін езара тиімді белісуі жұмыстың қабылданған технологиясының негізінде машинаға жасалатын техникалық бақылаудың сатысында анықталады. Жұмыс барысындағы бақылау мен оның көрсеткіштерін тиісті нормалармен салыстыру арқылы маңызды ақпараттар алынады.

Жұмыс орнының әргономикалық талдауы машинаны пайдалану мен оған техникалық күтім жасауға қажетті қозғалыстар мен орын ауыстырулардың мүмкіндіктері ескеріліп жасалады. Бұл орайда жұмыс орнында отырганда машинаның басқару органдары кедергі жасамайды ма, жұмысшы органдары операторға толық көріне ме, жұмыс орны зиянды және қауіпті факторлардың өсерінен қашықта орналасқан ба, осының барлығы ескерілуі тиіс. Жұмысшыға шектен тыс күш түсіру және жұмыс орнының ыңғайсыздығы оны тез шаршатады. Мұның өзі адамның науқасқа шалдығуын тездететін фактор болып табылады. Сондықтан мұндай жағдайлардың алдын алуға бағытталған үйымдастыру, са-

нитарлық-техникалық, гигиеналық және экономикалық шараптар қарастырылуы тиіс.

Өндірістік бөлмелерді жылдыту


Жұмыс орнының температурасын еңбек етуге қажетті деңгейде ұстап тұру үшін бөлмені жылдыту қажет. Ол жергілікті және бір орталықтан жылдытылуы мүмкін.

Жергілікті жылдыту (пешпен, газбен, электр тогымен) негізгі өндірістен шалғай орналасқан, биіктігі үш қабаттан аспайтын, жалпы ауданы 500 м² дейінгі, өртке қауіпсіздігі жөнінен А, Б, В санаттағы өндірістік құрылыштарда қолданылады. Мұндай жылдыту жүйелерінің қарапайымдылығына қарамастан өртке қауіпті болады, кеп отын жағуды талап етеді және тиімділігі төмен болады. Бір орталықтан жылдыту бүмен, ауамен, сумен, бүмен ауаның қоспасымен атқарылуы мүмкін.

Жылдытудың ең көп тараған түрі – сумен жылдыту. Сумен жылдыту жүйелерінің құрылымы қарапайым және қауіпсіз пайдаланылады. Сумен жылдыту жүйесінде (1-сурет) қазанда (1) қыздырылған су негізгі құбыр (2) арқылы таратқыш құбырға және жылдыту аспаптарына (5) барады, ал салқындаған су төменгі құбыр (6) арқылы қазанға қайтып келіп қайтадан қыздырылады. Жүйенің үлғайтқыш багы (3) болады. Сумен қыздыру жүйесіндегі су табиғи жолмен, яғни ыстық су мен салқын судың тығыздығының арасындағы айырмашылықтың әсерінен немесе механикалық әдіспен, яғни сорғымен айдау арқылы жүйеге таратылады.

Ауамен қыздыру жүйесінде сырттағы салқын ауа желдеткішпен калориферге айдалады да, онда қыздырылады. Қызған ауа бөлмеге айдалып таратылып, ондағы ауаны жылдытады.

Калориферлер ауаны бүмен, сумен немесе электр тогымен қыздыруы мүмкін. Мұндай жүйені пайдаланғанда бөлменің температурасы желдеткішпен реттеліп тұрады. Әдетте, КМБ, СТД, КМС, СФО, КФБО типті калориферлер қолданылады.



1-сурет. Сүмен жылдыту жүйесінің сыйбасы

Өндірістік құрылыштарды бумен қыздыру жүйесі төменгі (70 кПа-ға дейін) және жоғары (70 кПа-дан жоғары) қысыммен жұмыс жасайтын болып белінеді. Бу жылу тасығыш ретінде пайдаланылады да, суыған кезінде қыздыргыш аспаптарға өз жылуын беріп суга айналады. Ол су қазанға қайтып оралады да, қайнатылып буга айналады. Осылайша, бу жүйені айналып аспаптарды қыздырып тұрады.

Өндірістік бөлмелердің ауасын алмастыру және ауаны салқындашу


Өндірістік бөлмелер мен жұмыс орындарының ауасын алмастыру үшін желдеткіштер пайдаланылады. Желдеткіштер іштегі ластанған жылы ауаны сыртқа шығарып, оның орнына таза ауа келтіру қызметін атқарады. Ауаны алмастыру өдістеріне қарай олар жалпы ауаны алмастыру және жергілікті ауаны алмастыру болып белінеді.

Жалпы ауаны алмастыру өдісі бойынша бір уақытта бүкіл бөлмедегі барлық ауа алмастырылады. Ал жергілікті ауа алмастыру өдісі бойынша денсаулыққа зиянды факторлардың жиналған жерлерінің ауасы алмасты-

рылады. Ауа алмастыру үдерісі бөлмегеді ауаны сыртқа соратын немесе сырттағы ауаны ішке айдайтын әдістермен жүргізілуі мүмкін.

Сыртқа сору әдісі бөлмегеді лас ауаны шығаруға, ал ішке айдау әдісі сыртқа шығарылған лас ауаның орнын таза ауамен толықтыруға қолданылады.

Тәжірибеде табиғи ауа алмастыру әдісі кең қолданылады. Ол ауа сорғыш құбырлармен атқарылады. Ирі ғимараттарда табиғи ауа алмастырудың аэрациялық әдісі қолданылады. Аэрация үдерісі желдің арынымен немесе ішкі және сыртқы ауаның температурасының әр түрлі болуына байланысты ауаның тығыздығының айырмашылығының әсерімен жүреді. Ғимаратты аэрациялау сыйбасы 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Жылдың жылы (а, ә) және салықын (б, в) мезгілдерінде ғимаратты аэрациялау сыйбасы

Егер табиғи ауа алмастыру бөлмегеді ауаны толық та- зартуға жеткіліксіз болса, онда желдеткіштердің арынымен механикалық ауа алмастыруды қосымша жабдықтай- ды. Жұмыс істей принциптеріне қарай желдеткіштер

осытік, ортадан тепкіш және диаметральды болып бөлінеді. Желдеткіштерді олардың жұмыс өнімділігіне және пайда ететін қысымына қарай тандайды.

Ауа райы ыстық жұмыс орындарында, тракторлардың кабиналарында кондиционер орнату арқылы ауаның қажетті параметрлерін үстап тұруға болады.

3.2. Жұмыс орнының микроклиматы және оның көрсеткіштерін тұрақтандыру

Адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілетіне метеорологиялық жағдайдың (өндірістік ортаның микроклиматы), яғни ауаның температурасының, ылғалдылығы мен қозғалу жылдамдығының үлкен әсері бар.

Сыртқы ауаның өзгеруіне қарамастан, адам денесінің температурасы 36,7-37° аралығында тұрақты сақталады.

Ауаның ылғалдылығы 70-75%-ға жетіп, температурасы жоғарылай бастаған кезде адамның денесі қыза бастайды. Өйткені, бұл жағдайда денениң жылу алмасуы киындейді.

Керінше, адамның температурасы төмендеген кезде денеден бөлінетін жылудың мөлшері көбейіп, адамның денесі тоңази бастайды.

Сондықтан да жыл мезгіліне, жұмыстың ауырлығына, жұмыс орнында бөлініп шығатын қосымша жылудың мөлшеріне қарай температуранның, ылғалдылықтың және ауаның қозғалу жылдамдығының стандартты нормалары белгіленген (2-кесте).

Адам ағзасына ауаның қысымы да әсер етеді.

Атмосфералық қысымның мөлшері сынап бағанасымен 760 мм-ге тең болғанда ағзаның ішкі және сыртқы қысымдары теңеседі. Ал қысым өзгергенде адамда әлсіздік пайда болып, басын айналдырады, жүрегін алып, мұрнынан қан ағуы мүмкін.

Еңбектің ауыр немесе жеңілдігіне қарай жұмыс орнының микроклиматының нормасы

Жұмыс орнында пайдаланылған мөлшері	Ендек жағдайының санаттары	Температураларын, ылғалдылықтың және жылдамдықтың нормасы					
		Жылды маусымда			Салқын және откіші маусымда		
		температура, °C	ылғалдылығы, %	жылдамдық, м/сек.	температура °C	ылғалдылығы, %	жылдамдық, м/сек.
1	2	3	4	5	6	7	8
≤ 20 ккал/м ³ · г	женіл	<u>22-25</u> ≤ 23	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>0,2-0,5</u> 0,3-0,7	<u>20-22</u> 17-22	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>≤ 0,2</u> ≤ 0,3
	ортаса	<u>20-23</u> ≤ 28	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>0,2-0,5</u> 0,3-0,7	<u>17-19</u> 15-20	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>≤ 0,3</u> ≤ 0,5
	ауыр	<u>18-21</u> ≤ 26	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>0,3-0,7</u> 0,5-1,0	<u>16-18</u> 13-18	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>≤ 0,3</u> ≤ 0,5
>20 ккал/м ³ · г	женіл	<u>20-25</u> ≤ 28	<u>≤ 75</u>	<u>0,2-0,5</u> 0,3-0,7	<u>20-22</u> 17-24	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>≤ 0,2</u> ≤ 0,5
	ортаса	<u>20-23</u> ≤ 28	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>0,2-0,5</u> 0,5-1,0	<u>17-19</u> 16-22	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>≤ 0,3</u> ≤ 0,5
	ауыр	<u>18-21</u> ≤ 26	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>0,3-0,7</u> 0,5-1,0	<u>16-18</u> 13-17	<u>60-30</u> ≤ 75	<u>≤ 0,3</u> ≤ 0,5

Ескертту: Бөлшектің алымында нақты көрсеткіштер, ал белімінде шекті көрсеткіштер берілген.

Жұмыс орнының микроклиматын анықтау үшін арнаиды аспаптар қолданылады. Мысалы, ауаның температурасы сынапты термометрмен анықталады, ылғалдылығы психрометрмен, ауаның қозғалу жылдамдығы анемометрмен немесе кататермометрмен, ал атмосфералық қысымы сынапты барометрмен немесе анероидпен өлшеннеді.

Август психрометрі екі термометрден тұрады. Біреуінің шаригі жұқа шуберекпен қапталған және ол үнемі сүмен ылғалданып тұрады. Екі термометрдің көрсеткішіне сай арнаиды формууламен ауаның ылғалдылығы анықталады немесе арнаиды кесте арқылы анықтауға болады.


Ассман психрометрі де екі термометрден тұрады, біреуінің шаригі ылғалданып тұрады. Оған қоса, аспаптың басына желдеткіш орнатылады, ол электрмотормен немесе сағат механизмімен қозғалысқа келтіріледі. Желдеткіш айналғанда шариктер арқылы жылдамдығы 4 м/с аяу айдалады. Бір термометрдің шаригі матамен оралып, өлшеу алдында дистилденген сумен ылғалданады, сосын желдеткішті іске қосады. 3-5 минуттан кейін құргақ және ылғал термометрден есеп алады. Олардың айырмашылықтарына қарай кестеден ауаның ылғалдылығын анықтайды.

Ауаның қозғалу жылдамдығын қанатты анемометрлермен (1-10 м/с) және чашкалы анемометрлермен (1-30 м/с), сондай-ақ кататермометрлермен (1-1,5 м/с) анықтайды.

Кататемометр дегеніміз – спирт құйылған термометрлер. Өзуелі оның түбін 65-75°-қа дейін қыздырылған суга салып ысытамыз. Сосын спирттің деңгейінің 38°-тан 35°-қа дейін түскен уақытын алып, формууламен ауаның қозғалу жылдамдығын есептейміз.


Бұл көрсеткіштерді тұрақтандыру үшін төмендегідей шаралар іске асырылуы туіс:

- табиги және жасанды аяу алмастырыштарды пайдалану;
- технологиялық жабдықтарды жылу өткізбейтін заттармен қаптау арқылы олардан белінетін жылудың мөлшерін азайту;
- жылу өткізбейтін материалдардан қорғану экранын орнату;
- кондиционер пайдалану.




3-сурет. Анемометр түрлери:

а) үршықты; б) қанатты



4-сурет. Психрометр түрлери:

а) Август психрометри; б) Құтыдағы Август психрометри; б) Ассманның тұмымдастырықты психрометри



5-сурет.

- a) цилиндр тәрізді кататермометр;
- б) үршықты кататермометр

3.3. Өндірістік құрылыштарға және тұрмыстық үйлерге қойылатын талаптар

Өндірісте еңбекшілерге қолайлы еңбек жағдайын жасауда әр түрлі санитарлық нормаларды сақтаудың мәні зор. Ең алдымен, құрылыштарды жобалау мен тұрғызу сатысында оларға белгіленген санитарлық нормалардың сақталуы ескерілуі тиіс.

Санитарлық нормаларға сәйкес, ауыл шаруашылығы өндірісіндегі құрылыштар тегіс жерге және су ағып

кететіндегі азғана еңкіш орналастырылады. Жер астынан суы үй астындағы бөлмеден төмен болуы тиіс және ауыз су, жол, электр жарығы келтірілуіне ыңғайлы жерге салынуы тиіс. Сондай-ақ, өндірістік құрылыштың санитарлық сақтану аймағы оның қандай өнім шыгаратынына және жұмыс түріне байланысты анықталады.

Мысалы: елді мекенинен улы химикаттар мен минералды тыңайтқыштардың қоймасы 200 метр, мал фермалары 300 м, шошқа фермасы 500 м, құс фабрикасы 500 м, мал емдейтін орын 200 м, мал азығын дайындаудың цех 100 м, гараждар мен шеберханалар 100 м, астық пен көкөніс қоймалары 50 м қашықтықта орналасуы тиіс.

Көсіпорынның ішіндегі үйлердің арасы да оларды желдетіп, табиги жарықтандыру мақсатында белгілі бір қашықтықта орналастырылады. Ауланың 15-20 пайызы кегалданырылуы тиіс.

Өндірістік құрылыштардың ауданы онда жұмыс жасайтын адамдардың санына байланысты болады. Мысалы: бір адамға $4,5 \text{ m}^2$ жер болуы тиіс. Одан басқа өндірісте шешінетін бөлме, жуынатын бөлме, дәретхана, әйелдер үшін санитарлық бөлме, т.с.с. болуы қажет.

Жұмысшылардың денсаулығы олардың жұмыс орнының дұрыс үйымдастырылуына байланысты. Сондыктан жұмыс орындары жұмысшыға ыңғайлы, жүк көтергіш крандармен жабдықталған болуы тиіс. Жұмыс орны желдеткішпен, жарықпен қамтамасыз етілуі қажет. Бөлменің іші мен онда орналасқан жабдықтардың түсі ашық, әдемі бояулармен өрленгені дұрыс.

Мал жаятын аулалар мал қораларынан тыс жерде болғаны дұрыс. Әрбір ірі қараға норма бойынша $7-15 \text{ m}^2$, ал бұзауға 5 m^2 жер бөлінуі тиіс.

Мал қораларының кешенінде, өндірістік (мал тұратын, оған күтім жасайтын) аймақ, өкімшілік-шаруашылық аймағы, азықтық (сақтайтын) аймақ және малдың қыны сақтайтын аймақтар болады.

Өлген малды көметін жер қорадан 500 m қашықтықта орналастырылады.

Мал шаруашылығы қызметкерлеріне тәмендегідей талаптар қойылады:

- белгіленген уақытта дәрігерлік байқаудан өтіп, үнемі арнайы киіммен жүруі тиіс;
- жұмыс алдында және жұмыстан соң қолдарын сабындал жууы тиіс;
- жұқпалы ауруға шалдыққан малдармен жұмыс жасауға 18 жастан асқан адамдар жіберіледі. Жүкті өйелдер және емізулі баласы бар өйелдер жіберілмейді. Ол жерде тамак ішуге, темекі шегуге тыйым салынады.

- ауру малдардың сүтін қайнатып, пастерлеуден өткізгеннен кейін ішуге рұқсат етіледі; бруцеллез малдарды саууға тыйым салынады.

- мал тұрган бөлмелерге кірерде дезинфекцияланған төсөніштерді басып өту қажет;

- науқас малдар бөлек бағылады және дезинфекция жасалып тұрады.

Өндірістік құрылыштар желдеткіштермен қамтамасыз етілуі тиіс. Ол табиғи және жасанды болады. Табиғи желдеткіш ретінде фортокалар, есік, терезелер пайдаланылады. Олардың жалпы ауданы еденинән ауданының 2 пайзынан кем болмауы тиіс.

Тәжірибе арқылы бөлмені сағатына қанша рет желдету қажеттігі белгіленген. Мысалы: аккумуляторлар батареясын зарядтайтын бөлме үшін $K = 10$, пісіріп дәнекерлеу цехында $K = 6$, қозғалтқыштарға сынақ жасайтын бөлмеде $K = 4$.

Қысқасы, желдету жиілігін төмендегі формуламен анықтауға болады:

$$K = \frac{l}{v}; \quad (7)$$

мұндағы l – бір сағатта бөлмеге енгізілетін, яки бөлменден шығарылатын ауаның көлемі (m^3); v – бөлменің көлемі (m^3).

Сонымен қатар, адамдардың денсаулығын сақтаудың бір жолы бөлмеде нормалы температуралың сақталуы. Ол үшін түрлі пештер (электр пеші, отын пеші, сумен, пармен, ауамен жылтыратын) пайдаланылады. Ауамен жылтыту дегеніміз – калорифер пайдалану деген сез.

Қосымша құрылыштар мен аулаларга қойылатын талаптар

Еңбекшілердің санитарлық-түрмистық қажеттерін қанағаттандыру мақсатында көсіпорындар қосымша бөлмелермен және құрылғылармен жабдықталады. Олар бес топқа бөлінеді: қоғамдық тамақтандыру бөлмелері, дәрігерлік бөлмелер, санитарлық-түрмистық бөлмелер мен құрылғылар, мәдени қызмет көрсету бөлмелері мен құрылғылар және қоғамдық үйімдар орналасатын бөлмелер. Бұл бөлмелер бір ғимараттың ішіне, шу мен дірілдің және басқа зиянды факторлардың әсері төмен орындарға орналастырылады. Түрмистық бөлмелер өндірістік бөлмелердің жылу жүйесіне қосылады.

Қосымша құрылыштардың орналасатын орнына, өлшеміне және жабдықтарына қойылатын талаптар 11-92-76 құрылыш нормалары мен ережелерінде көрсетілген.

Санитарлық-түрмистық бөлмелер мен құрылғыларға жұмысшылардың сырт киімін сақтайтын орын, қол жұбыштар, өжетхана, душ бөлмесі, әйелдердің жеңе гигиеналық бөлмелері, сауықтыру пункті, тамақтандыру пункті, шылым шегетін орын, арнайы киімдерді тазарту, жуу және кептіру бөлмелері, жылышнатын бөлме, т.с.с. бөлмелер жатады. Санитарлық-түрмистық бөлмелер мен құрылғыларды таңдау өндірістік үдерістің санитарлық талаптарына сәйкес жүргізіледі. Санитарлық талаптардың негізінде құрылыштың қабат саны мен әрбір қабаттың биіктігі, едениң жерден жоғары орналасу деңгейі, шкафттар мен гардеробтардың құрылымдары, санитарлық-түрмистық бөлмелердің өнделуі, душ бөлмесінің орналастырылуы, т.с.с. жатады.

Тынығу бөлмесінің ауданы 18 m^2 -ден кем болмауы тиіс немесе әрбір адамға – $0,2\text{ m}^2$.

Көсіпорындарда еңбекті қорғау кабинеті жабдықталуы тиіс. Жұмысшылардың саны 500-ден асатын болса, дәрігерлік пункт, 250-ден асса асхана, ал одан аз орындарда ыстық тамақ дайындаудың буфеттің жұмыс істеуіне рұқсат етіледі.

Елді мекендер суды құдықтардан, көлден, өзеннен, су құбырларынан пайдаланады. Сондықтан оның тазалығына, залалсыздандырылуына мән берілуі тиіс.

Құдықтардың айналасына жас көшеттер отырғызу, оның сүйнен бактериологиялық және химиялық өндіре жүргізіп тұру қажет. Мұндай су көздері 100-200 метрге дейін қоршалып, оған ағын судың араласпауы, малдың бармауы қадағалануы тиіс. Судың құрамындағы зиянды заттардың мөлшері 245-714 санитарлық нормалардың талаптарымен шектеледі.

3.4. Улы химикаттармен жұмыс жасағандагы қауіпсіздік талаптары

Ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру мақсатында улы химикаттар, минералды тыңайтыштар, қышқылдар мен сілтілер, түрлі еріткіштер, жұғыш сүйкіттер және жанар-жагармайлар көтеп пайдаланылады. Мұның өзі ағзаның өмір сүруіне кері өсерін тигізеді. Оның өсері сол улы заттардың мөлшеріне тіке-лей байланысты.

Улы заттардың уландыруға дейінгі мөлшері және уландыратын мөлшері болады. Ал уландыратын мөлшердің өзінде ағзаны өлтіретін және өлтірмейтін мөлшерлері болады.

Мысалы: 1. Күшті өсер ететін улы заттар. Малдың әрбір килограмм салмағына шаққанда 50 миллиграмм мөлшерінде болса, малдың 50 пайызын өлтіреді;

2. Жоғары улағыш заттар. Малдың әрбір килограмм салмағына шаққанда 50-ден 200 миллиграммға дейінгі мөлшерде жұтса, малдың 50 пайызын өлтіреді.

3. Орташа улағыш заттар. Малдың әрбір килограмм салмағына шаққанда 200-ден 1000 мг-ға дейінгі мөлшерде жұтса, малдың 50 пайызын өлтіреді.

4. Улағыштығы темен заттар. 1000 мг/кг-нан жоғары мөлшерде болса, малдың 50 пайызын өлтіреді (тәжірибе тышқандарға жасалған).

Улы химикаттар мен уландырғыш заттар адамның ағзасына тыныс алу жолдары арқылы, дененің жаракаттанған жерлері арқылы, сондай-ақ ішкі ас қорыту жолдары арқылы барады және ол ағзаны қатты уландыруы мүмкін.

Улы химикаттармен жасалатын жұмыстар зиянды болғандықтан, оған 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер, жукті әйелдер, емізуі баласы бар әйелдер, дәрігерлік комиссияның рұқсаты жоқтар, науқас және мас адамдар жұмысқа жіберілмейді. Тұқымды дәрілеуге және түрлі қоспалар дайындауға жасы 55-тен асқан ерлер мен 50-ден асқан әйелдер жіберілмейді. Улы заттармен жұмыс жасауға жіберілген адамдар еңбек қорғаудың нұсқауын алуды тиіс. Сондай-ақ, мына төмөндегідей талаптар орындалуы тиіс:

- демалыс орны белгіленіп, онда қол жуғыш, сұлғі, сабын және дәрі-дәрмек болуы;
- арнайы киімдер мен қорғану қуралдары берілуі (көзәйнек, респиратор, противогаз, т.с.с.);
- жұмыстың ұзақтығы 6 сағаттан аспауы, ал күшті әсер ететін улы заттармен жұмыс істейтіндерге 4 сағаттан аспауы;
- жұмыс кезінде өрбір сағат сайын 10 минут үзіліс жасау.

Улы заттар арнайы дайындалған қоймаларда сақталады және ол тек қана мекеме басшысының рұқсатымен жауапты адамға ғана босатылуы тиіс.

Егісті химиялық заттармен өндегендегендегендегенде тұрғындар, дәрігерлік және санитарлық үйымдар ерте хабарланып, уақыты белгіленуі тиіс және ол жерлер 300 метрге дейін қоршалып, тиісті белгілер қойылуы тиіс. Бұл кезде желдің жылдамдығы 4 м/сек-тан аспауы керек. Мал қораларын дезинфекция жасаған кезде де тиісті сақтану ережелері сақталуы тиіс. Пайдаланылатын механизмдер жарамды болып, жұмыс біткеннен кейін хлорлы сумен жуылып, оның суы терең шұқырға ағызылуы тиіс. Жұмыс біткесін арнайы киімдер де содалы ерітінділермен жуылады.

Минералды тыңайтқыштардың булары мен газдары улагыш болады және олар денені күйдіруі мүмкін.

Әсіресе, азотты тыңайтқыштардың құрамындағы аммиак адамды түншықтырып жетелтуі және көзінен жас ағызуы мүмкін. Сондай-ақ, ауаның араласуымен 15-27% аммиак қопарылғыш болады және аммиак тез буланады. Сондықтан аммиак сақталатын ыдыстар жақсы тығыздалуы тиіс және оны отқа жақын жерде сақтауга болмайды.

Ауыл шаруашылығында, сондай-ақ, турлі қышқылдар мен сілтілер, жанаар-жагармайлар пайдаланылады. Олар көбіне шыны ыдыстарда сақталады. Сондықтан оларды сақтауда және пайдалануда ерекше талаптарды орындау қажет. Өйткені олар күйдіруі, улауы, жарақаттауы, тіпті өрт шығаруы мүмкін. Мысалы, бензинге этильді сүйік қосылады. Жалпы майдың құрамында күкірт, қорғасын, цинк, фосфор болуы мүмкін. Олар тыныс алу мүшелерін, теріні және көзді туршіктіреді, басты айналдырып, жүректің соғуын жиілетеді, жүйке жүйелерін қоздырады. Ал бензинге қараганда керосин мен солярканың улағыш қасиеті жоғары.

Ауаның құрамында 30 г/м³ бензиннің буы болса, адам 10-12 рет дем алғанда есінен айырылады. Егер ауада бензиннің буы 3% -дан асса (40 г/м³) бірден улайды, тіпті өліп кетуі мүмкін. Автомобильдер мен тракторларда пайдаланылатын антифриздер де улы заттардың қатарына жатады. Демек, оларды пайдаланғанда қауіпсіздік ережелері бұлжытпай орындалуы тиіс.

Улы заттармен жұмыс жасаушыларға тегін арнайы киімдер мен қорғану құралдары беріледі. Мысалы: комбинезон, кеудеше, шалбар, халат, алжапқыш, резенке қолғаптар, дұлығалар мен күлөпара, резенке етіктер, көзәйнектер, респиратор мен противогаздар.

Көсіпорынның әкімшілігі жұмысшыларды дер кезінде тапсырмамен, оны орындаудың жолдарымен, қауіпсіздік техникасымен таныстырып, зиянсыз және қауіпсіз жұмыс жағдайын жасауға міндettі. Мұның өзі адамның улануын, топырақтың, судың, ауаның және апарылған тамақтың умен ластануын болдырмаудың әдепкі жолы.

Умен жасалатын әрбір жұмысты агроном арнайы журналға тіркеп отырады және жұмысшылардың арнайы киімдер мен қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалайды.

Улы заттармен жұмыс жасағанда ашқарынға жұмыс істеуге болмайды, яғни адам тамаққа тойып алуы қажет. Жалпы талап бойынша тамақтың құрамында крахмал мен желатин болмағаны дұрыс. Өйткені, олар дененің тітіркену қасиетін төмендетеді. Сондай-ақ, малдың майлары мен сары майды жеуге де болмайды. Себебі, май уды сорып алуға икем келеді. Түздалған тағамдарды да жеуге болмайды.

Умен жұмыс жасағанда сұт (агарғанның барлық түрін), ара балын, қантты, кекөніс пен жемістерді, өсімдік майларын пайдаланған дұрыс. Жалпы С және В, дәрумендерді қабылдауға болады. Адамның ағзасы уланғанда құскысы келіп, басы айналады, тынысы тарылып, мұрнынан қан кетуі мүмкін, жүрек қан тамырлары өлсіреп, іші өтеді, есінен айырылады, ал кей жағдайда құлагы шулап, ауыз қуыстары, ішектері, қарны ауыруы мүмкін. Барлық жағдайда да оған дәрігерге дейінгі алғашқы кемек берілуі тиіс. Ең алдымен, денедегі уды кетіру керек және қалған уды зиянсыз ету қажет. Ол үшін, өуелі уланған адамды таза жерге алып шығып, сырт киімін шешіндіру, кейлегінің тамақтағы ілгегін ағыту, белбауын босату керек. Егер оның өтесінде удың қалдығы болса, оны шуберекпен сұртіп, сумен жуу, ал көзін екі пайыздық ас содасының ерітіндісімен жуу қажет. Одан кейін адамды тәсекке жатқызып, жылтыып, тәтті шай немесе кофе ішкізу керек. Ал, егер есі түгел болмаса, мұсәтір спиртін иіскету қажет. Егер тынысы тоқтап қалса, жасанды дем беру қажет.

Егер у ішкі құрылышына түскен болса, онда асқазанды жуу қажет. Ол үшін бірнеше стакан жылы су немесе марганец қышқылды калийдің өлсіз ерітіндісін ішкізіп, аузына қол тығып құстыру керек. Осылай 2-3 рет қайталаиды, сосын карболен береді.

Ал жүрек тоқтап қалғанда сырттан массаж жасайды.

3.5. Өндірістік шу, діріл және олардың көрсеткіштерін тұрақтандыру

Шу дегеніміз – адамға жағымсыз әсер ететін кез келген дыбыс. Адамның дыбысты қабылдауы оның жиілігіне, екпініне және қысымына байланысты. Дыбыстың қысымы деп оның атмосфералық қысымнан жоғары айырмашылығын айтамыз. Дыбыстың қысымы паскальмен (Па) өлшенеді.

Дыбыстың екпіні деп дыбыс толқыны арқылы белгілі бір ауданнан белгілі бір уақытта өткен энергияны айтамыз. Ол Вт/м²-пен өлшенеді.

Дыбыстың жиілігі дегеніміз – оның бір секундтағы толқуының саны. Ол герцпен (Гц) өлшенеді. Дыбыстың 1 секундтағы 1 толқуы 1 герцке тең.

Адамның жай сейлескендегі дыбысының орташа деңгейі 40 децибелл болып есептеледі.

Өндірісте шудың шектелген мөлшері белгіленген. Ол жиілігі төмен шулар – 40-100 дб, жиілігі орташа шу – 85-90 дб, жиілігі жоғары шу 75-85 дб-ге дейін адамға зиянсыз.

Шудың деңгейін шу өлшегішпен (шумомер) өлшейді. Ойлау арқылы (оку, жазу) жұмыс істелетін бөлмелерде шудың мөлшері барлық жиіліктегі 60 дб-дан аспауы керек.

Станоктарда шудың мөлшері 80-100 дб, пневмопрестерде – 120 дб, реактивті двигательдерде 140-тан жоғары болады.

Жалпы шудан қорғану үшін құлаққа киетін наушниктер пайдаланылады. Мысалы, механизаторлар мен жөндеушілерге берілетін ВЦНИИОТ-1 наушнигі жоғары жиіліктегі 110-120 дб шудан қорғай алады.

Ультрадыбыс деп жиілігі 20 кгц-тен жоғары дыбыстарды айтамыз. Дыбыстың жиілігінің нормасы 10 кгц-тен аспауы керек. Ал жиілігі 10 кгц-тен 20 кгц-ке дейінгі дыбыстар инфрадыбыс деп аталады. Бұлардың қай-қайсысы да құлаққа, жүйке жүйелеріне кері әсер етеді, адамды шаршатады, еңбек өнімділігін төмендетеді.

Бұл жағдайларда өндірісті барынша автоматтандырып, оны дистанциядан, яғни қашықтан басқарған жөн.

Оған қоса, дыбысты азайтатын шараларды және дыбыстап қорғанатын құралдарды пайдалану кажет.

Мәселен, шулы заттарды (құралдарды) бөлек бөлмеге орналастыру, технологиялық үдерістерді өзгерту немесе құралды жаңа құрылымымен алмастыру; бөлмеге түрлі шу түншықтырғыштарды орнату; машиналар мен механизмдерді жарамды күйде ұстау – осының барлығы шудың деңгейін тұрақтандырудың амалдары.

Діріл дегеніміз – машинаның немесе оның кез келген бөлшектерінің, сондай-ақ олар орналасқан жердің серіппелі толқуы.

Дірілдің екпіні оның амплитудасы мен жиілігіне байланысты.

3-кесте

Дірілдің нормасы


Амплитудасы, мм	Жиілігі, Гц	Жылдамдығы	
		м/с	дб.
1,300	2	11,2	107
0,300	4	5	100
0,050	8	2	92
0,030	16	2	92
0,010	31,5	2	92
0,006	63	2	92

Дірілдің деңгейі 16-20 Гц-тен асқанда дыбыс пайда болады, ал жылдамдығы 1 м/с болғанда денені ауыртады, жүйке жүйелері мен жүрек-буын жүйелеріне әсер етеді.

Сондықтан мұндай жердегі жұмыстарға жасы 18-ге толмағандар мен жүкті әйелдерді пайдалануға болмайды. Жұмыс істейтіндердің тағамдарының құрамында В дәрумендері болуы керек. Дірілді жерде ауысым уақытының бөлігінде гана жұмыс істеуге болады және әр сағат сайын 10-15 минут демалыс жасалуы тиіс. Мұндай жұмыстарды бір ауысымнан артық қалып жасауға болмайды.

Дірілдің деңгейі түрлі виброметр, вибрографтармен (ВР-1) және шу мен діріл өлшегіштерімен (ИИВ-1) өлшенеді. Бұл жұмыстарда жұмыс істеу үшін қосымша арнайы киімдер, мәселен, дірілден қорғайтын аяқ киім,

қолғап, резенке төсөніштер, кекірекше, белдік, арнайы костюмдер пайдаланылады.



6-сурет. Шу мен дірілдің деңгейін олшейтін ИШВ-1 аспабы:

- 1 – микрофон; 2 – олшевуштың кірісі; 3 – сұзгі жиілігінің аудиостандарттық қосқышы; 4, 5 – реттегіш бұрандалар; 6 – «Микрофон датчиктің» қосқышы; 7 – белгі беру шырағы; 8 – «Калибр» цяшығы; 9 – көрсеткіш аспап; 10 – жерге түйіктегіш; 11 – жазғыш аспапқа шығу; 12 – текстес жұмыстардың аудиостандарттық қосқышы; 13 – «Децибел-11» аудиостандарттық қосқышы; 14 – олшев тәтігін аудиостандарттық қосқышы; 15 – «Децибел-1» аудиостандарттық қосқышы

3.6. Өндірістік жарықтандыру және оны тұрақтандыру

Адамның өмір сүруі үшін қажетті жағдайдың бірі – жарық. Жарықтың көзге әсер етуінен онда электромагниттік толқындар пайда болады. Сол толқындардың шамасына қарай оның адам ағзасына әсер етуі де түрліше болады. Жақсы жарық адамның көңіл күйін жақсартып, жүйке жүйесінің қызметін қалыптастырады, ендек өнімділігінің артуына әсер етеді. Ал, егер жұмыс орнын-

да жарық нашар болса, онда адам шаршагыш болады, жиі қателеседі, тіпті көзді нашарлатып, қайғылы оқиғаға үшырауына себеп болуы мүмкін.

Сондықтан өндірістік жарыққа тәмендегідей талаптар қойылады:

- жұмыс орнының жарығы мен оның құрамы күннің жарығына жақын болуы тиіс;

- жарықтың деңгейі нормаға сай жұмыс жасауға жеткілікті дөрежеде болуы тиіс;

- жарық бірқалыпты және тұракты болуы тиіс;

- жарықтың деңгейі шамадан тыс жоғары болса, жұмыс орнындағы заттарды жылтыратып, көзге кері әсер жасауды мүмкін.

Өндірістік жарықтандыру екі түрлі жолмен, яғни табиғи және жасанды жарықтармен атқарылады.

Табиғи жарықтылық дегеніміз – күн сөүлесінің немесе аспан күмбезінің түсіретін жарығы. Ол жарық жұмыс орнына жоғарыдан, қапталдан немесе аралас түсірілуі мүмкін. Әдетте, жоғарыдан және аралас түсірілген жарық бөлмені біркелкі жарықтандырады.

Табиғи жарық жеткіліксіз болған жағдайда және тун мезгілінде жасанды жарықтар пайдаланылады. Бұл жағдайда қызу лампалары немесе люминесцентті лампалар қолданылады. Жасанды жарықты пайдалану мақсатына қарай жұмысшы, апарттық, эвакуациялық және сакшы жарық деп бөледі. Сондай-ақ, жасанды жарықтылық орналастырылуына қарай жалпы жарық, жергілікті жарық және аралас орнатылған жарық болуы мүмкін. Жалпы жарық бөлмені түгелдей біркелкі жарықтандырады, жергілікті жарық тек қана жұмыс орнын жарықтандырады, ал аралас орнатылған жарық жоғары дөлдіктегі жұмыстарды атқаратын жұмыс орындарын жарықтандырады.

Өндірістік бөлмелерде өндөлетін затқа, түсірілуге тиісті жарықтың тәменгі деңгейі жұмыстың түрінебайланысты 11-4-79 санитарлық нормалар мен ережелерде белгіленген. Осы нормаға сәйкес, ең жоғары жарық

5000 люкс (Іа тобы), ең төменгі жарықтылық 30 люкс (VIIIв тобы). Жалпы жарықтандыру мақсатында пайдаланылатын шырағдандардың жарықтылығы қызу лампалар үшін 100-50 люкс, ал люминесцентті лампалар үшін 500-150 люкс аралығында болуы тиіс.

Көзбен көріп жасалатын жұмыстардың бұл сегіз тобы белменің ішіндегі жұмыс орындары үшін белгіленген болса, сырттағы жұмыстар үшін жарықтылығы 50-ден 2 люкске дейінгі аралықтағы қосымша бес топ (IX-XIII) енгізілген.

Апattyқ жарықтан пайда болатын ең төменгі жарықтылық белменің ішінде 2 люкстен кем болмауы, ал кәсіпорынның ауласында 1 люкстен кем болмауы тиіс.


Эвакуациялық жарық адамдарды қауіпсіз құтқару үшін жасалады және оның деңгейі белме ішінде 0,5 люксті, ал сыртқы аулада 0,2 люксті қамтамасыз етуі тиіс.

Сақшы жарық ауланың шекарасын жарықтандыру үшін жасалады және оның жарықтылығы 0,5 люкстен кем болмайды.

Жұмыс орындарының және агрегаттардың ұтымды жарықтандырылуы енбек өнімділігінің артуына және енбекшілердің жаракат алу мүмкіндігін азайтуға ықпал етеді.

Табиги жарықтылықтың деңгейі оның коэффициентімен бағаланады (e). Мысалы: машина жөндеу шеберханасында – (2-3), мал қораларында – (2), қоймалар мен гараждарда (1)-ге тең.

Табиги жарықтың нақты мөлшерін люксметр деген құралмен анықтайды. Жарық селеналық фотоэлементке түскен кезде электр қозғауыш күш пайда болады да, гальванометрдің нұсқарын бұрады. Ол люкспен өлшештін етіліп межеленген.



7-сурет. Люксметрдің сыйзбасы:

1 – болат пластина; 2 – селена; 3 – жапқыш мөлдір қабат; 4 – мөлдір алтын қабат; 5 – металл сақина; 6 – жарық сүзгісі; 7 – гальванометр

Табиғи жарықтылық коэффициенті бөлменің ішіндегі жарықтылықтың сырттағы жарықтылыққа қатынасына тең.

$$e = \frac{E_{\text{иши}}}{{E}_{\text{сиркеки}}} \cdot 100, \quad (8)$$

Жарық бөлменің қабырғасының және бөлмегеңі жабдықтардың түсіне байланысты болады. Мысалы, ақ қабырғадан жарықтың 80 пайызы қайтса, көк қабырғадан тек 11 пайызы ғана қайтады. Сондай-ақ, терезенің, лампалардың шаңын сүртіп түру кажет.

Жасанды жарық көдімгі шамдармен және шырақтармен жасалады. Лампалардың қуаты, қойылатын орны есептелуі тиіс.

Бір шырағданның жарықтылығын тәмендегі формула мен анықтауға болады:

$$\Phi = \frac{I_n \cdot S \cdot Z \cdot K}{N \cdot \eta} LM, \quad (9)$$

I_n – жарықтың нормасы, лк

S – бөлменің ауданы, м²

$Z = 1,15$ – орташа жарықтылықтың ең төмен жарықтылыққа қатынасын анықтайтын коэффициент

K – қор коэффициенті

N – шырағданның, светильниктің саны

η – жарықты пайдалану коэффициенті.

3.7. Зиянды сәулелену және одан қорғану жолдары

Ауыл шаруашылығында түрлі насекомдармен қарсы күресу мақсатында, азық-тулікті қайнатып залалсыздандыру мақсатында және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгенде радиоактивті заттар пайдаланылуы мүмкін. Олар зиянды сәулелер шығарады. Қоршаган ортаның сәулеленуі сыртқы сәуле көзінің өсерінен немесе ағзаның іші арқылы және аралас жағдайда өсеретуі мүмкін. Өрине, өндірісте мүмкіндігінше сәуле көздері жабық жағдайда пайдаланылады. Оған қоса, радиоактивті заттармен жұмыс жасағанда төмендегідей талаптар орындалуы туіс:

- радиоактивті сәуле көздері қоршалып қойылады;
- сәулени жерге немесе адам жоқ жаққа бағыттау қажет;
- сәуле көзін адамнан қашық жерге орналастыру қажет;
- сәуле жанында адамдардың көп журмеуін қадағалау қажет;
- сәуледен қорғандыратын экрандарды пайдаланған дұрыс.

Адамның денесіне енген сәуленің мөлшері бәрмен өлшенеді.

Егер адам денесіне бір рет 25 бәр сәуле енсе, онда адамның денсаулығында өзгеріс бола қоймайды.

Ал 50-ден 100 бәр аралығында адам шаршап, құсқысы келеді. Бірақ ол тез қалпына келеді. 100 бәрден асқан кезде адам сәүлелену науқасына шалдығады.

Адам сәүленің мәлшері 700 бәрден асқанда өледі. Тіпті, радиоактивті сәүле адамның ағзасына аз-аздан бірнеше рет өсер етсе, онда күші жиналып, ақыры өлімге душар етуі мүмкін.

Адам ағзасына сәүленің өсерін жеке дозиметрлер арқылы және бөлменің ішіндегі сәүленің мәлшерін анықтайтын тұрақты приборлармен өлшеп білуге болады.

Мұндай жұмыстарға жасы 18-ден асқан адамдар дәрігерлік байқаудан өткеннен кейін жіберіледі. Жүкті әйелдер ондай жұмыстардан босатылады.

Жоғарыда айтылған сәүлелер – иондандыратын сәүлелер, яғни зарядталған атомдарды пайда ететін сәүлелер деп аталады. Ондай сәүлелерге: гарыштық сәүлелер, ядролық реакторлар, рентген қондырғылары, сондай-ақ белшектерді дефектоскопия жасайтын, пісірудің сапасын анықтайтын аспаптар мен түрлі автоматтандырылған қондырғылар шығаратын сәүлелер жатады. Сондықтан ондай жерлерде жұмыс істегендегі арнайы киімдер мен қорғану құралдары пайдаланылуы тиіс.

Мал шаруашылығының өнеркәсіптік негізге көшуі инфрақызыл және ультракүлгін сәүлелер шығаратын жарық көздерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Инфрақызыл сәүлелер затты қыздыру үшін, ал ультракүлгін сәүлелер жануарлар мен құстарды сәүлелермен емдеу үшін пайдаланылады. Сондай-ақ, оның екеуі де сүтті пастерлеуге, сапасын арттыруға пайдаланылады.

Инфрақызыл және ультракүлгін сәүлелер шығаратын электр қондырғыларын пайдаланғанда төмендегідей талаптар орындалуы тиіс:

- ең алдымен электр қауіпсіздігі сақталуы қажет;
- сәүлелендіретін қондырғылар орнатылған жерде қауіпсіздік техникасы жазылған нұсқау ілініп қойылады;
- бұл сәүлелер кезге зиянды болғандықтан, оған жақын жерден қарауға болмайды (тіпті көзәйнекпен де);

Кәдімгі люминесцентті шамдарда сынап болатындықтан, олардың жарамсыздарын сындырып, шұқырға көмү қажет. Теледидар, радио, терминалық-электрлік өндөу жасайтын қондырғылар да инфрақызыл және ультракүлгін сөулелер шығарады. Оның электрмагнитті өрісі адам ағзасына зиянды өсер етеді. Олардан қорғану үшін түрлі экрандар пайдалану, арнайы киімдер мен көзейнектер пайдалану қажет.

Жоғарыда аталған сөулелердің деңгейі белгіленген мөлшерден асқанда адам ағзасына зиянды болады. Сондықтан ондай жерлерде жұмыс жасағанда сакталуға тиісті қауіпсіздік шараларын білу қажет. Мемлекеттік стандартқа сәйкес зиянды сөулеленуден қорғану құралдары ұжымдық және жеке қорғану құралдары болып екі топқа бөлінеді. Жеке қорғану құралдарына тыныс алу мүшелерін, басты, көзді, қолды, бетті қорғайтын құралдар, қорғаныш костюмдер, киімдер мен аяқ киімдер жатады. Ұжымдық қорғану құралдарына иондағыш, электрмагниттік, инфрақызыл, ультракүлгін сөулелерден қорғайтын және оптикалық, кванттық генераторлардың сөулелері мен магнитті және электрмагнитті өрістердің зиянды өсерінен қорғайтын құралдар жатады.

Ультракүлгін сөулелерден ұжымдық қорғану мақсатында өр түрлі қоршаулар, ая алмастырыш құрылғылар, автоматты бақылау және белгі беру құрылғылары, қашықтан басқару, қауіпсіздік белгілері пайдаланылады. Сондай-ақ, түрлі экрандар, көзілдіріктер, арнайы киімдер қолданылады.

Электрмагнитті өріс шектен тыс асқан жағдайда жұмыс кестесін тиімді етіп жасау, жұмыс орнын электрмагнитті өріс көзінен аулақ орналастыру, экрандар орнату, ескерту белгілері мен жеке қорғану құралдарын пайдалану қажет.

«Сөулелену қауіпсіздігінің нормаларында» кез келген негізсіз зиянды сөүле көздерін жою, зиянды сөүле шығару мөлшерін барынша төмендету, оны белгіленген мөлшерден асырмай сияқты алдын алу шаралары қарастырылған.

Зиянды сөуле шығару қауіптілігіне қарай радиоактивті заттар А, Б, В, Г болып төрт топқа бөлінеді. Радиоактивті заттардың ашық көздерінде жасалатын жұмыстар үш класқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өздігінше бөлмені орналастыру мен жабдықтаудың талаптарын анықтайды. Бөлменің есігіне жұмыстың класы және радиациялық қауіптілік белгісі ілінеді. Ауа алмастырыштарды пайдалану, қашықтан басқаруды үйымдастыру, радиоактивті изотоптар сақталатын ыдыстарды пайдалану иондағыш сөулелерден ұжымдық қорғанудың амалдары болып табылады. Оған қосымша, еңбекшілердің өздерінің жеке гигиеналық талаптарды сақтауы, жүйелі турде дозиметриялық бақылаудан өтіп тұруы, жеке қорғану құралдарын пайдалануы зиянды сөулеленудің алдын алуудың тиімді шарты болады.



1. Өндірістік санитария деген не?
2. Жұмыс орнындағы жылудың мөлшері қандай болуы тиіс?
3. Ауаның температурасын, ылғалдылығын, қозгалу жылдамдығын және қысымын қандай приборлармен елшайді?
4. Ультрадыбыс және инфрадыбыс дегеніміз не?
5. Адамдардың қарапайым сейлесуі қандай мөлшерде шу шығарады?
6. Жұмыс орнының микроклиматы дегеніміз не?
7. Улы химикаттардың қоймасы елді мекеннен қандай қашықтықта болуы тиіс?
8. Өндірісті жарықтандырудың қандай жолдары бар?
9. Радиоактивті сөulenең өлшем бірлігі қандай?
10. Инфрақызыл және ультракүлгін сөулелер деген не?



Petri	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Жұмыс орнындағы ауанның көзғалу жылдамдығының нормасы қандай болуы тиіс?	A. 0,4-1,2 м/сек; B. 0,6-1,4 м/сек; C. 0,2-1,0 м/сек.
2.	Өндірісте ер адамға белінуге тиісті жердің ауданы қанша болады?	A. $2,5 \text{ м}^2$; B. $3,5 \text{ м}^2$; C. $4,5 \text{ м}^2$.
3.	Табиги жарықтың нақты молшерін олшектін күралды атаңыз?	A. Амперметр; B. Вольтметр; C. Люксметр.
4.	Өлген мәлді кометін жер корадан қандай жаңықтықта болуы тиіс?	A. 300 метр; B. 400 метр; C. 500 метр.
5.	Адам ағзасына ағынсыз радиоактивті соуденің молшері қандай?	A. 700 бәр; B. 70 бәр; C. 25 бәр.



Жұмыс орнының микроклиматын, өндірістік шуды және жұмыс орнының жарықтылығын анықтау жұмыстарын 8-тараудағы үлгіге сәйкес орындаңыз.



Калориферлі қондырғыны іріктеу жұмысын орындаңыз.

4-ТАРАУ

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ

§1. Қауіпсіздік техникасының маңызы мен міндеттері

Қауіпсіздік техникасының міндеті еңбекшілердің жарақаттануын болдырмайтын шаралар мен құралдарды жете зерттеп жетілдіру болып табылады.

Жарақаттануды болдырмаудың шаралары деп оның себептерін жою шараларын, яғни үйымдастыру, үйымдастыру-техникалық, техникалық, санитарлық-техникалық себептерді және жұмысшының жеке басының психикалық-физиологиялық факторларына байланысты себептерді жоюдың шараларын айтады.

Жарақаттанудың үйымдастыру себептеріне еңбектің дұрыс үйымдастырылмауы, еңбек қорғауды үйымдастыруға жауапты адамды тағайындау жөніндегі бүйректың болмауы, еңбек тәртібінің тәмен болуы, жұмысшылардың еңбек қорғауға оқытылмауы, жұмысшыларды жұмысқа қосу тәртібінің дұрыс болмауы, т.с.с. жатады.

Үйымдастыру-техникалық себептерге жүк көтергіш машиналар мен механизмдердің, су қыздырғыштары мен бу қазандарының мерзімді байқаудан өткізілмеуі, машиналарға техникалық күтім жасау мен оларды жендеудің нашар үйымдастырылуы, электр жабдықтары мен қондырғыларының жүйелі түрде тексерілмеуі, т.с.с. жатады.

Жарақаттанудың техникалық себептеріне техникалар мен құралдардың ақаулықтары, машиналар мен механизмдердің құрылымының кемшіліктері жатады. Мысалы, тракторларда тежеуіштің өлсіздігі, рульдік басқарудың ауырлығы, орындықтың ынгайсыздығы, бұры-

лыстарда және еңкіш жерлерде трактордың орнықсыздығы, тракторлардың аспа механизмі мен тіркеу жабдықтарының жетілдірілмеуі, т.с.с. жарақаттанудың техникалық себептерін тудырады.

Жарақаттанудың санитарлық-техникалық себептеріне еңбек жағдайының жайсыздығы, еңбекшінің тез шаршататын, қауіпті жағдайларды байқап одан тез қорғану қабілетін жоютын жағымсыз еңбек жағдайы жатады. Ауаның газдануы, жоғары шу, жұмыс орнының қоқырып жатуы, жылудың және ауа алмастырудың жеткіліксіздігі, демалыс бөлмесінің болмауы, т.с.с. санитарлық-техникалық себептерін жасайды.

Еңбекшінің жекебасының себептеріне адам бойындағы психикалық-физиологиялық факторлар, яғни есте сақтау қабілетінің нашарлығы, үқыпсыздығы, сақсыздығы және басқа жекебастың қасиеттері мен ерекшеліктері жатады.

Сондай-ақ, басшылар мен мамандар жұмысшылардың шылым шегуі мен спиртті ішімдіктер ішүіне қарсы курес жүргізуі, олардың спортпен және басқа дene тәрбиесімен айналысұна ықпал етуі, т.б. салауатты өмір салтын қалыптастыратын шарапарды іске асырып отыруы қажет.

Қысқасы, жарақаттануға қарсы куресте еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасаудың және жұмысшылардың тиісті тәртібін қамтамасыз етудің жоғарыда айтылған себептерін жоюдың шарапары іске асырылуы тиіс.

Ол шарапар төмендегідей жұмыстарды қамтиды:

1. Жұмыс орнында еңбектің қауіпсіз жағдайын жасау.
2. Барлық жұмысқа қатысушылардың тиісті тәртібін қамтамасыз ету, яғни:

- өндіріс мәдениетін көтеру және жұмысшылардың өндірістік шеберлігін үнемі жетілдіріп отыру;
- өндірістің салаларын жарақтандыру, автоматтандыру, қашықтан басқаруды енгізу;
- жұмысқа қабылдау мен жұмысшыны жұмысқа пайдаланудың талаптарын орындау;
- қауіпті жабдықтарды алмастыру;
- еңбекшілерді еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытып тұру;

- еңбек заңдылықтарының нормаларын сақтау;
- еңбек қауіпсіздігінің стандарттарын енгізу;
- еңбек қорғау жұмыстарына бақылау жасау;
- өндірістік жарақаттанудың себептеріне тиянақты талдау жасап, оны болдырмаудың шараларын іске асыру;
- әрбір жұмыс орнына еңбек қорғаудың нұсқауларын жасап, оның орындалуын үйімдастыру.


Әрбір кесіпорында еңбек қорғаудың іс белмесі жабдықталып, қауіпсіздік техникасы жеңіндегі бұрыштар үйімдастырылуы тиіс. Жұмысшылардың арнайы киімдермен, жеке қорғану құралдарымен жұмыс істеуін үнемі қадағалау қажет.

4.2. Өндіріс мәдениетін арттыру жұмыстары

Өндірісті жетілдіру, оның өсуінің жоғары дөрежесіне жету үшін жұмысты екі бағытта жүргізу арқылы іске асырылады.

1. Өндірістің үйімдастыру және техникалық деңгейін арттыру арқылы, яғни өндірістің техникалық мәдениетін жетілдіру арқылы;

2. Еңбек жағдайын жақсарту арқылы, яғни еңбек мәдениетін көтеру арқылы.



4.3. Еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін психикалық-физиологиялық факторлар

Адамның бойында қоршаган ортаның жағымсыз және қауіпті жағдайларынан сақтандыратын орталық жүйке жүйелерімен байланысқан сезім мүшелері жұмыс істейді. Мысалы, тері арқылы адам жылу мен салқынды ажыратады, көз арқылы дененің түрін, көлемін, қозғалуын ажыратады, құлақ арқылы дыбысты ажыратады, мұрынмен иісті байқайды, т.с.с. Алайда, бұл мүшелердің қызметі әр адамда әр түрлі болуы мүмкін. Соңдықтан жұмысқа орналасар кезінде және жұмыс істеп жүргендегіде ауық-ауық дәрігерлік байқаудан өткізіледі. Мұның өзі еңбек қауіпсіздігін сақтаудың алғышарты болып табылады.

Сонымен, еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін психикалық-физиологиялық факторлар төмендегідей: сезу, қабылдау, назар аудару, есте сақтау, ойлау, әсерлену, жұмысқа қабілеттілік, шаршағыштық.

Сезину, сезу – қоршаган ортадағы құбылыстардың кейір қасиеттерінің адамның үғымына әсері. Егер адамның бір мүшесі кенет қатты ауырса немесе бір заттан қатты дыбыс шықса, тіпті жарық бірден кенет жарқ ете қалса адамда қорғану реакциясы пайда болады. Мысалы, машинаның моторындағы дыбыс, әйтпесе машинаның қыратты жерде қисауы, т.с.с. құбылыстар адамның сезіміне әсер етпей қоймайды. Әрине, сезу адамның сезім мүшелерінің жұмысына, оның сол жұмысты сапалы және дер кезінде орындауга деген ынтасына байланысты.

Қабылдау, үғыну – адамның үғымына қоршаган ортаның жеке қасиеттерінің емес, түгелдей, толық әсері, яғни ол иллюзия (қиялдану, үміттену).

Иллюзия (қиялдану) дегеніміз – құбылысты, затты оның арақашықтығын өзгеше үғыну. Мысалы, қатты айналып тұрған бөлшектер бір қараганда тоқтап тұрған сияқты болып көрінеді. Ол қайғылы оқиғаға душар етуі мүмкін.

Назар аудару, зер салу – еңбек қауіпсіздігінің басты кеплілі. Ол кезде адам басқа ешнәрсе ойламай, тек қана назары қолындағы затқа түседі. Мысалы, журғізуши машина айдағанда жолға ғана қарап отырады. Адамның бір затқа қызығып, еріксіз назар аударуы мүмкін. Мұндай жаңғалақтықтың өсерінен адам жарақат алыш қалуы мүмкін.

Есте сақтау, жадында сақтау – адамның бұрын көрген, естіген, қабылдаған сезімдерінің белгі беруі. Эр адамның есте сақтау қабілеті өр түрлі болады және ол адамның зерделілігіне, сол құбылысқа назар аударуына байланысты.

Ойлау – құбылыстың қасиеттерін және олардың өзара байланысын анықтау мақсатында есте сақталған жайларды пайдалану арқылы атқарылатын адам бойындағы жоғары психологиялық үдеріс. Мәселен, автомобиль жүргізушісін трактор айдауға отырғызғанда, ол ойланып, жылдамдықты дұрыс таба білуі қажет. Әйтпесе апатқа үшырауы мүмкін.

Өсерлену, қызығу – адамның затқа қатынасын білдіреді. Оның пайдасы да, зияны да бар. Сондықтан, барлық жағдайда адам өзін-өзі игере білуі қажет.

Жұмысқа қабілеттілік, іскерлік – адамның өз жұмысын мерзімінде сапалы орындау қабілеті. Ол адамның денсаулығына, машықтануына, еңбек пен демалыс режимін дұрыс пайдалануына байланысты.

Шаршағыштық – адамның қабілетінің төмендеуі. Ол кезде адамның есте сақтау қабілеті нашарлап, зерделілігі төмендейді, қауіпті жағдайды алдын ала сезбейді. Ондай адамдарға демалыс беріледі, жұмысқа қосуға болмайды.

Осы айтылғандарға қоса, адамның қауіпсіз жұмыс жасаудың бүкіл ұжымның еңбек қорғау ережелерін сақтаудың үлкен маңызы бар. Еңбек қауіпсіздігіне дұрыс көңіл бөлінген кесіпорындарда қайғылы оқиғалар сирек кездеседі.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді шаралары жоғарыда айтылған факторларды зерттеп, талдай отырып жасалады.

Мысалы, тракторларды және басқа өздігінен жүретін, ауылшаруашылық машиналарын жүргізуге жасы 17-ден асқан, тиісті құжаты бар және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау алған адамдар жіберіледі. Ал жай ауылшаруашылық машиналарында жұмыс істеуге 16 жастан рұқсат етіледі. Бірақ олар машинаның құрылышын, оған күтім жасауды және қауіпсіздік техникасын білуі тиіс.

Машиналарда жұмыс істеуге ішімдік ішкен адам жіберілмейді. Автомобилді жүргізуге жасы толған, тиісті күелігі бар адамдар жіберіледі.

4.4. Қауіпті аймақтар және машиналар мен механизмдерге қойылатын талаптар

Қауіпті аймақтар деп жұмыс орнындағы адамның жарақат алуына ыңғайлы жерлерді айтамыз. Мысалы: машиналардың қозғалыстағы бөлшектері, ток жүріп түрған ашық электр сымдары, жук көтергіш крандар жұмыс істейтін жерлер, тіпті мал шаруашылығында – күтімдегі майдар.

Қауіпті аймақтарда адамдардың жарақат алуын болдырмау үшін:

1. Жұмысшыны ол жерге барғызбау керек; ол үшін қауіпті аймақты қоршау және қашықтан басқаруды үйімдастыру қажет;

2. Машиналар мен механизмдерді жаракты күйде үстauen қажет;

3. Жұмысшының ол жерде қатаң тәртіп сақтауы қажет. Ол үшін жұмысқа рұқсат етудің белгіленген талаптары орындалуы керек, жұмысшыларды қауіпсіздік техникасына оқыту керек, жұмыс орнында ескерту плакаттарын, қауіпсіздік белгілерін іліп, жарық және дыбыс белгілерін пайдалану қажет. Мысалы, машинаны жүргізег алдында белгі берілуі тиіс.

Ауыл шаруашылығындағы техникаларда қауіпсіз жұмыс жасау, ең алдымен, олардың барлық агрегатта-

рының жаракты болуына байланысты. Сондықтан тракторларға темендеңгідей талаптар қойылады:

- тракторлар толық жиынтықты және жаракты болуы тиіс;
- тракторда қажетті құралдар мен жабдықтар, су құятын термос, дәрі салынған қорап болуы қажет;
- трактор үшқын сөндіргішпен, от сөндіргішпен, темір күрекпен қамтамасыз етілуі тиіс.

4.5. Электр және қопарылыс қауіпсіздігі

Адамның ағзасына электр тогының әсері әр түрлі болуы мүмкін. Атап айтқанда, токтың әсерінен адам денесіндегі үлпалардың жыртылуы, дененің куюі, қанның үюйі, жүйке жүйесінің жұмысының бұзылуы, сол арқылы жүректің, өкпенің және кейбір бүлшық еттердің жұмыстары тоқтауы мүмкін.

Электр тогының адамға әсерін, негізінен, екі түрге беледі:

- электр жаракаты (дененің кейбір жерлері);
- электр соққысы (жүрек пен өкпенің жұмысының бірдей тоқтауы).

Көп жылғы зерттеудің қорытындысы бойынша, жиілігі 50 герц, күші 0,1 ампер ток 3 секунд ішінде адамның жүрегін тоқтатады. Адам 0,02 ампер токта есінен айырылып, өзін-өзі игере алмайды. 0,01 ампер ток қауіпсіз деп есептеледі, өйткені бұл кезде адам токтан қолын өзі ажыратып әкете алады.

Токтың адамға әсері оның жанасу уақытына да байланысты.

Тіпті токтың адам денесімен жүру бағыты да шешуші рөл атқарады. Өйткені, жүрек арқылы өткен ток өте қауіпті болады, сондай-ақ жүйке жүйесіне токтың әсер етуі де өлімге душар етеді. Мысалы, жүйке жүйесіне әсер еткен 0,08 ампер токтың өзі адам өлтірген.

Электр тогының малға әсері де адамға жасайтын әсерімен бірдей.

Енді электр тогынан қорғану жолдары қандай?

1. Электр қондырғыларында жұмыс істеуге тек қана күөлігі бар, аттестациядан өткен адамдарға рұқсат етіледі және олар инструктаждан өтуі тиіс;


2. Токпен жұмыс жасайтын адамдардың денесі, киімі, құралдары құрғақ болуы тиіс;

3. Токпен жұмыс істегендегі қорғану құралдарын пайдалану қажет. Олар: изоляцияланған тұтқалар мен құралдар, ток өткізбейтін резеңке қолғаптар мен кебістер, уақытша қоршаулар, электр тогын жерге түйіктәштәр, нөлдік сымға түйіктай, көзөйнектер, монтердің белдіктері, т.с.с.


4. Электр қондырғылары орнатылған жерлерге түрлі плакаттар мен жазулар ілінуі қажет. («өмірге қауіпті!», «кіруге болмайды!», «кернеумен жұмыс істеп түр!», т.с.с.);

Жұмыс барысында электрлік қондырғылардың ток жүретін жерлерінің сыртқы оқшаулағыш қаптамалары зақымдануы мүмкін. Соның әсерінен электрқозғалтқыштың қорабы, станоктар мен стендтердің қораптары, т.б. тораптардың қораптары электр тогына түйікталып электрлік кернеуде болады. Егер ол қораптарға адам жанасса, онда оны ток үрады, тіпті өлтіріп жіберуі мүмкін. Сондықтан электр қондырғыларының металдан жасалған ток журмейтін бөлшектері жерге түйікталуы тиіс. Сондаған оған жанасқан адамға әсер ететін электр тогының күші қауіпсіз деңгейге дейін төмендейді.

Нөлдік сымға түйікталған желілерде зақымдалған фазаның сымы нөлге түйікталған қорапқа жанасқан кезде сол фазада қысқа түйікталу үдерісі болады да, тез балқитын сақтандырғышты күйдіріп немесе ажыратқыш автоматқа әсер етуі арқылы апат болуы мүмкін участкени тізбектен ажыратады. Бұл үдеріс тез атқарулы үшін қысқа түйікталу тогының күші жоғары болуы тиіс.



a)



ә)

8-сурет. а) жерге түйнектау; ә) нөлдік сымга түйнектау

Электр тогының соққысынан қорғану құралдары оларды пайдалану түрлеріне қарай ұжымдық және жеке құралдар болып бөлінеді; ал атқаратын қызметтеріне қарай оқшаулағыш, қорғағыш және қосымша құралдарға бөлінеді. Оқшаулағыш құралдарға әр түрлі штангалар, айырғыш қысқыштар, кернеу көрсеткіштері, ток өткізбейтін қолғаптар, резенке төсөніштер, кеуіштер, оқшаулағыш аспаптар, т.б. жатады. Қорғағыш құралдарға әр түрлі тосқауылдар, торлар, қалқандар, көшпелі жерге түйнектағыштар, т.б. жатады. Қосымша құралдарға сақтандырғыш белдіктер, жестырнақтар, сатылар, қорғағыш кезілдіріктер, противогаздар, т.б. жатады.

Электр тогының соққысынан қорғағыш құралдары пайдалану және сақтау белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізіледі. Әрбір құралдың инвентарлық нөмірі болуы және олар қорғағыш құралдарын есепке алудың журналина тіркелуі тиіс. Қорғану құралдары белгіленген нормага сәйкес мерзімді байқаудан өткізіледі. Пайдалану мерзімі біткен немесе жарамсыз қорғану құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

Электрлік мүмкіндікті тәсістіру ауылшаруашылық малдарының электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қолданылады. Ол үшін малдың алдыңғы және артқы аяқта-

рының астындағы бетонға диаметрі 6-8 мм сым салынып, жерге түйіктағышқа жалғанады.

Статикалық электр қуаты диэлектрлік қатты, сұйық және газ күйіндегі заттардың өзара үйкелісінен пайда болады. Автоцистерналармен жанар-жағармай тасымалдағанда немесе оларды құбырлармен айдағанда, тегершік пен (шкив) қайыс белдіктің арасындағы үйкелісте, дәнді немесе сабанды турағанда олардың үйкелісінен пайда болатын зарядтар қопарылышқа, өртке, тіпті адамдардың жарақат алуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Статикалық электр қуатынан қорғанудың негізгі жолы – ол заттардың үйкелу жылдамдығын бөсендешту, жерге түйіктау арқылы зарядты жерге жіберу. Мысалы, резенке донғалақтары бар жанармай тасымалдайтын машиналарға металл, шынжыр тағылады және кем дегенде, шынжырдың бес тізбесі жерге тиіп журуі тиіс.


Жауын кезінде найзағайдың соққысы да өмірде кездесіп тұрады. Найзағайдың қауіптілігі сонда, оның соққысы тек қана жылу мен механикалық өсер жасап қоймайды, оған қоса оның электромагниттік өсері бар. Демек, найзағай денеге тікелей соққы жасауы да мүмкін және басқа бір ток өткізетін заттар арқылы да денеге өсер етуі мүмкін. Оның кернеуі, әдетте, ондаған мың вольт болады.

Бұл адамға қауіптілігімен қатар, өрт шыгаруы, қопарылыш туғызуы мүмкін. Найзағай кебіне биік ғимараттарға, ағаштарға, электр, радио, телефон желілеріне соғады.

Сондықтан одан қорғану үшін жайтартқыш, найзағайдан қорғағыш қондырығыларын орнату керек.

Сонда найзағай биік және жерге түйікталған ғимараттар мен заттарға түсетін болады.

Найзағай кезінде далалық жерлерде жұмыс істеп жүрген адамдар жүгірмей, бір орнында отыруы, тіпті жерге жатуы дұрыс болады. Электр желілерінің, жайтартқыштардың, жеке өсіп тұрған ағаштардың жанындағы ашық өрі биік жерлерде тұру да қауіпті. Найзағай кезінде су ағып жатқан арықтардың бойында, темір-



9-сурет. Жайтартқыш:

1. Найзагай қабылдағыш;
2. Сым;
3. Жерге түйнектегіш

жолдың жанында, жайтартқыш орнатылмаған оқшау үйлерде болмаған жөн. Үйдің ішінде электр сымдарынан, радио, телефон желілерінен алыс отыру қажет. Найзагай кезінде телевизор антеннасын жерге қосып, есіктерезені, форточкины жабу керек. Осының бәрі найзағайдың соққысы болу мүмкіндігін азайтады.

Қопарылышқа қауіпті аймақ

Тез тұтанатын сұйықтардан бөлініп шығатын газдар мен булардың көлемі бөлменің ішкі көлемінің 5 пайызын алып тұратын болса, онда технологиялық аппараттан тік және көлденен бағытта 5 метрге дейінгі кеңістік қопарылышқа қауіпті аймақ деп есептеледі. Сыртқы қондырығылардың қопарылышқа қауіпті аймағы оның класына байланысты өлшемдерімен шектеледі. Мысалы, жұмыстың қалыпты режимінде ауамен араласып қопарылыш қаупін тудыратын газ немесе бу бөліп шығаратын, тез тұтанатын сұйықтар сақталатын бөлмелердің

класс В-1 аймағы; қопарылыс қаупін тудырмайтын класс В-1а-аймағы; апаттың немесе әкаулықтың өсерінен қопарылыс қаупін тудыратын класс В-1б-аймағы; жанатын газдар немесе тез тұтанатын сұйықтар сақтатын сыртқы қондырылардың класс В-1г-кеңістігі; ауада үшіп жүретін жанғыш шаң мен талшықтар бөліп шыгаратын бөлмедегі класс В-11 аймағы; қопарылыс қаупін тудырмайтын шандар мен талшықтар бөліп шыгаратын бөлмедегі класс В-11а-аймағы.

Электр жабдықтары қопарылыстан сақталу мүмкіндігіне қарай үш топқа бөлінеді: қопарылысқа қарсы сенимділігі жоғары жабдықтар, қопарылысқа қауіпсіз жабдықтар, қопарылысқа қауіпсіздігі ерекше жоғары жабдықтар.

4.6. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдары

1. Барлық өздігінен жүретін машиналарда рульдік басқару, тежеу жүйелері, ілінісу муфтасы, беріліс қорабы, тіркемелі және аспалы механизмдері, жарық пен сигнал жүйелері дұрыс жұмыс жасауы тиіс.

Мысалы, трактор сағатына 20 км жылдамдықпен жүріп келе жатқанда бетондалған құргақ жолда оның жүрісін тежеу жолы төмендегідей болуы тиіс:

4-кесте

Трактордың массасы, т	Трактордың тежеу жолы, м		
	Тіркемесіз	Бір тіркемемен	Екі тіркемемен
4 т-ға дейін	6,0	6,5	7,5
4 т-ға жоғары	6,5	7,5	9,0

Автомобилдер сағатына 30 км жылдамдықпен жүріп келе жатқанда (жүксіз машинаға) тежеу жолы төмендегідей болуы тиіс:

Автомобилдер	Тежеу жолы
Женіл автомобилдер	7,2
Салмагы 8 т-ға дейінгі жүк машиналары	9,5
Салмагы 8 т-ға жогары жүк машиналары	11,0
Ұзындыры 7,5 м-ге дейінгі автобустар	9,5
Ұзындығы 7,5 м жогары автобустар	11,0
Коляскасыз мотоциклдер	7,5
Коляскалы мотоциклдер	8,2

Донғалақтың протекторының ортасындағы бедерінің терендігі жеңіл машиналарда 1,6 мм, жүк машиналарында 1 мм, автобустарда 2 мм-ден кем болмауы керек.

Фарлар қашық жарықты қосқанда 100 м, жақын жарықты қосқанда 30 метрге дейін анық жарық беруі тиіс.

Барлық машиналарда бақылау аспаптары дұрыс жұмыс жасауы қажет.

2. Еңбек қорғаудың адамның жарақаттануына жол бермейтін техникалық құралдарын пайдалану.

Олар: түрлі қоршаулар, бірқалыпты ұстайтын блоки-ровкалар, тежегіштер, ескерту құралдары, бақылау аспаптары, қашықтан басқару, т.с.с.

Қоршаулар дегеніміз – түрлі айналыста, қозғалыста тұрған белшектерді, тіпті бүкіл агрегатты қоршайтын қаптамалар, қалқандар, күнқағарлар, тақтайшалар, кедергілер, торлар.

Қоршаулар уақытша және тұрақты болуы мүмкін.

3. Жұмысшыға қажетті еңбек жағдайын жасау. Мысалы, адамның бұлшық етіне түсетін күшті азайту мәс-сатында басқару тұтқасы мен тежегішті қосымша күштейткішпен жабдықтау, электронды техникалар мен автоматтарды пайдалану, кабинадағы орындықтардың жұмсақ болуы, кабинаның ішін желдеткіш, жылтыр-кыш, дәрі-дәрмекпен жабдықтау.

4. Жұмыс орындарында қауіпсіздік белгілерін пайдалану.

Қауіпсіздік белгілері: тыйым салушы белгілер, алдын ала ескерту белгілері, нұсқау белгілері, бағыттаушы белгілер болып белінеді.

Жалпы қауіпсіздік техникасында қызыл түсті бояу – «тоқта!», «от!», «болмайды!» деген мағынаны білдіреді;

жасыл түсті бояу – «жол ашық» дегенді, алқызыл бояу – «қауіпті!» дегенді, ал сары түс – «ескертү!», «назар аудару», «байқап журу» деген түснікті білдіреді.



10-сурет. Тыйым салушы белгілер:

1. Кіруге (өтүге) тыйым салынады;
2. Ашық от жағуга тыйым салынады;
3. Шылым шегуге тыйым салынады;
4. Сүмен сөндіруге тыйым салынады



11-сурет. Ескерту белгілері:

1. Абайла! Күйдірғіш зат;
2. Абайла! Жеңіл жанатын зат;
3. Абайла! Қоларылыс қаупі бар;
4. Абайла! Ұлы заттар;
5. Абайла! Электр тогы;
6. Абайла! Құлауы мүмкін;
7. Абайла! Жүк көтеретін кран жұмыс істеп түр;
8. Абайла! Түрлі қауіптер бар;
9. Абайла! Радиоактивті заттар;
10. Абайла! Лазерлік сәулелену



1



2



3



4

12-сурет. Нұсқау белгілері:

1. Корғану киімімен жұмыс істейу қажет;
2. Корғану қолгабымен жұмыс істейу қажет;
3. Тыныс мүшелерін қоргайтын құралдарды пайдалану қажет; 4. Өтетін жерді кедергісіз үстау қажет



1



2



3

13-сурет. Баяттауши белгілер:

1. От сөндіргіш;
2. Өртті хабарлау орны;
3. Түсіндірмелік жазуы бар баяттауши белгі

4.7. Ауыл шаруашылығында еңбек жағдайының ерекшеліктері

Ауыл шаруашылығындағы еңбек жағдайы өнеркәсіп пен құрылыштан ғарі көп өзгеше. Мәселен, егін және мал шаруашылығымен айналысадын кәсіпорындардың аумағы үлкен. Демек, жұмысшылар мен машиналардың алдын жерлерге баруына тұра келеді. Сондай-ақ, бір адам әр түрлі жұмыстарды атқаруы мүмкін.

Олар ашық ауа астында, ауа райының және жолдың түрлі жағдайларында жұмыс істейді.

Әр түрлі жұмыстарды атқару үшін түрлі-түрлі машиналар мен механизмдер пайдаланылады, машиналар мен тракторлар көбіне жолсыз, далалық жерлерде жұмыс істесе, кейде механизаторлардың жеке-жеке участкерде жұмыс істеуіне тұра келеді.

Жыл маусымының өзгеруіне байланысты жұмыстың бүкіл технологиялық үдерістері де өзгеріп тұрады. Сондықтан адамдар бір жұмыстан екінші жұмысқа ауыстырылып отырады. Қысқасы, ауыл шаруашылығында еңбек жағдайының елеулі ерекшеліктері бар.

Осылай жағдайларда, басшылар мен мамандардың еңбек қорғау шараларын сәл әлсіретуінің өзі адамдардың жаракат алуы мен науқастануына өкеліп соқтыруы мүмкін. Сондықтан жұмысшыларды әр түрлі жұмысқа пайдаланғанда еңбек қорғау заңдылықтарының ережелері қатаң сақталуы тиіс.

Айталық, автомобилдердің, тракторлар мен комбайндардың жүргізуілерінің көздері жақсы көретін, құлақтары жақсы еститін, жүйке жүйелері сау адамдар болуы шарт. Олардың жұмыс істеуге кедегі жасайтындей дене кемшіліктері болмауы тиіс.

Сол себепті, жұмысқа қабылданарда олар міндettі турде дәрігерлік байқаудан өткізіледі.

Ауыл шаруашылығының әр түрлі жұмыстарына адамдарды пайдалануда олардың жасы, жынысы, денсаулығы, көсіби шеберлігі, мамандығы, жұмыс өтілі, дәл сол кездегі ахуалы ескеріледі. Мәселен, жұмысқа науқастаның тұрған шаршаган немесе мас адамдарды пайдалануға болмайды.

Жұмыстың техникасы мен технологиясын және қауіпсіздік техникасы ережелерін білмейтін адамдарды жұмсауга тыйым салынады. Ауыр жұмыстар мен еңбек жағдайы денсаулыққа зиянды жұмыстарға әйелдер мен жасеспірмдерді пайдалануға болмайды.

Сондай-ақ, улы химикаттармен жұмыс істеуге, электр жабдықтарында, жылу жүйелерінде жұмыс жасауга,

техниканы жүргізуге тек қана арнайы дайындығы бар, сол мамандықтың қуәлігін алған адамдар ғана қабылданады. Тіпті, сурлем, пішіндеме салуға I-II класты трактор жүргізушилері пайдаланылуы тиіс.

Жұмысқа қабылданатын адамдар қауіпсіздік техникасының нұсқауын алуы шарт.

4.8. Егін шаруашылығындағы еңбек қауіпсіздігі

Егін шаруашылығындағы атқарылатын жұмыстар тракторлармен, комбайндармен және басқа түрлі ауылшаруашылық машиналарымен байланысты. Олар да қауіпсіз еңбек ету механизаторлардың, қосымша жұмышылардың қауіпсіздік техникасын менгеруіне байланысты.

Тракторлар мен комбайндарды жүргізуге жасы 17-ден асқан, арнайы дайындықтан откен адамдар жіберіледі. Тіркемелі ауылшаруашылық машиналарында жұмыс істеуіне 16 жастан рұқсат етіледі, бірақ олар күндіз және 6 сағатқа дейін жұмыс істеуіне болады. Техникада жұмыс істеуіне науқас адам және мас адам жіберілмейді.

Механизатор тек қана жарапты машинамен жұмыс жасауы тиіс, ешкімнің оны қинап істетуге күкі жоқ.

Егістік жерде жұмыс жасар алдында барлық жерді қарап шығып, шұқыр, тас, түбір бар жерлерге таяқпен белгі қою қажет. Агрегат жұмыс жасап жүрген кезде оны тазартуға, жөндеуге болмайды.

Тіркемелі құралы бар тракторларды артқа жүргізуге болмайды. Трактор жүріп бара жатқанда одан секіріп түсуге немесе мінуге, яки артқы тіркемелі құралдарға етуге болмайды. Жаңбыр жауғанда тракторды тоқтатып, одан 15 метр қашық отыру қажет. Тракторларды 15 градустан артық еңкіштігі бар жерлерде пайдалануға болмайды. Трактор жүргізуши тіркемедегі адамның белгісіне зер салып отыруы қажет. Тракторларды орнында тұрып жұмыс істейтін машиналарға қосқанда, оның айналып тұрған бөлшектері қоршалуға тиісті;

Жер өндійтін машиналармен жұмыс жасағанда төмендегідей ережелер сақталуы тиіс:

- соқаларды тіркегенде, яки асқанда тракторды тоқтату керек;
- культиватордың, фрезалардың жұмысшы мүшелерін жабық қораптарда ұсташа керек;
- жұмысшы мүшелерін тазартқанда арнайы тазартқыш құралдармен, агрегатты тоқтатып жасау керек;
- аспалы құралдарды кетеріп, түсіргенде адамның болмауын қадағалау керек;
- түрен, диск, табандарды алмастырғанда қолғап киу керек;
- жұмысшы мүшелерді қайрағанда, кезәйнек киу қажет;
- соқаның автоматын трактордың кабинасында отырып басқаруға болады.

Тұқым себетін агрегаттармен жұмыс жасағанда төмендегідей ережелер сақталуы тиіс:

- себу агрегатын дыбысты белгі беру құралымен жабдықтау қажет;
- тұқым себушілер арнайы тақтайда тұрып, қолымен тұтқадан ұстап тұрады. Оларға жәшіктің үстіне отыруға тыйым салынады;
- егер тұқым себетін машинаның артына тырма немесе каток тіркелген болса, адамның артына биіктігі 1 метр қанат (тақтайдан) жасалуы тиіс;
- тұқым себуші көзәйнек және респиратор киуі қажет.

Егін жинайтын, шөп шабатын машиналарда жұмыс жасағанда:

- комбайнның орындығы, сатысы дұрыс болып, белгі беру құралдары жұмыс істеуі қажет;
- комбайн от сөндіргіштермен, дәрі-дәрмекпен, термоспен, қажетті құралдармен жабдықталуы тиіс;
- комбайнды қозғалту алдында жан-жағында адамның болмауын қадағалау қажет;
- шынжырлар, қайыс белдікті берілістер қоршалып қойылады;

- күтім жасағанда, жөндегендеге комбайнды тоқтатып, қозғалтқышын сөндіру қажет;
- жұмысшы мүшелерін қолмен айналдыруға болмайды;
- барлық бөлшектері қатырылуы тиіс;
- астықты бункерден тусіргенде қолмен немесе аяқпен қимыл жасауға болмайды;
- тунде жарықпен жұмыс істеу қажет;
- кескіш аппаратқа, астық бастыратын аппаратқа жұмыс істеп тұрғанда жақындауға болмайды.

Егіншіліктегі қол жұмыстарында:

- күрек, кетпеннің сабы таза, тегістелген болуы тиіс;
- олармен лақтырып ойнауга болмайды;
- орақ, айырларды шөпке тығып кетуге болмайды;
- шөп органдада жанындағы адамға тиіп кетпейтіндегі сілтеу қажет;
- желінген құралдар қауіпті, сондықтан уақтылы қайрап тұру керек;
- құралдың еткірлігін саусақпен тексеруге болмайды;
- көлік ретінде пайдаланылатын аттар жуас, үйренген болуы тиіс;
- арбалар жарамды болсын;
- атқа, өгізге ауыздық салынады;
- ат арба, шанамен жүргенде мұздың қалындығы 20 см-ден кем болмауды керек.

4.9. Мал шаруашылығындағы еңбек қауіпсіздігі

Мал коралары қауіпсіздік техникасы мен өндірістік санитария талаптарына сай болуы тиіс. Асау малдардың тұрған жерінде «Сақ болыңыз!», «Сыр тулады!», «Ат тістейді», т.б. жазулар ілініп қойылуы тиіс. Жұмысқа кірісер алдында малдың байлауының дұрыстығын, жарықты және белгі беретін аспаптардың жұмысын тексеріп алу қажет. Сүзеген сиырлардың мүйізін кесіп, тебегендерінің артқы аяқтарын түсau қажет. Асау жылқыларды кутуге тек қана тәжірибелі жылқышы жіберіледі.

Мініс аттарын үйретуге, шомылдыруға маман адамдар жіберіледі және олар қауіпсіздік нұсқауынан өтуі тиіс.

Атқа мінер алдында оның ері жақсы тартылып, ауыз-дық салынуы тиіс.

Аса қауіпті малдар – бұқалар, айғырлар және шошқаның еркегі. Олармен жұмыс жасауға жасы 18-ден асқан адамдар жіберіледі. Бұқаларды екі темір шынжырмен байлайды, ал жетелегендегі мұрындық сақинасымен байлаап жетелейді, айдайтын адам екі метрлік таяқпен айдайды.

Бұқа мен сиырды бір уақытта айдалап шығаруға болмайды. Бұқаларды биіктігі 1,5 метрлік қоршауда ұсташа керек. Жылқыны қашырганда айғырды екі жылқышы ұзындығы 5 метрлік құралмен алғын шығуы керек.

Жүқпалы ауруларды таратпай, бөлмені таза ұсташа үшін сұт кешендерін А, Б, В деген санаттарға бөліп, арасын қоршаулармен бөледі және оған өзге адамдарды кіргізуға болмайды.

Жұмысшылардың арнағы киімдерін аптастына бір жуып, дезинфекциялау қажет. Ал мал соятын жерде киімді күнде жуу керек.

Сондай-ақ, мал қораларында желдеткіштер, жылу қондырғылары, жарық көздері дұрыс жұмыс жасауды қажет. Құдықтардың аузы дұрыс жабылып қойылуы тиіс. Біреуі құдықтың ішіне түссе, екіншісі сыртта арқанды ұстап тұрады. Арқан 200 кг жүк көтеретіндегі болсын және құдыққа тұсу үшін противогаз киген жен. Өйткені онда газ жиналуы мүмкін.

Мал азығын дайындаудын машиналарда жұмыс жасауға қауіпсіздік техникасының нұсқауын алған адамдар арнағы киіммен жіберіледі. Машиналарға күтім жасағанда оларды тоқтату қажет. Шепті тураганда машинаға оны қолмен итеріп салуға болмайды. Шөп булайтын машиналарға жасы 18-ден асқан, арнағы құқы бар адамдар жіберіледі. Шөп салынған шүқырдың қақпашын ашар алдында будың шүмегін жауып, тұнбаны ағызыу керек. Бу машиналары жылына бір рет тексеруден өткізілуі тиіс.

Электр тогымен жұмыс істейтін агрегаттарды, сауын агрегаттарын жөндегендеге оларды токтан ажырату қажет және «Қоспаңыз! Адам жұмыс істеп жатыр» деген жазу іліп қойылуы тиіс.

Электр тогымен жұмыс жасайтын су қыздырығыш агрегаттар ұзындығы 0,5 м құбырмен жерге түйікталуы тиіс.

Күс фабрикаларында (фермаларында) да осындай ережелер сақталуы тиіс. Оған қоса, балапан шығаратын белмеде электр қауіпсіздігі қатаң сақталып, балапандарды алар кезде жұмысшылар респиратор кигені жөн. Ультракулгін сөүле шығаратын қондырығыларда жұмыс істегендеге қараңғыланған әйнек салынған қорғану көзәйнегін пайдалану қажет.

Малдаболатын қарасан, аусыл, топалаң аурулары адамға да жұғуы мүмкін. Сондықтан мал фермаларында жаппай егу (вакцинация) жұмыстары қатаң санитарлық-малдәрігерлік бақылауға алынуы тиіс. Ал адамдар өздерінің жеке гигиенасын сақтап, қолдарын сабындаш жыуп, киімдеріне дезинфекция жасап отыруы қажет.

Кірер есікке (есіреле, шошқа мен бұзау қораларына) тесеніш тастап яки жәшікке ағаш үгінділерін салып (креозотпен араласқан ағаш үгінділерін) қою, ал ауру малдарды бөлек алып бағу керек.

Малдың кіші және үлкен дәреттерінен және астына төсеген тесеніштерден адамның денсаулығын бұзатын аммиак бөлініп шығады. Ол адамның басын ауыртады, кезін ашытады, дененің микробтарға қарсы әсерін өлсіретеді. Сондықтан қорада ауа алмастырыш пен су жолдары дұрыс жұмыс істеуі тиіс.

4.10. Мал азығын дайындаудағы қауіпсіздік шаралары

Табиги шөп дайындаудың машиналарда жұмыс жасауға сол жерде инструктаж алған адамдар қатыстырылады. Олар жұмысты бас киімін киіп, киімінің ілгегін

салып жасауы тиіс. Айналып тұрган бөлшектердің жа-
нында киімдерін шешіп немесе киіп қымылдауға, қол-
ғаптарын немесе құрал-саймандарын жұмысшы мүше-
лерінің үстіне қоюға және киімінің қалтасына үшкір
аспаптарды салуға тыйым салынады.

Тұнгі жұмыстардың алдында агрегаттың жарық беру
нүктелері тексеріліп, олардың жұмысшы органдарына
жеткілікті жарық түсірілуі тиіс.

Тракторды жүргізуді басқа адамға беруге болмайды,
сондай-ақ ол жұмысқа қатысы жоқ адамды келтіруге
тыйым салынады. Агрегаттың қозғалысы кезінде адам
тракторға мініп немесе түсіп жүруіне, шемелелерде де-
малып үйіктауға болмайды. Демалыс орны шабындық-
тан тыс жерде белгіленіп қойылуы тиіс.

Жұмыс алдында трактордың ауылшаруашылық ма-
шиналарымен жалғанған жерлерінің мықтылығы, кар-
данды берілістері мен белгі беру жүйелерінің жарамды-
лығы тексеріледі. Шеп шабатын және оны престейтін
машиналардың жұмысшы мүшелерін жұмыс үстінде
қолмен тазартуға тыйым салынады. Трактордың гидро-
шлангаларының бекітілуі, тежегіш таспалардың сенім-
ділігі тексеріледі.

Пішен маялагышпен көтеретін шөптің салмағы нор-
мадағыдан аспауы тиіс. Шөпті жинағанда көзілдірік
пен қолғап киоі қажет. Шемеле тасығыш аспапты
көтеріп қойып, электр желілерінен өтуге болмайды.
Шеп тиелген агрегаттың журу жылдамдығы тегіс
жерде 11 км/сағат, ал бір қанталына еңкіш жерлерде
5 км/сағаттан аспауы тиіс.

Пішіндеме мен сурлем салу жұмысы мекем бас-
шысының бүйрығымен қатысты мамандардың біреуі-
не жүктеледі. Траншеяны (көмбені) таптауға I неме-
се II класты трактор жүргізушілері шынжыр табан-
ды тракторлармен пайдаланылады.

Шеп тиеген кезде машинаның шанағының ернеуінде
немесе тіркемелі арбада адам болмауы керек.

Сурлем салынып болғаннан кейін көпке дейін көмір-
қышқыл газы бөлініп шығады. Сондықтан оны әрбір

ашқан сайын бір сағаттан желдетіп алыш барып жақындау қажет.

Табиғи шөпті химиялық жолмен өңдеу басқа әдістерге қарағанда тиімді болады және оны мал жақсы жейді, жұғымды болады. Қазіргі кезде фермаларда мал азығын кальцилендіру және ашыту, содалармен, мочевинамен өңдеу жұмыстары жүргізіледі.

Бұл қоспаларды дұрыс пайдаланбаса, ол малды да, адамды да улауы мүмкін. Сондықтан оларды сақтағанда, пайдаланғанда қауіпсіздік талаптары қатаң орындалуы тиіс.

Атап айтқанда, сақтайтын қоймалар құрғақ, арнайы жабдықталған, кемінде бес күндік қор сақтауға мүмкіндігі болуы тиіс, ал белмелердің есіктері құлыпталып қойылуы тиіс. Өсіреке, аммиак суы жабық ыдыстарда, жан-жағы қоршалған аулаларда сақталады. Өйткені, олар тез үшіп кетеді, ауаны ластайды. Іідыстан аққан аммиак суын тоқтатарда противогаз киіп жұмыс істеу қажет. Олармен шөпті мал қорасының ішінде өңдеуге болмайды, адамдар көзәйнек киіп, жел жақта тұрып жұмыс істеуі тиіс.

Аммиак суы ауамен қосылғанда ыстық жерде қопарылуы мүмкін. Сондықтан оның жаңында от жағуға, шылым шегуге тыйым салынады.

Бұл жұмыстарға жасы 18-ге толған, арнайы инструктаждан және дәрігерлік байқаудан өткен адамдарғана жіберіледі және бұл жұмыстарды мал дәрігерлері немесе зооинженерлер басқаруы тиіс. Ол адамдар арнайы киімдермен, қорғану құралдарымен, дәрі қораптарымен қамтамасыз етілуі қажет.

4.11. Малдарға күтім жасаудағы қауіпсіздік шаралары

Мал өнімін арттыру, олардың ауруына жол бермеу – мал шаруашылығы қызметкерлерінің басты міндеті. Ол үшін мал ауруының алдын алу, жұқпалы ауруларға

қарсы шарапарды жүргізу, сондай-ақ малдың күтімі мен жемдеуді жақсарту қажет.

Бұл жұмыстарды жүргізу кәсіпорынның бас мал дәрігеріне және бас зооинженерге жүктеледі.

Айғырлар мен бұқалардың күтіміне жасы 18-ге толмаған жасөспірімдер мен жүкті әйелдер жіберілмейді. Ал қалған малға күтім жасауға 16 жастан бастап, дәрігерлік байқаудан өткен адам кәсіподақтың келісі-мімен пайдаланылады.

Асау мал тұратын жерде «Ат тебеді, тістейді», «Сыр сузеді», т.с.с. кестелер ілініп қойылады.

Малға жылы сөйлеп, сипалап, жылы шыраймен қызмет көрсету керек. Малға күтім жасайтын адам оның өрқайсысының атын, жынысын, жасын, әдетін, мінезін және оған белгі салу өдісін білуі тиіс. Сырдың басын байлайтын жіптің мықты болуы және ол мойнын тартып түрмайтындағы ұзындау болуы шарт. Сүзеген сиырдың мүйізін мал дәрігердің айтуымен кесіп тастайды. Сиырды қолмен сауғанда оның құйрығын артқы аяғына байлаған жен. Сауыншының орындығы мықты болуы керек.

Бұқалар – ете қауіпті. Сондықтан олармен жұмыс істеңде ерекше қауіпсіздік талаптарын сақтау қажет. Ол адамдар арнайы оқытылып, аттестациялануы тиіс.

Бұқаларға күтім жасаушыларды аттестациядан өткізуіндік журналының үлгісі

Рет саны	Күні	Аттес- тация- лану- шы- ның аты- жені	Жа- сым	Осы жұмыс- тагы өтілі	Білімі- нің баясы	Комис- сия терага- сының қолы	Аттес- тация- лану- шы- ның қолы	Ескер- ту
-------------	------	---	------------	--------------------------------	-------------------------	---	---	--------------

Бұқалар тұратын жердің темір қоршауының биіктігі 1,5 метрден кем болмауы тиіс. Малды қолдан ұрықтан-дышратын жерлерде бұқалар бөлек жерде байлап қойылуы тиіс, бірақ арасы темір қада қоршаумен бөлінеді. Бұқаларды темір шынжырлармен екі жағынан байлайды. 6-8 айлық кезінде оларға сақина мұрындық салына-

ды. Бірақ мұрындықтан байлауға тыйым салынады. Сақинаны мүйізіне тартып байлаш қояды. Даға айдаш шығарарда ұзындығы 2 метр таяқ байлаш жүргізеді. Бұл кезде бұқаның алдында адам тұрмасы тиіс. Сиырды бұқамен бірге айдаш шығаруға болмайды.

Асау жөне тарпаң жылқыларды құтуғе тәжірибелі маман адамдар жіберіледі. Айғырлар бөлек орында қамалады. Қашырым кезінде айғырларға ауыздық салу керек, шылбырдың ұзындығы 5 метрден кем болмайды. Айғырды билемен бірге серуенге шығару қауіпті, оларды арнайы қоршауларда серуендетеді. Оларды жуып-тазарту, түқтаратын тазарту, тағалау арнайы дайындығы бар адамға тапсырылады.

Үйірімен бағылатын жылқыларға арнайы жайылмадар дайындалады. Жылқышы атқа ер салып мінүі тиіс. Тунде немесе боранды күндері екі жылқышы бағады.

Жылқыларға зоотехниялық-малдәрігерлік шараптар арнайы орындарда жасалуы тиіс.

Жоғалған жылқыларды іздеуге жер жағдайын жақсы билетін адамдар жіберіледі, олар сумен, шырпымен, тамақпен, дәрі-дөрмекпен қамтамасыз етілуі тиіс.

Жұмыс көлігі ретінде пайдаланылатын жылқылар әр адамға жеке-жеке бекітіліп берілуі тиіс. Олар жұмыс алдында ер-тұрманды, арбаның доңғалағын, тіркемені тексеріп алуы қажет. Арбалардың арақашықтығы қара жерде 1,5-2 м, ал мұз үстінде – 5 метр. Таулы жерлерде арабаға тежеуіш орнату қажет.

Кеші-қон кезінде, өсіресе ірі қара малы көп жаракат алады. Сондықтан олардан дұрыс үйір жасақтау қажет. Мал әр үйірден жиналған болса, олар бірін-бірі сүзіп, ма-засызданады. Сондықтан оларды көшіргенде бір үйірден және нашарларын бөлек айдаш, жасына, жынысына мән беру керек. Бір үйірде 150-ден артық мал болмағаны дұрыс.

Оларды көшіргенде күніге 15 км жер жүріп, әлсін-әлсін демалдырып отыру қажет. Көшемен жургенде машинада немесе вагонда тасығанда арнайы қауіпсіздік ережелері сақталуы тиіс. Малды көшіруге жасы 18-ге

толмағандар, емізулі баласы бар немесе жүкті әйелдер жіберілмейді.

Малды теміржолмен тасығанда вагондар арнайы жабдықталады және 3-4 күн бұрын малға арнайы рационмен азық беріледі. Вагонға мал тиерде арнайы басқыштар пайдаланылады, жарық жеткілікті болуы тиіс. Вагонды алдын ала тазартып, дезинфекциялайды. Бір вагонға бір топтағы, бірдей малдар тиеледі. Олардың басын пойыздың журу бағытына қарай байлан қояды.

Жүк машиналарының шанағының ернеуін 1 метр өсіреді. Қыстың күндері шанақтың астына құм немесе сабан тесем салып жұмсарту қажет. Оларға жолсерік беріледі, бірақ ол малмен бірге отыруына болмайды, кабинада отырады.

Ауру малдарды тасығанда адам арнайы киіммен, қолтаппен қамтамасыз етіледі және оған қауіпсіздік талаптарының нұсқауы беріледі.

Малды тексергенде тыныштық жағдайда, дөрекі мінез көрсетпей қарау керек, жанына малдың иесін немесе көмекшілерді алу керек. Емдеушіге зақым келтірмеу үшін малдың артқы жағынан немесе тосыннан келуге болмайды. Малды тексерер алдында дыбыс шығарып, қорықпай жақындау керек.

Ауырған малға алдыңғы жағынан келіп, ол өзіне жақындаған адамды сезуі үшін сылап-сипап, дауыстап белгі беру керек.

Ірі қара мүйізімен сүзіп, артқы аяқтарымен тебуі ықтимал. Сондықтан оған бүйірінен немесе жанынан жақындау керек. Өгіздерді байлан бекітіп алғаннан кейін ғана тексереді. Ірі қараны арқанмен мүйізінен немесе мойындан байлан, танау қысқыштарын пайдаланады. Тынышсыз малдарды мүйізі мен тұмсығынан ұстап тұрады. Өгіздерді танау сақинасын салып, шынжырмен немесе арқанмен бекітеді.

Жылқыларға алдынан немесе жанынан міндетті турде дауыс беріп жақындаиды. Жылқылар артқы аяқтарымен теуіп, тістеуі мүмкін. Басын тексеруде бір қолмен жүгеннен немесе ноқтадан ұстau керек. Дененің

артқы бөлігін зерттегендеге жамбас бүлшық еттерін қолмен сипап, шапты сипалау керек.

Жылқыны құлағынан және жүгеннен ұстап бекітеді. Асау жылқыларға үстіңгі ерніне бұрау салады және оны 10-15 минуттан артық ұстауға болмайды. Шешкеннен кейін үқалау керек. Алдыңғы аяқтарды тексерер кезде қауіпсіз болуы үшін алдыңғы аяқтарын арқамен немесе бұғау белдікпен көтеріп қояды. Артқы аяқтың тұяғын тексергенде көмекші адам жылқының басын ұстайды, ал оператор жылқының денесінің артқы жағын сипап, содан соң екі қолмен аяқтың тізеден артқа қарай көтеріп ұстайды.

Түйеге алдыңғы аяқ тұсынан жанынан жаймен сипап жақындау керек. Түйелер басымен түйіп, артқы аяғымен теуіп, тістеуі мүмкін. Осындай қолайсыз жағдайлардан аулақ болу үшін әуелі малдарды байлап, бекітіп алған жөн.

Түйелерді тыныштандыру үшін ерніне бұрау салып, танауын қысып ұстайды.

Қой, ешкілерді мойнынан, мүйізінен ұстап немесе жатқызып тексереді. Шошқаларды арнаулы қысқашпен немесе бұраулармен бекітеді.

Малмен жұмыс істегендеге жеке бастың тазалығын сақтау қажет. Малды тексеру алдында да, соңында да қолды сабындал жуу керек. Жұмысты таза халат, орамал тартып істеу керек. Егер инфекциялық ауруларға құдік болса, онда кілегей қабықтарын тексеру, ыстығын елшерде резенке қолғаптарды пайдаланған жөн. Тырнақ міндепті турде алынуы керек.

4.12. Машиналарды жөндеу мен оларға техникалық қызмет көрсетудегі қауіпсіздік талаптары

Тракторларға және күрделі ауылшаруашылық машиналарға күтім жасау мен жөндеу жүргізу арнайы шеберханаларда, көтергіш құралдары бар қажетті аспаптармен, құралдармен жабдықталған орындарда атқарылуы тиіс. Стендтер, аспаптар, басқа да құралдар жарамды,

қауіпсіз болуы қажет. Машиналардың жұмысшы мүшелерін ауыстырғанда олардың астына тіреу қойылуы тиіс.

Станоктарда жұмыс жасағанда тәмендегідей ережелер сақталуы тиіс:

- станоктар жерге жақсы бекітілген болуы керек,
- станоктарды орналастырғанда олардың арасынан адам еркін өте алатында болуы тиіс;
- жұмыс орны таза болып, металл қалдықтары шашылмауы тиіс;
- станоктың қайысты, шынжырлы берілістері қоршалуы қажет;
- станоктар металл жаңқаларының ұшуынан сақтайтын қорғану экрандарымен жабдықталуы тиіс;
- жұмыс алдында станоктың майы, сусы, жерге түйікталуы тексеріледі;
- айналып тұрган патронға қол тигізуге, тетікті өлшеуге болмайды;
- станокты жүргізуши бас киіммен, арнайы киіммен жұмыс жасауы тиіс;
- автомашиналарға техникалық қызмет жасап, жендеу кезінде әр машинаның арасында 1,2 м ашық жол болуы, тұрган орындарында астын көретін шұқыр және көтергіш құралдар болуы тиіс.

Автомобильдерді жөндеу алдында тазартып жуу керек. Қозғалтқыштың тутінін далаға шығару үшін құбырлармен жабдықталады.

Рессорларды, баллондарды ауыстырғанда машинаны көтеріп, тиянакты тіреуге қою керек. Самосвалдардың қорабын көтеріп, тіреуіш қою қажет.

Жөндеуді бітіріп, машинаны жүргізер кезде оның астын және жан-жағын жақсылап қарап, адам яки басқа заттардың болмауын қадағалау қажет.

Металдарды пісіргенде одан зиянды газ, бу, сөule энергиясы және майда шаң бөлініп шығады. Мұның бөрі адамға зиян. Сондықтан пісірушілер қараңғы кезеңнекпен, дұлығамен, брезент киіммен, қолғаппен жұмыс істеуі тиіс. Пісіру жұмыстары жасалатын жер белек қоршалады және тартқыш-желдеткіш шатырлармен жабдықталады.

Пісіргіш агрегатты жерге түйіктайды, ал кабельдің ішінің оқшаулағышы бүтін болуы тиіс. Құбырлардың, бактардың ішіне кіріп жұмыс істегендеге пісіруші ток өткізбейтін кебіс пен төсөніш пайдаланады. Пісіруде ацетилен баллонынан 5 метр, газогенератордан 10 метр жақынға от жағуға, шылым шегуге болмайды.

Қара майды бөшкелерде, цемент, гипс, әктерді жабық ыдыстарда сақтау керек.

Жұмыс істейтін барлық машиналар мен механизмдерді дыбысты сигналмен жабдықтау қажет.

Арналарды түрлі өсімдіктерден тазарту жұмысын көктемде, күзде атқарады. Арна тазартқыш машиналардың жанына адам жақын түруға болмайды.

4.14. Қазандардың, су қыздырғыштардың және жылу генераторларының қауіпсіз пайдаланылуы

Егер бу қазандарын, су қыздырғыш қондырғыларды, жылу генераторларын дұрыс пайдаланбаса, олардың қопарылуы, жарылуы мүмкін.

Сондықтан қазандарда жұмыс істеуге жасы 18-ге толған, дәрігерлік байқаудан өткен, арнайы оқытылған адамдар жіберіледі және олар жыл сайын қайта аттестациядан өткізіліп тұрады. Олар арнайы киім, аяқ киім, қолғап, көзәйнек пайдалануы тиіс. Бас киімсіз, жеңін түріп, яғни ілгектемей жұмыс істеуге тыйым салынады. Қазан газбен қыздырылатын жағдайда онда екі адам жұмыс жасайды.

Қазандықта тез жанатын заттарды сақтауға болмайды. Оның биіктігі 3,2 метрден кем болмауы, қабыргалары отқа төзімді материалдардан өрілуі және желдеткішпен қамтамасыз етілуі тиіс. Қазан қызып тұрганда есікті ашып қояды және оған өзге адамдардың кіруіне рұқсат етілмейді.

Қазандарда манометр, судың деңгейін көрсеткіш, сақтандырғыш орнатылады; оны пайдаланудың талаптары бұлжытпай орындалуы тиіс.

Қазандықтың менгерушісі, от жағушы оператор қазанның дұрыс жұмыс жасаудың жауапты және олар қазандық кітап пен смена аудио журналын жүргізіп отыруға міндетті.

Егер қазанның қысымы 68 кПа ($0,7 \text{ кг}/\text{см}^2$)-дан жоғары жағдайда жұмыс істейтін болса, оған бақылауды котлонадзордың инспекторы жасайды.

Қазанның жұмысын төмөндегідей жағдайда тоқтатады:

- қысым шамадан тыс жоғарылап кетсе;
- судың деңгейі төмөндесе (айдағанға қарамастаң);
- қосылған жерлерден су акқанда;
- бақылау құралдары істен шыққанда.

Ал су қыздырғыштар мен жылу генераторларына жұмыс жасауға арнайы оқудан өткізілген, қауіпсіздік нұсқауын алған адамдар жіберіледі. Су қыздырғыштар жерге түйікталуы тиіс.

Жылу генераторларын ауаны сырттан тарту үшін бөлек бөлмеге орнатады. Оны бақылаусыз қалдыруға болмайды.

4.15. Қысыммен жұмыс жасайтын ыдыстардың қауіпсіз пайдаланылуы

Ауыл шаруашылығында сығылған ауа, оттегі, ацетилен, көмірқышқыл газы сияқты заттарды баллондарда сақтайты.

Сондай-ақ, сығылған ауаны компрессорлы қондырғылар арқылы да алады. Ал олар жарылуға икем болады. Оларды манометрмен, сақтандырғыш клапанымен жабдықтайты. Егер компрессордың өнімділігі минутына 15 м^3 -ден жоғары болса, оны бөлек бөлмеге қояды, қайыс пен шынжырларды қоршайды, корабын жерге түйіктайды.

Компрессорлы қондырғының жұмысшы температурасы $140-160^\circ\text{C}$ -тан аспауы керек.

Газ сақтайтын баллондардың жарылу себептері:

- баллонның қатты қызуынан;
- баллонның қатты затқа соқтығуынан;

- баллонның қабырғасын тот басуынан;
- газды тез шығарғанда пайда болатын статикалық зарядтың үшкінинан;
- баллонның шұрасын ашу үшін кескішпен немесе балғамен ұрудан пайда болған үшкінның өсерінен;
- шұрага май тамуынан (оттегі баллонында).

Баллондарды күннің сәулесінен брезентпен қоргайды. Оны жылу көзінен 1 м, ал ашық оттан 5 м қашықта ұстау керек. Балоннан газ шыға бастаса дереу сыртқа шығару қажет.

4.16. Газдың және зертханалық жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуы

Қазір газ отын ретінде көп пайдаланылады. Ал оны дұрыс пайдаланбаса жалын шарпып, қопарылыс жасауы, ал газ өздігінше ағытылса адамды улауы мүмкін. Сондықтан газ қондырғыларының жарамды болуы басты талап. Әдетте, үйде төмендегі қысымдағы ($4,9 \text{ кПа} - 0,05 \text{ кг}/\text{см}^2$) газ жолдары пайдаланылады.

Белмеде газдың исі шықса үйге кірмеу керек, от жағуға, электр жарығын қосуға болмайды. Тез газды сөндіріп, белмені желдету керек. Газды жағарда өуелі сіріңке жағып, сосын газды ашу керек. Егер от шілтердің ішіне кетіп тұрса, оны тез сөндіріп, салқындағаннан кейін қайтадан жағу керек. Егер одан да болмаса, маман шақырту қажет.

Адам газбен уланғанда дәрігер шақырып, адамды таза ауага шығару керек және оның үйінде тауына жол бермей қозғалтып тұру қажет. Қажетті жағдайда мұсөтір спиртін иіскетіп, жасанды дем алдыру керек. Ол кезде оның денесін салқыннатпай ысқылау, қыздыру қажет.

4.17. Тасымал көліктері мен жүк көтергіш машиналарды пайдаланудағы еңбек қауіпсіздігі

Ауыл шаруашылығындағы тасымалданатын жүк қатты, сұйық, газ түрінде болады. Сондықтан әр түрлі жүкті тасымалдағанда қажетті тасымал көліктерін іріктең, онда жұмыс жасайтындардың қауіпсіз еңбегін қамтамасыз ету қажет.

Мысалы, тіркеменің тежегіші дұрыс жұмыс істеуі тиіс. Әйтпесе апатқа ұшырауы ықтимал. Ал темен түсерде тіркеменің дөңгелегіне тежегіш башмактар кигізіп қойған дұрыс.

Жұктің дұрыс тиеліп, түсірілуіне көліктің жүргізуішіңі жауапты. Сондықтан улы заттарды, қопарылғыш заттарды тиеп-түсіретін болса, жүргізуіші арнайы нұсқаудан өткізіледі.

Жұктің тиеп-түсіру жұмыстары барынша жарактандырылуы тиіс. Жүк көтеру мөлшері: ересек ер адамдар үшін – 50 кг, әйелдерге – 20 кг, 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерге – 16 кг, ал осы жастағы қыздарға – 10 кг.

Егер машинаға ауыр заттар тиелетін болса, оған жүргізуінің қатыстыруға болмайды, әйткені ол шаршамауы тиіс. Жұктің көтергіш механизмдермен тиегенде жүргізуіші кабинадан шығып тұруы қажет. Шыны ыдыстарға құйылған заттар жәшікке, себекте, ағаштан жасалған торларға салынып тиеледі. Иісі бар заттарды брезентпен жауып қояды. Олар қозғалмауы үшін арқанмен байлан қойған дұрыс.

Тиелген жүк көліктің журуіне кедергі жасамайтындей болуы керек. Жәшіктерді, бешкелерді, шөпті тиегенде белгіленген мөлшерге дейін тиелуі тиіс. Мысалы, биіктігі 3,8 метрден, ені 2,5 метрден асырылмауы тиіс. Ал артына 2 метрден артық шығарылмайды.

Егер тиелген зат шанақтың ернеуінен 1 метрден артық шығарылса, оның шеті күндіз жалаушамен, ал түнде жарықпен белгіленуі тиіс.

Машинаны сүйрегенде тіркеменің ұзындығы 4 метр етіп алынады және оның да рулінде жүргізуі отыруы тиіс.

Адамдарды тасу тек қана автобустармен, жеңіл машиналармен немесе жабдықталған жүк машиналарымен аткарылады. Жүк машиналарына орнатылған орындақтар кем дегенде шанақтың ернеуінен 150 мм төмен орналастырылады. Машина от сөндіргішпен қамтамасыз етіледі. Адам тасуға жабдықталған машиналарды журғизу кемінде үш жылдық етілі бар журғізушилерге рұқсат етіледі. Олардың жүру жылдамдығы сағатына 60 км-ден аспауы тиіс.

Машина орнынан қозғалар алдында журғізуі үстіндегі адамдарға мінү, тусу ережелерін және жүру кезінде қалай өздерін ұстауы қажет екендігін түсіндіреді. Машинаның шанағына және оның ернеуіне отыруға болмайды. Балаларды тасығанда «Балалар» деп жазып қояды. Аяқ жол жоқ жерлерде, жаяу адамдар жолдың сол жағымен, яғни машинаға қарсы бағытта журуі тиіс.

Жүк көтергіш және түсіргіш механизмдер мен машинадарда жұмыс жасауға жасы 17-ге толған, арнайы оқыған және аттестациядан өткен адамдар жіберіледі. Ал машина мен механизмдердің өзі алдын ала тексеруден өткізіледі.

Крандарды электр желілері тартылған жерде пайдаланбайды. Жүктің астында адам тұрмауы тиіс, ал трос ілетіндер, басқа да жұмысшылар жұмыс жөнінде нұсқау алады. Жүк тиегенде журғізуі кабинадан түседі, ал шанақта адам болмауы тиіс.

Кран айдайтын өйелдер бас киім мен шалбар киоі тиіс.

Кранның жарактыйлығына бақылауды Мемэнергонадзор, Мемгортехнадзор инспекторлары жасайды. Олар:

- кранды есепке алады, құжаттарын тексеріп, оның жарамдылығын анықтайды;
- кранды жұмысқа қосуға рұқсат береді;
- жыл сайын кранның жарамдылығын тексеріп, бақылау жасайды және онда қызмет жасайтын адамдарды оқытады;
- жаңа крандардың дайындалуын бақылайды;
- апат пен қайғылы жағдайларды зерттеуге қатысады және оның алдын алудың шараларын жасайды.



1. Қауіпсіздік техникасының міндеті не?
2. Жарақттанудың себептері қандай топтарға бөлінеді?
3. Өндіріс мәдениетін арттыру қандай жұмыстарды қамтиды?
4. Еңбек қауіпсіздігіне әсер ететін психикалық-физиологиялық факторларды атаңыз?
5. Қауіпті аймақтарға қандай өндірістік орындар жатады?
6. Электр тогы адам ағзасына қалай әсер етеді?
7. Электр қондырғыларын жерге түйіктаудың қандай пайдасы бар?
8. Қауіпсіздік белгілері қандай топтарға бөлінеді?
9. Станоктарда жұмыс жасағанда қандай қауіпсіздік ережелері сақталуы тиіс?
10. Нісіргіш аппараттарды пайдаланғанда қандай қауіпсіздік ережелері қамтылуы тиіс?



Реті	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Тракторларды жөне басқа өздігінен жүретін машиналарды журғізуге неше жастаң бастап руксат етіледі?	A. 16 жастаң; B. 17 жастаң; C. 18 жастаң.
2.	Күші қандай ток адамға қауіпсіз деп есептеледі?	A. 0,01 А; B. 0,02 А; C. 0,1 А.
3.	Еңбек қауіпсіздігінің тыйым салушы белгілері қандай түсті болаумен орленеді?	A. Қызыл түсті; B. Сары түсті; C. Жасыл түсті.
4.	Машина шамдары қашық жарықты қосқанда қанша жерге дейін анық жарық беруі тиіс?	A. 30 метр; B. 100 метр; C. 150 метр.
5.	Адам таситын машиналардың журу жылдамдығы сагатына неше километрден аспауы тиіс?	A. 40 км/сағ; B. 60 км/сағ; C. 80 км/сағ.

Машина-трактор агрегаттарын қауіпсіз пайдалануды 8-тараудағы үлгіге сәйкес орындаңыз.

5-ТАРАУ

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

5.1. Өрт қауіпсіздігінің сипаттамасы. Орттің алдын алу жүйелері

Ауыл шаруашылығында ағаш отын, шөп, егін, орман, түрлі жанар-жағармай сияқты жанрыш заттар көптеп пайдаланылады. Сондықтан ауылшаруашылық өндірісі өртке қауіпті болып есептеледі.

Орттің шығу себептері қандай?

- тыйым салынған жерде от жағып, шылым шегуден;
- электр желілері мен қондырғыларының ақауларынан;
- электр жүйелерінің нормадан артық күш түсіп, сымдардың, қондырғылардың қатты қызуынан;
- тез жанатын сұйықтарды дұрыс сақтау мен пайдаланудың ережелерін бұзудан;
- жылу жүйелерін, пештерді дұрыс пайдаланбаудан;
- тракторларды, комбайндарды өртке қауіпті жерлерде пайдаланудан;
- адамдардың жауапсыздығынан, ұмытшақтығынан, жеңіл мінезділігінен;
- найзагайдан, кейде өздігінен жануы мүмкін.

Жану дегеніміз – жанатын заттың оттегімен, жылу және жарық шығаратын химиялық реакциясы.

Егер ауаның құрамында 0,7%-ға дейін бензиннің буы болса, ондай қоспа жанбайды. 0,7-ден 5,03%-ға дейін бензиннің буы болса, ол қопарылыс жасайды. Ал 5,03%-дан жоғары болғанда кәдімгідей жалындаған жанады.

Сондай-ақ, ауаның құрамындағы оттегі 14-16%-ға дейін азайғанда жану тоқтайды, ал оттегі 8-10%-ға түскенде шоқ сөнеді.

Кейбір заттар күннің ыстығынан, әйтпесе өзінің ішкі үдерістерінің өсерінен өздігінен от алуы (жануы) мүмкін. Олар: шымтезек (торф), көмір, түрлі майлар, майланған шуберектер, т.с.с.

Керосиннің өздігінен жану температурасы 380-425°, басқа жанармайларда 300-700° аралығында, қатты отындарда 150-700 °С, газдың жану температурасы – 200-600 °С.

Өндірісте пайдаланылатын заттарды олардың жану қабілетіне қарай үш топқа бөлуге болады: жанатын заттар, жанбайтын заттар және жануы қызын заттар.

Құрылыштың салынған материалына байланысты оның отқа төзімділігі де әр түрлі болады. Құрылыштарды отқа төзімділігіне қарай бес топқа бөледі:

I және II тобы – отқа жанбайтын материалдардан жасалған құрылыштар.

III тобы – отқа жанбайтын материалдан жасалады. Бірақ плиталардың, қабыргалардың, төбенің арасын қосқан жері қызын жанатын материалдардан жасалады.

IV тобы – қабыргалары қызын жанатын материалдардан, ал арасын қосқан жерлері жанғыш материалдардан жасалады.

V тобы – толығынан отқа жанатын материалдардан жасалған үйлер.

Өндірісте құрылыштарды оның ішінде және сыртында атқарылатын жұмыстардың өртке қауіптілігіне қарай таңдайды.

Құрылыш салғандағы өрт қауіпсіздігінің басты талабы үйлер мен ғимараттардың салынатын материалдарының отқа төзімділігіне қарай арақашықтығын сақтау болып табылады. Санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес өндірістік ғимараттардың, мал қораларының, құс өсіретін обьектілердің өртке қарсы арақашықтықтары: отқа төзімділігі III дәрежедегі үйлер үшін – 12 м; III және IV дәрежедегі үйлер үшін – 15 м; IV және V дәрежедегі үйлер үшін 18 м болуы тиіс. Шөп, сабан жиналған ашық қоймадан отқа төзімділігі III дәрежедегі үйлердің қашықтығы 39 м, IV және V дәрежедегі үйлерден қашықтығы 48 м орналастырылады. Сүйық жанармай сақтайтын ыдыстар-

дан отқа төзімділігі III дәрежелі құрылыштар кем дегенде 12-20 м, IV және V дәрежедегі құрылыштар 15-25 м, ауруханалар, мектептер, мәдениет үйлері 25-50 м қашықтыққа орналастырылуы тиіс.

5000 адамға дейін тұрғындары бар елді мекенде сыйымдылығы 50 м³ суат, 10000 адамға дейін болса сыйымдылығы 100 м³ суат жасалып қойылуы тиіс.

Ауылшаруашылық машиналарды сақтайтын сарайлар мен ықтырмалар, гараждар, шеберханалар және техникалық қызмет көрсету бекеттері белек аулаға орналастырылады.

Техникаларды 200 машинадан топтастырып, әр топтың арақашықтығын 20 м етіп ашық аулаларда сақтауға болады. Мұндай жағдайда машиналарды жеке-жеке алыш шығуға мүмкін болатындей етіп орналастыру қажет. Техника сақталатын ашық аула үйлерден 15-20 м қашықтықта болуы тиіс.

Ауылшаруашылық өнімдерді сақтайдың қоймалардың өртке қауіпсіздігіне ерекше талап қойылады. Шөп елді мекеннен қашық жерге маялануы, оның ауданы 150 м² аспауы және ол электр желілерінің астына орналастырылмауы тиіс.

Минералды тыңайтқыштар мен пестицидтердің де өрт және қопарылыс қауіптілігі бар. Сондықтан оларды сақтау мен пайдалануда белгіленген нормаларды сақтау қажет. Оларды сақтайдың қоймалардың ауданы 300 м² аспауы тиіс және ол белмелердің екі қапталына да шығатын есік салынады. Пестицидтер салынған ыдыстардың сыртына «отқа қауіпти!» немесе «қопарылысқа қауіпти!» деген жазулар жазылады.

Өрттің алдын алу шарапарын үйимдастыру және техникалық шарапалар деп екіге белуге болады.

Үйимдастыру шарапарына:

- тұрғындардың арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- көрнекі үгітпен насхаттау;
- ерікті өрт сөндірушілерін жасақтау;
- ашық от жағуға, темекі шегуге, жарамсыз пештерді пайдалануға, т.с.с. тыйым салу жұмыстары жатады.

Барлық жұмыс істейтіндер өртке қарсы күрес жөнінде инструктаж алуы, ал дәнекерлеушілер, пісірушілер, электриктер, қоймашылар арнайы курстарда оқудан откізілуі тиіс.

Техникалық шараптарға:

- құрылыштарды өртке төзімді материалдардан салу;
- құрылыштардың талапқа сай арақашықтығын сактау;
- қыстақтарды суға жақын жерге орналастыру;
- барлық құрылыштарда өрт кезінде шығып кететіндей арнайы есіктер болуы тиіс және олар сыртқа қарай ашылатын болуы қажет;
- пештер, қыздырғыштар, құбыр желілері талапқа сай болуы тиіс;
- су жүретін жолдар қатып қалғанда оларды ыстық сумен, болмаса ыстық құммен еріту қажет;
- қоймалар, жана май сақтайтын жерлер, егістіктер айналдыра соқамен жыртылып қойылуы тиіс;
- тракторлар үшқын сөндіргіштермен жабдықталуы тиіс;
- әлектр жүйелерінде жерге түйіктау, нөлдік сымра қосу істері жасалуы тиіс;
- шөпті, астықты кептіргенде желдеткіш айдайтын ауаның температурасы 110-120 °С-тан аспауы қажет;
- от сөндіргіш, күрек, құм салған жәшік, киіз болуы тиіс;
- жайтартқыштар жасалуы қажет.

5.2. Жануды тоқтату әдістері және от сөндіргіш заттар

Жануды тоқтатудың үш жолы бар:

1. Жанатын заттың отқа келуін тоқтатып, басқа жаққа алғып кету;
2. Жанып жатқан жерге оттегінің келуін тоқтату не- месе оны азайту;
3. Жанып жатқан затты салқындау.

Отты сөндіру үшін от сөндіргіш заттар пайдаланылады. Олар: су, көбік, көмір қышқылы, инертті газдар, құм, ұнтақтар және түрлі жапқыш құралдар: брезент, киіз, асбест.

Су – өрт сөндіру үшін көп қолданылатын зат. Судың ағыны жалынды бөліп, тұншықтырады. Сондай-ақ, су жанып жатқан затты салқындастып, отты сөндіреді. Су отқа тигенде буга айналып, ол жерге оттегінің қатысуына жол бермейді, сейтіп жануды тоқтатады.

Бірақ суды барлық уақытта пайдалануға болмайды. Ол ток өткізгіш, ол арқылы адамды ток ұруы мүмкін. Қатты қызған темірге тигенде су сутегі мен оттегіне белініп, қопарылыс пайда етеді. Сондай-ақ, су кальций карбидіне тигенде ацетилен белінеді, әктасқа тигенде жоғары жылу белінеді. Мұның бәрі адамның денесін күйдіруі мүмкін.

Судың салмағы жанармайдан ауыр. Сондықтан су жанып жатқан майды сөндірудің орына оны ұлғайтып жіберуі мүмкін. Су төмен температурада қатып қалады.

Көбік – жақсы от сөндіргіш зат. Көбікті қысылған ауамен немесе химиялық жолмен алады. Қысылған ауамен алынатын көбік ауаның түйіршіктерінен тұрады, ал химиялық жолмен алынатын көбік қышқыл газдан тұрады. Көбік женіл болады, оны жанар-жағармайларды сөндіру үшін пайдаланады. Көбік бензиннің бетінде қалқып жүреді және отқа ауаның, будың, газдың баруына жол бермей, сөндіреді.

Көбікпен еріткіш сүйектар, электр тогы жүріп тұрған желілерді, адамның үстіндегі киімді сөндіруге болмайды. Ол үшін түрлі жапқыш заттарды пайдалану керек (киіз, брезент, асбест).

Көмірқышқыл газын түрлі отты сөндіруге пайдалануға болады. Ол ток өткізбейді, ауаны келтірмейді. Оған қоса, көмірқышқыл газының қар сияқты массасы -72 °C температурасымен отты салқындастады. Ол ауадан 1,5 есе ауыр. Демек, ол оттың арасына кіріп, тұншықтырады.

Көмірқышқыл газымен этилді спиртті, целлулойдты, термитті сөндіре алмаймыз. Өйткені олар оттегінің қатысусызы жанады.

Отты сөндіруге, сондай-ақ, инертті газды (азот), өрт сөндіргіш ұнтақтарды (кальцилендірілген сода-графит, тальк, т.с.с.) пайдаланады.

Құм да отқа оттегіні келтірмей салқыннатады.

5.3. Өрт сөндіргіш құралдар


Өрт сөндіру үшін түрлі техникалық құралдарды пайдаланады. Олар үнемі жарамды күйде болуы тиіс.

Олар:

- өрт сөндіру жабдықтары (су құятын бактар, өрт шелектері, құм салатын жәшіктер, өрт крандарының жәшіктері, өрт сөндіргіш аспаптардың тақтасы, өрт қауіпсіздігінің белгілері);
- өрт сөндіру қондырғылары (өрт гидранттары, гидрант-колонкалары, өрт крандары, сорғылар, көбік ара-ластырғыштар;)
- өрттен құтқару құралдары (сатылар, арқандар);
- өрт сигналізациясы (автоматты немесе қолмен қосылатын қондырғылары – дыбысты, жарықты, аралас);
- от сөндіргіштер – олардың ауа мен көбіктің қоспасын, химиялық көбікпен, сұйықпен, ұнтақпен, қышқылмен сөндіретіні болады.
 - өрт сөндіретін қондырғылар – бөлменің ішіндегі отты сөндіру үшін пайдаланылады. Олар аэрозолды, сұйықты, сулы, газды, булы, көбікті, ұнтақты болады;
 - өрт машиналары (өрт сөндіруші автомобилдер, мотопомпалар).


Ауыл шаруашылығы өндірісінде тәмендегідей от сөндіргіштер көп пайдаланылады:

- қолмен іске қосатын көбікті от сөндіргіштер: ОП-5, ОХП-10;
- көмір қышқылды от сөндіргіштер: ОУ-2, ОУ-5, ОУ-8;



14-сурет. ОП-5 көбікті от сондіргіш:

1 – қаңқа; 2 – қышқыл стаканы; 3 – сап; 4 – қақпақ;
 5 – түткә; 6 – озек; 7 – резеңке тоғем; 8 – серіппе;
 9 – бүркү түтігі; 10 – клапан; 11 – сақтандағырғыш;
 12 – от сондіргіштің түбі



15-сурет. ОҮ-2 көмір қышқылды от сондіргіші:

1 – сифон түтігі;
 2 – сақтандағырғыш;
 3 – доңғалақша;
 4 – шұра; 5 – кеңбалалық түтік;
 6 – болат сауыт

ОП-5 от сөндіргіштің қаңқасына 400 грамм натрий бикарбонатының 9 литрлік ерітіндісіне 50 грамм мия сығындысын (солодковый экстракт) қосып толтырады. Ал стаканға 120 грамм күкірт қышқылы мен 115 г күкірт қышқылды темір тотығын көлемі 250 см³ ыстық (85-95 °С) суға ерітіп құяды. Стаканға құяр алдында ерітіндіні 30-35 °С салқыннатады.

Бұл от сөндіргіш 1 минут жұмыс істейді. Сол уақытта 50 литр көбікті 6-8 м қашықтықта шаша алады. Әрбір 3 жылда от сөндіргіштің жағдайын тексеріп түру қажет.

ОУ-2 от сөндіргіштің сауытының сыйымдылығы 2,5 және 8 литр болады.

Оны көмір қышқылды газбен толтырады.

Бұл от сөндіргіштердің шұрасына су тигізуге және оның өзін ыстық жерде сақтауға болмайды.

5.4. Өрттен қорғау жұмыстарын үйімдастыру

Өрт қауіпсіздігінің нормаларын, ережелерін, нұсқауларын Ішкі істер министрлігінің өрттен қорғау бас басқармасы дайындауды және олардың орындалуын жергілікті жердегі өрттен қорғау басқармалары арқылы іске асырады.

Әрбір ауданда өртке мемлекеттік бақылау жасайтын инспекция жұмыс істейді. Оның көрсеткен кемшіліктерін белгіленген мерзімде орындау әрбір мекеме, жеке адам үшін міндетті. Орындаған жағдайда инспекция айып салады немесе басқа шара көру жөнінде ұсыныс жасай алады. Ауылдық жерлерде ерікті өрт жасақшылары үлкен рөл атқарады. Оның құрамына өндірістің басшысы, еңбек қорғау инспекторы (инженері), жасы 18-ге толған, денсаулығы жарамды әрбір ерікті азамат мүше бола алады.

Жасақшылар өрт техникасының құрылышын, жұмысын, оларды пайдалануды, өрт сөндірудің әдістерін оқып үйренеді және өрт сөндіруге қатысады.

Оларға жылына 6 күнге дейін ақылы демалыс беріледі, тегін арнайы киіммен қамтамасыз етіледі және олардың өмірі мекеменің есебінен сақтандырылады.

Жасақшылардың санын мекеме басшылығы бекітеді және олар негізгі төрт топқа белініп жұмыс жасайды: сендіру тобы, сумен қамтамасыз ету тобы, қорғаныс тобы, қорғау тобы.

5.5. Өр түрлі орындардағы өрт сөндірудің ерекшеліктері

Өр түрлі орындардағы өртті өр түрлі жолмен сөндіреді. Өрт кезінде ерікті өрт жасағының бастығы өрттің себебін анықтап, оның адамдарға, мал-мұліктеге тигізетін қаупін анықтап, оларды көшірудің мүмкіндіктерін жасап, тиісті нұсқау береді. Оның нұсқауларын өрт сөндіруге қатысуышылар міндетті түрде орындауды тиіс.

Жанып жатқан майларды сүйықтарды (мұнай, май, мазут) көбікпен немесе судың майдада тозацымен сөндіреді. Көбіктің ағысын жанып жатқан сүйықты шашыратпайтындей етіп бағыттау қажет. Егер жанып жатқан сүйық ыдыстың ішінде болса, онда ыдысты қақпақпен немесе басқа жапқышпен жауып сөндіреді. Ол кезде ыдыстың қопарылуынан немесе ыстық заттың ыдыстан шашырауынан сақтану қажет. Жанып жатқан ыстық шалшығын жел жағында тұрып көбікпен жауып, құм шашады. Жақын жердегі ыдыстарды сумен сұтып тұрады.

Жанып жатқан электр жабдықтарын бойында ток бар кезінде көмір қышқылымен сөндіруге болады. Желіден токты ажыратқаннан кейін сумен немесе көбікпен сөндіреді.

Ағаш заттарды сумен, оның ағысын жоғарғы жағындағы күшті жанып жатқан жеріне бағыттап сөндіреді.

Астық қоймасындағы өртті сумен, оның ағысын ағаш құрылымдарға, ал шашыранды суды астыққа бағыттап сөндіреді.

Гаражда, машиналарды қоятын қалқаларда өрт шық-қанда оны сөндірумен бірге, машиналарды көшіру қажет. Машиналарды көшіргенде жанаармай багының жарылу қаупінен сақтану қажет. Астық алқабында жаңып жатқан комбайнды немесе тракторды ол жерден алып шығып, топырақпен немесе от сөндіргіштің көбігін шашып сөндіруге болады. Егер от комбайнның бастырығыш аппаратын шарпыған болса, онда оны ажыратып ең алдымен өрттің ошағын сөндіру қажет.

Жаңып жатқан астықтың түбірін топырақ шашып, су құйып, таптап, жапқыштармен жауып сөндіреді. Егер от үлкен аумаққа жайылып кеткен болса астықты орып алып өртөнген жерді 100-150 м қашықтықта айналдыра жырту қажет. Өртті сөндіріп болғанин кейін барлық өртөнген жерді айдан тастау керек болады.

Көмір және шымтезек қоймасында болған өртті су мен сөндіреді. Өрттің ошағын сөндіріп, оның қатарын ажыратады, бульдозермен, экскаватормен айналдыра орқазып тастайды.

Минералды тыңайтқыштар мен улы химикаттардың қоймасы өртөнгенде оны сөндіру үшін су, кебік немесе көмір қышқылын пайдаланады. Олар жанғанда улы газдар мен булар бөлініп шығады. Сондықтан оларды жел жағында тұрып сөндіру қажет.

Қой мен ешкілерді өрттен шығарғанда алдымен олардың жол бастаушыларын айдау керек, қалғаны соңынан ереді. Сырды біртіндеп шығарады; егер ол журмесе көзін байлау керек. Шошқаны біртіндеп артқы аяғынан көтеріп айдайды. Жылқыны ауыздық, ер, камыт салып айдаса тез шығады. Егер қарсыласса, оның да көзін байлау қажет.

Өрт сөндіру кезінде қауіпті аймақтардағы адамдар арнағы костюмдер, резеңке етіктер мен қолғаптар киоі және тыныс алу мүшелерін қорғайтын қуралдарды пайдалануы тиіс.



1. Өрттің шығу себептері қандай?
2. Жану дегеніміз не?
3. Өрттің алдын алушты шараларына нелер жатады?
4. Өрттің алдын алуштың техникалық шараларына нелер жатады?
5. Жануды тоқтатудың қандай әдістері бар?
6. От сөндіргіш заттарға нелер жатады?
7. От сөндіргіш құралдарға нелер жатады?
8. Кебікті от сөндіргіштер қандай жағдайда қолданылады?
9. Қемір қышқылды от сөндіргіштер қандай жағдайда қолданылады?
10. Ауылдық жерлерде өрттен қорғау жұмыстары қалай үйімдастырылады?



Реті	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Жанып жатқан майды сондіру үшін қандай от сөндіргіш затты пайдаланады?	A. Су; B. Көбік; C. Комірқышыл газы.
2.	От сөндіргіштердің жарамдылығын неше жылда тексеріп түру кажет?	A. Әрбір ені жылда; B. Әрбір үш жылда; C. Әрбір бес жылда.
3.	Газ баллондарын ашық оттан қандай қашықтықта сактау кажет?	A. 3 метр; B. 4 метр; C. 5 метр.
4.	От жануы үшін ауаның құрамындағы оттегі неше пайыздан кем болмауы туіс?	A. 8-10 пайыз; B. 11-13 пайыз; C. 14-16 пайыз.
5.	Өртке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігін 8-тараудағы улгіге сәйкес анықтаңыз.	A. Республикалық өрттен қорғау департаменті; B. Облыстық ішкі істер басқармасы; C. Облыстық өрттен қорғау басқармасы.

Өртке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігін 8-тараудағы улгіге сәйкес анықтаңыз.

6-ТАРАУ

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ҮЙЫМДАСТЫРУ

6.1. Өндіріс үдерісінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

Өндіріс үдерісінің қауіпсіздігі МЕМСТ 12.3.002-75 және ОСТ 46.0.141-83-ке сәйкес үйымдастырылады.

Өндірістік үдерістердің қауіпсіздігі төмендегідей жолдармен қамтамасыз етілуі тиіс:

– өндірістің озат технологиясын пайдалану арқылы және өндіріс жабдықтарының күтімін тәртіпке сәйкес сапалы жүргізу арқылы;

– салынатын құрылыштарды, мал қораларын, астық қоймаларын, басқа да қоймаларды мемлекеттік стандарттың нормалары мен талаптарына сай етіп салу арқылы;

– мал азығын дайындау мен өндеудің әдістерін дұрыс таңдау арқылы;

– тыңайтқыштар мен дәрілерді дұрыс сақтауды ережеге сай үйымдастыру арқылы;

– жұмыс орындарын дұрыс жабдықтап, жұмысшыларды деңсаулығына, біліміне, қабілетіне қарай іріктеу арқылы;

– арнайы киімдер мен жеке қорғану құралдарын пайдалану арқылы;

– қауіпсіздік талаптарын үнемі бақылауға алып отыру арқылы.

Осылардың іске асырылуына бас мамандар мен боғлімше басшылары жауапты болып саналады.

Сондықтан олар төмендегідей жұмыстарды үйымдастыруға міндетті:

– жұмысшыларды еңбек қауіпсіздігіне оқытуға;

- әрбір жұмыс орнында қауіпсіздік техникасының ережесін іліп қоюға;
- өндірістік бөлмелердің тазалығын бақылап отыруға;
- өндіріс жабдықтарының, құралдардың, жарық пен желдеткіштердің жарамды болуын бақылауға алуға;
- жұмысшылардың арнайы киімдерін іletін кабинасы болуына, шылым шегетін, тамақ ішетін орындарды белгілеуге;
- дәрігерлік байқаудан өткізуді үйімдастыруға;
- науқас адамды, мас адамды, жұмысты білмейтін адамды, қауіпсіздік техникасының нұсқауын алмаған адамды жұмысқа қоспауға;
- адамдарға нормадан ауыр салмақты көтертпеуге;
- арбамен немесе жабдықталмаған машиналармен адам тасытпауға;

Шаруашылық жұмыстарын жоспарлау мен үйімдастыру барысында еңбек қауіпсіздігіне байланысты төмендегідей шаралар ескерілуі тиіс:

- жұмысты механикаландыру, автоматтандыру, қашықтан басқаруды енгізу;
- жабдықтарды дер кезінде жөндеп реттеу;
- жұмысшыларды қауіпті жөне зиянды өндірістік факторлардың көздерінің тікелей әсеріне ұшыратпау;
- қауіпті немесе зиянды операцияларды алмастыру;
- өндірісте қауіпті немесе зиянды жағдайлардың орын алғандығын дер кезінде сезіп, алдын алу.

Технологиялық үдерістердің тәртібі төмендегідей жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс:

- машиналар мен механизмдердің жұмысын қауіпсіз етіп үйімдастыру;
- машиналардың жүктелуі оның өнімділік дәрежесіне (мүмкіндігіне) сәйкес болуы.

Пестицид пайдаланылатын жұмыстар СП №1123-73-ке сәйкес жүргізілуі тиіс.

Салалық стандартта машиналарды қауіпсіз пайдаланудың талаптары, егін шаруашылығындағы, мал шаруашылығындағы жөне ауылшаруашылық өнімдерді сактау мен өндеудегі технологиялық үдерістердің қауіпсіздік стандарттары белгіленген.

Өндірістік ғимараттар мен аулалардың құрылышы СНиП 11-99-77, СНиП 11-108-78 нормалары мен ережелеріне сәйкес болуы тиіс:

- қырманға, машиналар ауласына, ауылшаруашылық өнімдерді өндертін пункттерге баратын жол тегіс, тас төселген, жарық орнатылған болуы тиіс;
- пестицидтер мен тыңайтқыш ерітінділерін дайындаپ, көліктеге тиеттін аулалар арнайы жабдықталған болуы тиіс;
- қопарылғыш заттарды сақтайтын қоймалар басқа өндірістік бөлмелерден белек оқшауланған болуы және оларға кіретін есік те басқа жақта болуы тиіс;
- зиянды факторлар бар белмелерде, яғни тутін, газ шығаратын машиналар тұратын орындар желдеткіштермен қамтамасыз етілуі тиіс;
- электр шамдары мен терезе әйнектерін кемінде жылына екі рет сүртіп тазарту қажет;
- барлық өндірістік объектілер от сөндіргіш қуралдармен қамтамасыз етілуі тиіс;

Жұмыс орындарын ұйымдастырудың талаптары:

- СНиП 11-4-79 стандартына сәйкес жұмыс орны қажетті жарықпен қамтамасыз етілуі тиіс;
- жабдықтардың арасында ені 1,1 м адам жүретін ашық жер қалдырылуы тиіс;
- технологиялық желілерді басқару пульті адамға ыңғайлы және қауіпсіз жерге орналастырылуы қажет;
- жұмыс орындары дәрі-дәрмектермен, ауыз сумен, қол жуғышпен, душпен қамтамасыз етілуі тиіс;
- электр тогы жүретін объектілер изоляцияланған, адамға зақым келтірмейтін жерде орналастырылуы тиіс;

6.2. Еңбек қорғау саласындағы басшылар мен мандардың міндеттері мен құқықтары

Еліміздің халық шаруашылығында еңбек қорғау жұмыстары жоспарлы түрде және еңбек қорғау зандастықтары негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларына төмөндегідей міндеттер жүктеледі:

- кәсіподак үйымымен бірлесе отырып, еңбек қорғау мен еңбек жағдайын жақсартудың шараларын жоспарлауды;
- еңбек қорғау шаралары жайлы кәсіподак комитеті мен келісімшартқа отыруды;
- еңбек қорғау шараларын ақшамен және материалдық жабдықтармен қамтамасыз етуді;
- белгіленген мәлшерде арнайы киімдермен, қорғану құралдарымен, аяқкиіммен, сабынмен қамтамасыз етуді;
- санитарлық-тұрмыстық бөлменің жұмысын үйимдастыруды;
- мекемедегі қауіпсіздік ережелерінің және өндірістік санитария талаптарының орындалуына бақылау жасауды;
- мекемедегі жұмысшы-қызметкерлерді еңбектің қауіпсіз жолдарына оқытудың оларға тиісті (инструктаж) нұсқау берілуін және олардың білімін тексеруді үйимдастыру;
- жұмыс орнын қажетті плакаттармен, қауіпсіздік техникасы жайлы әдебиеттермен қамтамасыз етуді;
- еңбек қорғау шараларын жүргізуге бөлінген қаржының игерілуі жайлы есеп беруді.

Бас мамандар кәсіпорынның әрбір саласы бойынша еңбек қорғаудың жайына жауапты және оларға төмөндегідей міндеттер жүктеледі:

- жұмысқа жаңадан түсетіндермен еңбек қорғаудың кіріспе нұсқауын жүргізеді;
- өндірістік үдерістерді автоматтандыру және қауіпті аймақтарды қоршауды үйимдастырады;
- бу қазандарының, су қыздырғыштардың, түрлі аспаптардың, жук көтергіш құралдардың сынақтан өткізілуін және есепке алынуын үйимдастырады;
- жарамсыз механизмдер мен жабдықтардың іске косылмауын және еңбекшілердің денсаулығына зиянды жерлерде жұмыс істемеуін қадағалайды;

- еңбек қорғаудың заңдылықтарының ережелері мен нормаларының бұлжымай орындалуын қадағалайды;
- өз салалары бойынша өндірістік қайғылы оқигалардың себептерін зерттейді.

Бөлім басқарушылары, ферма менгерушілері, шеберхана менгерушілері, гараж менгерушілері, механиктер мен бригадирлер төмендегідей жұмыстарды атқаруга міндетті:

- жұмыс орнындағы нұсқауды жүргізу, журнал жүргізу және оның орындалуын қадағалау, еңбек төртібінің орындалуын бақылау;
- тракторларды, комбайндарды және басқа машиналарды басқаруға тиісті құжаты жоқ адамды жібермеу;
- машиналардың және жеке қорғану құралдарының түгел және жарамды болуын бақылау;
- техникаларды бір жерден екінші жерге ауыстырығанда журу ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;
- механизаторлар мен жұмысшылардың демалатын орындарын белгілеп, ол жерді жабдықтау;
- өндіріс орнының демалыс бөлмелерінің санитарлық жайын қадағалау;
- қауіпсіздік техникасы талаптарының орындалуын бақылау, қайғылы оқигаларды дер кезінде жоғарғы органды хабарлау.

Ұжымшарларда еңбек қорғау жұмыстарына жауапкершілік басқарма мүшелерінің біріне, әдетте басқарма төрағасының орынбасарына жүктеледі.

Өндірістік практикада журген оқушылар үшін жауапкершілік оны басқарушы мұғалімге және сол кәсіпорынның басшысына жүктеледі.

300-ден 500-ге дейін жұмысшылары бар кәсіпорындарда – еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрттен қорғауды үйімдастыру жөніндегі инженер, ал егер жұмысшының саны 500-ден асса ага инженер штатын үстаута рұқсат етіледі. Олар ауыл шаруашылығы департаментінің бүйрекшімен алынады және шығарылады. Бірақ кәсіпорын басшысының басшылығымен жұмыс істейді. Еңбек қауіпсіздігі ережелері бұзылған жерде олар жұмыс-

ты тоқтатуға құқылы. Сондай-ақ, кәсіподақ комитетімен бірлесе отырып, ол жұмысшыларды оқытуды үйімдастырады, еңбек қорғаудың іс бөлмесін ашады, қайылы оқиғаларды зерттеуге қатысады.

Жұмыс орнын тиімді үйімдастыру

Жұмыс орнын үйімдастыру еңбек үдерісін ұтымды жүргізудің және еңбек құралдарын тиімді пайдаланудың шараларын іске асыруды қажет етеді.

Жұмыс орны дегеніміз – жеке жұмысшының немесе жұмысшылар тобының еңбек ететін аймағы. Онда технологиялық үдерістің операцияларын орындауға қажетті материалдық-техникалық өндіріс құралдары орналастырылады.

Жұмыс орнын тиімді үйімдастыру жұмыстары өндірістік санитария мен еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесінің талаптарына сай жүргізілуі тиіс. Бұл ретте жұмыс орнын жоспарлап жүйелеу, оны қажетті жаңа жабдықтармен жабдықтау, өндіріс құралдарын кеңіс орналастыру, жабдықтардың тиімді өрленуі мен нормага сәйкес жарықтандырылуы қажет.

Жұмыс орнын жоспарлап жүйелеу төмендегідей шараларды қамтиды:

а) жұмыс кезінде адамның кедергісіз еркін қозғалуына мүмкіндік жасау;

ә) өндірістік жерді үнемді пайдалану және заттың тасымалдау жолын барынша ықшамдау;

б) жабдықтарды технологиялық үдерістің тізбектілігіне сәйкес орналастыру, оператордың қауіпсіз еңбек етуіне жағдай жасау.

Жұмыс орнында жабдықтарды дұрыс орналастыру арқылы жұмысшының өзіне қолайлы жұмыстық қалыпта еңбек етуіне жағдай жасалады. Жұмысшылар жұмысты қебінесе отырып немесе тұрып жасайды. Әдеттегі жұмыстық қалып деп дененің алға қарай енкеюі 10-15° аспайтын, артқа немесе қанталға қисауды талап етпейтін жұмыс қалпын айтады.


Жұмыс аймағын таңдаудың кепілдемесі және денені ұстау қалпына сәйкес орындықтар мен жабдықтардың биіктігінің тиімді шамалары төменгі кестелерде берілген.

6-кесте

Денені ұстау қалпы	Күш, Н	Жұмыс кезіндегі қозғалуды	Жұмыс аймағы (радиус)
Отырып	50 дейін	Шектеулі	380-500
«Отырып-тұрып»	50-100	Орташа	380-750
Тұрып	100-200	Жиі	750-ден жогары


7-кесте

Жұмыс орны	Жұмыс орынның адам бойының ұзындығына сәйкес биіктігі, мм		
	Аласа бойлы	Орта бойлы	Ұзын бойлы
Отырып жұмыс істейтін үстел	700	725	750
Отырып жұмыс істейтін өте назік жұмыстардың үстелі	900	950	1000
Тұрып жұмыс істейтін станоктарда Аяқ астының көзістігі	1000	1050	1100
	600	625	625



16-сурет. Отырып жұмыс істеу кезінде қолдың жұмыс аймағы:

а) үйлесімді жұмыс аймағы; ә) шекті жұмыс аймағы



17-сурет. Түрлүп жұмыс істеу кезінде қолдың жұмыс аймағы: а) үйлесімді жұмыс аймағы; б) шекті жұмыс аймағы

Жұмыс орнында құралдар мен өндөлетін заттар оларды пайдаланудың жиілігіне қарай жақын немесе қашық орналастырылады. Бұл жұмысшының өнімсіз қозғалысын азайтады.

Корыта айтқанда, жұмыс орнының тиімді орналастырылуы еңбек өнімділігін арттырады және қауіпсіз еңбек етуді қамтамасыз етеді.

6.2.1. Еңбек және демалыс режимі

Өндірістік үдерістерді жүргізуін ұтымды жағдайын жасауға бағытталған шаралардың ішінде жұмысшының еңбек ету және демалу режимі маңызды рөл атқарады.

Дәлме-дәл сақталған еңбек режимі адам ағзасының қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызады. Бірқалыпты еңбек еңбекшіні шаршатпайды, оның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Ал, керісінше, жұмыс ыргағының бұзылуы еңбекшінің еңбек етуге қабілетін төмендетеді және тез шаршатады.

Жұмыс күні ішінде адамның еңбек ету қабілеті өзінің жогарғы дәрежесіне бірден жетпейді.

Жұмыстың ерекшелігіне қарай әдепкі 0,5-1,5 сағат аралығында қалыптасу, машиқтану мерзімі, одан кейінгі

1,5-3,0 сағат аралығында жұмысқа жоғары түрақты қабілеттілік мерзімі, одан кейін тағы да шаршауы себепті еңбек қабілетінің төмендеу мерзімі туындайды. Сондықтан өнімді еңбек ету мерзімінде жұмыс ыргағының бұзылуы немесе амалсыз үзіліс жасалуы адамның көп энергия шығындауына, шаршауына әкеліп соқтырады. Мұның өзі еңбекшінің жарақаттануына қолайлы жағдай тудырады. Алайда, еңбекшінің еңбек етуге қабілетінің төмендеген мерзімінде берілетін қысқа мерзімді үзілістер де олардың шаршағанын басып, еңбек етуге қабілетін қайтадан қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау органдары жұмыс уақытының әдепкі 2,5 сағаты өткеннен кейін өндірістік гимнастика жасау үшін 10 минут, 4 сағаттан кейін 40 минуттық түскі үзіліс, одан кейін 2 сағат өткесін денешшынықтыру жаттығуларын жасау үшін 10 минуттық үзіліс жасауды ұсынады.

Дәрігерлік алдын алу шараларын үйымдастыру

Еңбек талабына сәйкес жұмысқа жаңадан қабылданатын адам алғашқы жөне одан кейін белгіленген мерзімде дәрігерлік байқаудан өтуі тиіс.

Мерзімді (профилактикалық) байқау жалпы аурудың бастапқы белгілерін анықтап, оның алдын алу үшін жасалады. Мұндай байқаулар емханаларда немесе емдеудің алдын алу мекемелерінде жүргізіледі. Дәрігерлік байқаудан өтуге тиісті контингентті жөне байқауды жүргізу мерзімін санитарлық-эпидемиологиялық станция ережеге сәйкес белгілейді. Олардың мерзімі жұмыстың түріне қарай үш айда, жарты жылда, жыл сайын немесе екі жылда бір рет болып белгіленуі мүмкін.


Оған қосымша көлік жүргізушілері рейске шығарда немесе рейс соцында күнделікті дәрігерлік байқаудан өткізіледі.

Кәсіби науқастанудың алдын алуға емдеу-профилактикалық тамақтандырудың маңызы зор. Оның төртібін де емдеу мекемелері белгілейді.

Минералды тыңайтқыштармен, пестицидтермен және басқа зиянды заттармен жұмыс жасайтындарға тегін сут пен қорғаныс майлары берілуі тиіс.

Еңбек жағдайының ауырлығы мен күрделілігіне қарай кәсіпорындарда демалу бөлмесі, емдік деңешінің тиражы бөлмесі, физиотерапия бөлмесі үйімдастырылады. Өндірістік гимнастикаға үлкен қоңыл болінеді.

Еңбек қорғау жұмыстарын үйімдастырудың сыйбасы



6.3. Еңбекшілердің арнайы киімдері мен қорғану құралдары

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті бекіткен тізім бойынша қызметкерлерге тегін арнайы киімдер, арнайы аяқкиімдер және қорғану құралдары беріледі.

Арнайы киімдер екі топқа бөлінеді:

- 1) өндірістік
 - жұмыс киімдері
 - арнайы киімдер
 - салалық киімдер
- 2) түрмистық
 - технологиялық киімдер

Жұмыс киімдері барлық мамандықтарға ластанудан және жарақаттанудан сақтану үшін беріледі.

Арнайы киімдер – сұықтан, ылғалдан, шаңдан, майдан, үшқыннан, судан, т.с.с. қорғану үшін беріледі.

Салалық киімдер – әрбір министрліктің өз жұмысшыларына арнап тіктірген формалы киімдер.

Технологиялық киімдер – жоғары дәлдікте жұмыс жасайтын өндірістің жұмысшыларына берілетін киімдер.

Өндірістік киімдер: костюмдер, күртешелер, шалбарлар, комбинезондар, жартылай комбинезондар, плащтар, халаттар, алжапқыштар, бас киімдер, жартылай пальтолар, жендер, иық жапқыштар.

Жұмыс киімдері дүкендерде сатылады, ал арнайы киімдер белгіленген мерзімге тегін беріледі.

- 1) гигиеналық талаптар
 - ыстықтан қорғау
 - желден сақтану
 - су өткізбеу
- 2) пайдалану талаптары
 - адамның қозғалуына кедергісі болмауы
 - демалуына кедергі болмауы
 - киіп жүруге ыңғайлылығы
 - белгіленген мерзімге тәзімділігі

4) үнемділік талаптары – материалдың ең аз шығындалуы

Арнайы киімдер мен арнайы аяқ киімдер жеңіл, жұмсақ және иілгіш материалдардан жасалады. Олар қан айналымына, тыныс алуға, ас қорытуға, қозғалуға кедергі келтірмейтін, киіп-шешүге ыңғайлыш, климат жағдайы мен жыл мезгіліне сәйкес келетін, жел мен ылғалдан қорғайтын болуы тиіс.

Жалпы жұмыстарда пайдаланатын арнайы киімдер (комбинезон, мақта-матадан тігілген күртеше мен шалбарлар) балшықтан қорғауға, машиналар мен механизмдер жұмыс жасағанда жарақаттанудан сақтауға арналады.

Ылғалдан қорғайтын арнайы киімдерге жаңбырдан, қардан, жерасты судан қорғайтын плащтар, су өткізбейтін костюмдер, шалбарлар жатады.

Қысқы арнайы киімдер сұықтан қорғайды. Оған мақта матадан астарлары бар күртеше мен шалбарлар, «Пингвин» электрмен қыздырылатын костюмдер жатады.

Қолды сұықтан, механикалық зақымданудан, күйіктен қорғауға брезент қолғаптар, арнайы ерітінділерді сіңірген шұға қолғаптар пайдаланылады.

Арнайы аяқ киімдерге шаңнан, батпактан, зақымданудан сақтайтын былғары немесе брезент бөтеңкелер жатады. Аяқты ылғалдан қорғауға резенке етіктер, қыс мезгілінде байпактар немесе былғары қыздырылатын аяқ киімдер пайдаланылады.

Жалпы қорғау жабдықтарына түрлі қоршаулар, блокировкалар, шектегіштер, қорғаыштар, тежегіштер, қашықтан басқару құрылғылары жатады.

Жеке қорғану құралдарына тыныс алу мүшелерін, қолды, басты, кезді, бетті, құлақты қорғайтын құралдар және белдіктер, сондай-ақ кремдер мен пасталар, майлар жатады.

Майда үшқындардың кезді зақымдауынан сақтау үшін түссіз әйнек салынған ашық көзілдіріктерді, ал

ірі үшқындардан қорғау үшін жабық көзілдіріктерді пайдаланады. Кейде көзді ірі жарқыншақтардан сақтау үшін әйнектің орнына тесіктері 0,6-0,8 мм металл торларды пайдаланады. Көзді жарқыраған жарықтан және зиянды сөулеленуден қорғау үшін жабық сұзгілі көзәйнек қолданылады. Металды электрмен пісірушілерге жабық сұзгілі қараңғы әйнек салынған арнайы қалқандарды пайдаланады.



18-сурет. Қорғаныш көзілдіріктері:

а) қапталы жабық капрон қаңқалы қорғаныш көзілдірігі (механикалық зақымданудан сақтайты);

ә) №151 қапталы жабық металл қаңқалы көзілдірік (механикалық зақымданудан сақтайты); *б)* №151 1/2 түссіз әйнек салынған жарты маска көзілдірік (шаңнан, үшқыннан, еріткіштерден, қышқылдардан қоргайды);

в) №1879 (механикалық зақымданудан қоргайды);

г) капрон қаңқалы көзілдірік (механикалық зақымданудан қоргайды); *д)* ПО-1 резеңке жарты маскалы саңылаусыз көзілдірік (будан, газдан, зиянды сыйықтардан қоргайды); *е)* №5 (желден және шаңнан қоргайды)

Тыныс алу мүшелерін шаңнан және басқа улағыш заттардан қорғау үшін респираторлар мен противогаздар пайдаланылады.




19-сурет. Респираторлар:

Шаңнан қорғағыштары: а) ШБ-1 клапансыз респиратор; ә) «Астра-2»; б) Ф62Ш; в) У-2К; Әмбебаптары: г) РУ-60; д) РУ-60 көзілдірікпен

Респираторлар жарты маскадан және сұзгіден тұрады. Сұзгі қағаздан, мақтадан, дәкеден жасалады. Респиратордың қарапайым түрі ауыз бен мұрынға екі-үш қабат дәкеден таңғыш байлау болып табылады. Әмбебап респираторларды улагыштығы нормадан 5 есеге дейін жоғары газ және бу күйіндегі заттардан қорғауға пайдалануға болады.

Егер ауа улы газдар мен булардың өте жоғары мөлшерімен ластанған болса, онда МК, БК, БКФ типтегі сұзгіш противогаздарды пайдалану қажет. Сұзгіш противогаз шлем-маскадан, кеңірдек түтіктен және сұзгіш қораптан тұрады.



20-сурет. Противогаздар:


а) сүзгілі противогаздар; ә) оқшаулагыш противогаздар

Ауаның құрамында улағыш заттардың мөлшері 2 пайыздан жоғары болса, сондай-ақ оттегі 16 пайыздан төмен болса немесе зиянды факторлардың түрі мен көрсеткіштері белгісіз болса, онда шлангілі немесе оттегілі оқшаулағыш противогаздарды пайдалану қажет. Шлангілі противогаздар ұзындығы 10-20 метр кеңірдек шлангіден (ПШ-1 өзі соратын) немесе ұзындығы 20-40 метр кеңірдек шлангіден, маскадан және ауаның құрамындағы шанды сүзетін сүзгіш қораптан тұрады. Оттегілі оқшаулағыш противогаздар адамның тыныс алу мүшелерін атмосферадан толық оқшаулайды.

Кеп қолданылатын КИП типті противогаздар резенке жарты маскадан, екі кеңірдек шлангілерден (біреуінен таза ауа келеді, ал екіншісінен тыныстаған ауа шығады), оттегі баллонынан және дем алу қапшығынан

тұрады. Қапшықта көмір қышқыл газдан тазарған ауа мен баллондағы оттегі араласады.

Есту мүшелерін шудан қорғау үшін шуга қарсы құралдар пайдаланылады. Шудан қорғағыштардың құлақта сыртынан киіп пайдаланылатыны болады. Құлақтың сыртына кигізілетін шудан қорғағыштар арасы белдікпен немесе серпімді догамен жалғанған макта толтырылған тоостаған – бұқтырмадан және кеуекті резенкеден тұрады.



21-сурет. Шудан қорғағыштар:


- а) ВЦНИИОТ-1; ә) ВЦНИИОТ-2;
- б) ВЦНИИОТ-2 м; в) ВЦНИИОТ-2 м дүлыға қалпақ;
- г) ВЦНИИОТ-3 дүлыға қалпақ; д) шудан қорғайтын құлақ аспабы

Құлақтың тесігіне мактадан салу арқылы шудан қорғауға болады. Қазіргі кезде құлақтың ішкі қуысына салып пайдаланылатын ФПП-Ш «Беруши» (құлағыңды қорға) материалдардан және полимерлік материалдардан жасалған сыйналар көп қолданылады.

Жұмысшылардың бастарын қорғау үшін қорғаныш дүлыға қалпақтар пайдаланылады. Дүлыға қалпақтар

фибралдан, текстолиттен, винипласттан жасалады. Қажет болған жағдайда қалпактар бет пен көзді қоргайтын қорғаныш қалқандармен жабдықталады.

Биіктен құлаудан қорғау үшін сақтандырғыш белдіктер пайдаланылады.



22-сурет. Жоғары ормелеуге арналған сақтандырғыш белдік:

- а) жалпы түрі; ә) белдіктің мықтылығын сынақтан өткізу діңін сыйбасы

Мұндай белдіктер 300 килограмға дейінгі салмаққа төзімді болуы тиіс. Оларды пайдаланғанда зақымданбағандығына мөн беру қажет.

Электр тоғының зақымдануынан қорғау үшін ток өткізбейтін қолғаптар, ботылар, кеуіштер, тесеніштер қолданылады. Бұл қорғаныш құралдары жоғары сапалы резеңкелерден жасалады және олардың көлемі мен езі пайдалануға ыңғайлы болуы тиіс. Оларды оқтын-оқтын кернеулі сынақтан өткізіп тұру қажет. Электр қондырғыларында жұмыс жасаушылардың құрал-саймандарының саптары ток өткізбейтін материалдармен қапталады.

Жеке қорғану құралдарына тыныс алу мүшелерін, қолды, басты, кезді, бетті, құлақты қорғайтын құралдар және белдіктер, сондай-ақ кремдер мен пасталар, майлар жатады.

Дерматологиялық қорғану құралдарына теріні жұмсартып, әр түрлі зиянды заттардың өсерін болдырмайтын кремдер, пасталар, сабындар, майлар, сұйықтар жатады.

Олар мынандай талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- теріні түршіктірмейі тиіс;
- өндірістің жағымсыз жағдайларында теріні жақсы қорғауы тиіс;
- теріге женіл жұғатын болуы және оның әдеттегі қызметін бұзбайтын болуы тиіс;
- ауысым соңына дейін теріде сақталып қорғауы тиіс;
- сабынды сумен немесе басқа тазартқыш заттармен жуғанда женіл кететін болуы тиіс.

Әдетте, кремдер, пасталар, майлар таза және құрғақ теріге жұқалап жағылады да, 1-2 минуттан кейін жұмысқа кірісуге болады.

Пасталар мен майлардың бір түрімен үнемі пайдалаңуға болмайды, ай сайын оларды өзгертіп тұрган жөн.

Пайдалану орындары мен қасиеттеріне қарай кремдер, пасталар, майлар үш топқа бөлінеді:

1. Гидрофобиялық препараттар – қалдық терісін судан, тұздан, қышқыл мен сілтіден, басқа да химиялық заттардан сақтайты (гидрофобия – судан қорқатын психикалық аурудың бір түрі). Оған:

- а) ИЭР-2 пастасы (құрамында парафин – 20%, церезин – 15%, сеператор майы – 7 65%);
- ә) «Силиконовый» кремі;
- б) «Защитный» кремі (құрамдарында глицерин, консервант, парфюмерлік май болады). Бұлар суда ерімейді және жуылмайды.

2. Гидрофильдік препараттар – теріні бояулардың, қарамайдың, мұнай өнімдерінің, органикалық сусыз еріткіштердің өсерінен сақтайты. Бұлар суда тез ериді, тез жуыллады. Оған: «Айро» пастасы, «пленкообразующий» кремі, солидол қосылған жуғыш-қорғағыш паста жатады.

3. Терінің кірін жуу, ластанудан тазарту үшін пайдаланылатын тері тазартқыш препараттар болады. Олар «Фея», «Вега», «Ралли» пасталары және басқа содалық ерітінділер. Олардың нормасы атқарылатын жұмыстың түріне, жағдайына байланысты.

Арнайы киімдерді мақтадан, жүннен, леннен, асбесттен, т.с.с. материалдардан дайындалған, ылғал өткізбейтін және қышқылға (кислотаға) тәзімді етіп арнайы ерітінділерді сіндіреді. Сондай-ақ, арнайы киімдерді деңгеллік зерттеудің қорытындысымен және өндірістік сөнге сәйкес дайындауды.

Арнайы киімдер белгіленген мерзімге беріліп, мерзімі біткесін қайта өткізілуі тиіс. Егер киім жұмысшының кінәсісіз жарамсыз болып қалса, мекеме оны акт жасап, алмастырады. Арнайы киімдер мен қорғану құралдары мекемеде сакталады.

Зиянды жұмыстарда нормаға сәйкес тегін сүт және басқа тағамдар беріледі (күнігे 0,5 л). Жұмысшы сүтті үйге алып кетпей, жұмыс кезінде ішүі тиіс. Сүттің уақтылы берілудің мекеме басшысы жауапты, ал оған бақылау жасайтын – кәсіподақ комитеті.

Қандай жұмыстарда сүт берілетіндігі мекеменің ұжымдық шартында көрсетілуі тиіс.

6.4. Қайғылы оқигалар мен кәсіби науқастануларды зерттеу және есепке алу

1. Қайғылы оқигаларды зерттеу.

Қайғылы оқигалардың қайталанбауы мақсатында мекеме кәсіподақ үйымымен бірлесе отырып оның себептерін зерттейді және оны келешекте болдырмаудың шарапаларын жасайды. Егер оқиганың салдарынан жұмысшының жұмысқа жарамсыздығы бір күннен артық болса, Н-1 нысанды акт жасалады және ол 24 сағаттың ішінде зерттеліп бітуге тиіс.

Бекітемін

Көсіпорын басшысы
(бас инженер, бас маман)

* ____ * ____ 200 ____ ж.

КР еңбекті қорғау департаменті
бір-бір данадан цех бастығына,
еңбек қорғаудың инженеріне,
көсіподақ комитетіне,
еңбектің техникалық
инспекторына жолданады

М.О.

Өндірісте болған қайғылы
оқиға жайлышы № _____ акт
(4 дана етіп жасалады)

1. Министрлік _____
2. Көсіпорының аты _____
3. Көсіпорының мекен-жайы _____
4. ЗАҚЫМДАНУШЫНЫҢ АТЫ-ЖӘНІ _____
тізім № _____
5. Ер, әйел (астын сыйызызы)
6. Жасы _____
7. Кесібі, қызметі _____ Разряд _____
8. ЗАҚЫМДАНУШЫНЫҢ ТҮРАҚТЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙТАН ЦЕХЫ НЕ-
МЕСЕ ОНЫ ЖҰМЫСКА ЖІБЕРГЕН МЕКЕМЕ _____
9. Қайғылы оқиға болған цехтың, бөлімшениң аты, атқа-
рып жатқан жұмысы _____
10. Қайғылы оқиға болған участкениң шеберінің аты-жәні

11. ЗАҚЫМДАНУШЫНЫҢ ЖҰМЫС ӘТІЛІ: _____
- 11.1. Негізгі кесібі бойынша жалпы еңбек әтілі _____
- 11.2. Қайғылы оқиға болған кезде атқарып жатқан жұмы-
сы бойынша еңбек әтілі _____
12. Нұсқау берілгені немесе қауіпсіздік техникасына
оқытылғаны жөнінде мөлімет:
- 12.1. Кіріспе нұсқауы жүргізілген күні _____

12.2. Қайғылы оқиға болған жұмыс орнындағы нұсқаудың жүргізілген күні _____

12.3. Қауіптілігі жоғары жұмыс орындарында жұмыс істеуге оқытылған күні _____

12.4. Аттестациядан өткен күні _____

13. Қайғылы оқиға _____ жылдың _____ айының _____ күні _____ сағатта болды

13.1. ЗАҚЫМДАНУШЫНЫҢ ЖҰМЫСТЫҢ БАСТАЛУ УАҚЫТЫНАН БЕРГІ ЖҰМЫС ИСТЕГЕН САҒАТТАСЫНAN

14. Қайғылы оқиға болған жағдайдың толық түсініктемесі

15. ЗАҚЫМДАУШЫ ФАКТОР _____

15.1. Қайғылы оқиғаның себептері

16. Қайғылы оқиғаның себептерін жою шаралары:

P/c	Шаралардың мазмұны	Орындалу мерзімі	Орындауга жауапты	Орындалуы жайлыш белгі

1) Орындалуы жайлыш белгі графасына еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасының инженері цех бастығымен және еңбек қорғаудың қоғамдық инспекторымен бірлесіп тексергеннен кейін белгі соғады.

Акт жасалған уақыт 200 _____ жылдың _____ айының _____ күні _____ сағатта.

Цех бастығы немесе

белімшебасшысы:

Еңбек қорғау мен қауіпсіздік

техникасының инженері:

Еңбек қорғаудың

қоғамдық инспекторы:

17. Қайғылы оқиғаның зардабы

17.1. ЗАҚЫМДАНУДЫҢ НӘТИЖЕСІ: жазылды, женіл жұмысқа ауыстырылды, I, II, III толтардағы мүгедектік белгіленді, қаза болды (қажеттісінің астын сзыныз):

Ендекке жарамсыздығы жайлы паракта немесе емдеу мекемесінің анықтамасына сейкес диагнозы	Қай уақыттан қай уақытқа дейін жұмыстан босатылғаны	Жұмысқа жарамсыз жұмыс күнінің саны

Қайғылы оқиғаның әсерінен зақымданушының жұмысқа жарамсыздық уақыты біткеннен кейін толтырылады).

17.2. Материалдық шығын:

Жұмысқа жарамсыздығы жайлы паракта сейкес төленгені теңде.

Бұлінген жабдықтың құны _____ тенге

Бұлінген құралдың құны _____ тенге

Бұлінген материалдың құны _____ тенге

Бұлінген құрылыштың, ғимараттың құны _____ тенге

Өзге де шығындар _____ тенге

Барлығы: _____ тенге

Күні, айы, жылы _____

Цех бастығы

(Бөлімшебасшысы) _____

(қолы)

Цех бухгалтері

(Бөлімшебухгалтері) _____

(қолы)

Акт төрт дана етіп жасалады, ол цехтың бастығына, еңбек қоргаудың инженеріне, кесіподак үйымына және еңбектің техникалық инспекторларына таратылады. Акт мекеменің архивінде 45 жылға дейін сақталуы тиіс.

Жарақат алған адамның талабы бойынша оған актының куәландырылған көшірмесі беріледі. Емдеу парагы жабылғаннан кейін актіге қайғылы травматологиялық және материалдық қорытындысы жазылады.

Травматологиялық қорытынды – диагноз, емдеу парагы бойынша жұмысқа жарамсыз күні, мүгедектігі, басқа жұмысқа ауыстырылуы, әйтпесе қаза болуы.

Материалдық қорытынды – емдеу парагы бойынша жарақаттанушының алған ақшасы, машинаның яки материалдың бүлінген құны.

Бұл қорытындылар мекеме бастығының және бас бухгалтердің қолдарымен куәландырылады.

Автомобиль жүргізушілері мен жолаушылардың қайғылы оқиғаларын МАИ инспекторлары мекеменің әкімшілігімен бірге зерттеп, К-1 немесе БТ нысандағы акт жасайды.

Ауыр оқиғаларды, адам қаза болғанда немесе бірнеше адам жарақат алғанда кәсіподактардың техникалық инспекторлары зерттеу жүргізеді. Егер қайғылы оқиға басқа да мемлекеттік бақылау органдарының аумақтарында болған болса, оларды зерттеуге тиісті органдар (энергонадзор, госгортехнадзор, госсельтехнадзор, т.с.с.) қатысуы тиіс. Мұндай оқиғалар міндетті турде аудандық прокуратураға хабарлануы тиіс.

Қайғылы оқиғалардың дер кезінде зерттеліп, актіде көрсетілген шаралардың іске асырылуына мекеме әкімшілігі тікелей жауапты.

Егер қайғылы оқиға жұмысқа бараЯ жолда яки қайтқанда және тұрмыста болса, кәсіподак үйымы мекеменің әкімшілігімен бірге үш күн ішінде зерттеп бітіруі тиіс. Ол үшін олар емдеу мекемелерінің, полицейдің анықтамаларын, куәлардың және жәбірленушінің өзінің көрсетулерін пайдаланады. Бұл кезде БТ нысандағы акт жасалып дәрігерлік парагымен бірге сақталады. Барлық қайғылы оқиғалар мекемеде есепке алынып отырады және 9-Т нысаны бойынша есеп жасалады. Есеп жарты жылға яки жыл аяғында жасалады (9-Т нысандағы есеп).

Егер қайғылы оқиға өндірісте болған немесе жұмысқа байланысты деп табылса, онда оған жәрдем ақша 100 % төленеді, зейнетақысы көтеріңкі мөлшерде белгіленеді. Ал қайғылы оқиға өндірісте деп табылмаса, онда ақша жалпы ережеге сай төленеді.

2. Көсіби науқастануды зерттеу.

Өндірісте әрбір көсіби науқастану мен улану зерттеледі. Жергілікті дәрігер 24 сағаттың ішінде адамның уланғандығы яки науқастанғандығы жайлыш санитарлық-эпидемиологиялық станцияға хабарлауы тиіс. Сан-эпидстанция дәрігері мекеменің өкімшілігімен және көсіподак үйымымен бірге отырып зерттеу жасайды және №164 нысандағы акт толтырады.

БТ нысаны

Тұрмыста, жұмысқа баар жолда немесе жұмыстап қайтар жолда болған қайғылы оқиғаны зерттеудің актісі

1. Зақымданушының аты-жөні _____

2. Жұмыс орны (цех) _____

3. Қызметі (көсібі) _____

4. Қайғылы оқиға 20 _____ жылдың _____ айының _____ күні сағат _____ болды

5. Қайғылы оқиғаның себептері мен жайының түсініктемесі (сондай-ақ, қосымша көрсеткіштердің көзін баяндау: емдеу мекемесінің анықтамасы, полицей және басқа органдардың анықтамалары, куәлардың көрсетулері; оқиға қай жерде болды, жарақат алған кезде зақымданушы маспаеді, т.с.с.) _____

6. Қандай емдеу мекемесінде (мекен-жайы) және қашан (күні, уақыты) алғашқы дәрігерлік жердем көрсетілді

7. Зақымданудың түрі

8. Қайғылы оқиғаны кім және қашан зерттеу жүргізді

Зерттеу жүргізушілердің қолы:

Күні, айы, жылы:

Жасалынған актіге сәйкес жөбірленушінің емдеу парагына ақы төлеу, оның алған зиянын мекеменің отеуі, қажет болған жағдайда зейнетақының мөлшері белгіленеді. №164 актіге сәйкес, аудандық немесе қалалық СЭС тоқсан сайын №43 есеп жасайды. 1970 жылдан бастап есепке қосымша екі тарау қосылады, олар: уланған және науқастанған топтағы адамдардың саны және улануы мен науқастанудың салдарынан закымданған адамдардың саны.

Өндірісте болған қайғылы оқигаларды зерттеудің құжаттары жарақаттанудың себептерін талдауга және оның негізінде қайғылы оқигалардың себептерін жоюға бағытталған шараларды жасауға мүмкіндік береді.

Өндірістегі қайғылы оқигалардың алдын алудың шаралары.

Өндірістегі қайғылы оқигалар мен кәсіби науқаста-
нумен күресудің шаралары техникалық, санитарлық-
гигиеналық және үйымдастыру шараларынан тұрады.

Техникалық шаралар өндірістік үдерістерді кешенді механикаландыру мен автоматтандыруды қамтиды. Ескірген өндіріс жабдықтарын адамның жарақаттануын болдырмайтын жаңа жабдықтармен алмастырудың, механизмдердің қозғалыстағы бөлшектерін және электр тогы жүретін ашық желілерді қоршап қоюдың маңызы зор. Сақтандырыш құралдарды пайдалануда адамдардың жарақаттануын болдырмаудың алғышарты болады. Атап айтқанда, жүк көтеретін крандардың, лифтілердің жүк көтеру биіктігін шектейтін ажыратқыштар, металл жонатын станоктардың суппортының қозғалу шегін шектейтін ажыратқыштар, электрлік қондырғылардың балқырыш сақтандырыштары мен автоматты ажыратқыштары, қысыммен жұмыс істейтін ыдыстар мен құбырлардың жарылуына жол бермейтін мембраннылар мен клапандар өндірісте қайғылы оқигалардың алдын алудың тиімді жолдары болып табылады.

Машиналар мен аппараттарды қашықтан басқару, өндіріс үдерістерін реттеуді автоматтандыру, жабдық-

тарды мерзімді сынақтан өткізіп тұру, қайғылы оқиғалардың алдын алу шараларына жатады.

Санитарлық-гигиеналық шараларға тәмендегідей жұмыстар жатады:

- 1) бөлмені және жұмыс орындарын ұтымды жарықтандыру;
- 2) өндірістік бөлмелердің қажетті микроклиматын қамтамасыз ету;
- 3) жабдықтардың дірілі мен қатты дыбыс шығаруын бәсендетеу;
- 4) адам ағзасына зиян келтіретін заттарды алмастыру;
- 5) сумен тиімді жабдықтау және канализацияның жұмысын бақылауға алу;
- 6) жұмыс орнының және бөлменің тазалығын қамтамасыз ету.

Үйымдастыру шаралары тәмендегідей жұмыстарды қамтиды:

- 1) еңбек занылыштары мен еңбек қорғаудың ережелерін бұлжытпай орындау;
- 2) өндірістік жабдықтардың жоспарлы-ескерту жәндеулерін дер кезінде жүргізу;
- 3) еңбек қорғау шараларының кесіпорындық және белімшелік байқауларын үйымдастыру;
- 4) еңбекшілерге еңбек қауіпсіздігі мен еңбек гигиенасы жайлы нұсқаулар беріп тұру және оқыту;
- 5) еңбек қорғаудың кабинетін немесе бұрышын үйымдастырып, онда лекциялар оқуды, кинофильмдер көрсетуді үйымдастыру;
- 6) көрнекі үгітпен насиҳаттау, еңбек қауіпсіздігі жайлы белгілер мен плакаттар ілу;
- 7) әрбір жұмысшыдан оның ішкі өндірістік тәртіпті сақтауын, жұмыс орнының таза болуын және олардың жеке гигиенасын сақтауын талап ету.

6.5. Еңбек қорғауды жоспарлау, қаржыландыру және оның есебін беру

Еңбек қорғау жұмыстарын жоспарлаудың үш жолы бар. Олар: болашақтық (перспективалық) жоспар, яғни бесжылдық жоспар, ағымдағы жоспар, яғни жылдық жоспар, шұғыл істің (оперативный) жоспары (тоқсанға, айға, он күнге жасалады).

Бұл жоспарларды құрғанда мекеменің әкімшілігі көсіподақ үйымымен келісе отырып, еңбек қорғаудың заңдылықтары мен еңбек қорғау саласындағы нұсқауларды, ережелерді және мөлшерлерді (норма) басшылыққа алады. Ал ондай нұсқаулар жоқ жұмыстарды қосымша атқару қажет болғанда мекеме әкімшілігі көсіподақ үйымымен келісе отырып, оны орындаудың шараларын жасауына құқылы.

Еңбек қорғау шараларын жоспарлағанда шаруашылықта болған өндірістік жаракаттану мен көсіби науқастанудың материалдары зерттеліп, барлық участкедегі жұмысшы-қызметкерлермен өңгіме өткізілуі тиіс.

Еңбек жағдайын жақсартудың болашақтық және ағымдағы жоспарларын жасағанда, сондай-ақ, еңбек қорғау шараларының номенклатурасы есепке алынуы тиіс.

Еңбек қорғау шараларының номенклатурасы үш белімнен тұрады. Олар:

1) қайғылы оқигалардың алдын алу шаралары (құрал-жабдықтарды қауіпсіз етіп жетілдіру, қосымша қорғану құралдарын орнату, еңбек қауіпсіздігін бақылауға арналған құралдарды алдыру, ауыр қол жұмыстарын жарактандыру, т.с.с. қауіпті аймақтарда еңбек жағдайын жақсарту жұмыстары);

2) өндірісте науқасқа шалдығудың алдын алу шаралары (жұмыс орнының микроклиматын, мөлшерге сәйкес жарықтылықты, шуды, дірілді, жылуды қамтамасыз етудің жолдары, мекемеде санитарлық-гигиеналық белменің жабдықталуы, жалпы зиянды жұмыс орындаудың денсаулық сақтаудың шаралары);

3) жалпы еңбек жағдайын жақсартудың шаралары (еңбек қорғаудың іс бөлмесін, бұрышын, көрмелерін үйымдастыру, қауіпсіздік техникасының үгіт-насихат жұмыстары мен курстық оқуын үйымдастыру, еңбек қорғау жайлы кинофильмдер көрсету, т.с.с. жұмыстар).

Кесіпорындарда әлеуметтік мәселелер мен еңбек қорғаудың келісімшарттары жасалады. Ол еңбек қорғаудың бір жылдық жоспары болып есептеледі. Ол шартта атқарылатын жұмыстардың мазмұны, орындалу мерзімі, оған бөлінетін қаржының мөлшері және орындауга жаупты адамдар көрсетіледі.

Оған қоса, шаруашылықта өртке қарсы шаралардың жоспары жасалуы тиіс. Онда: су құбырларын, су жолдарын жасау, отқа жанғыш материалдарды алмастыру, өрт сөндіретін құралдар мен техникаларды алу сияқты жұмыстар жоспарланады.

Кесіпорындарда еңбек қорғаудың номенклатуралық шараларын қаржыландыру өндірістік қаржы жоспарында қаралған қаражаттардың есебінен жүргізіледі. Ал еңбек қорғаудың басқа шығандары шаруашылыққа жұмсалатын ақшалай табыстан жүргізіледі.

Еңбек қорғау шараларына бөлінген қаржы басқа жұмыстарға жұмсалмауы тиіс.

Шаруашылықтың қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері бухгалтерлік есептерге сүйене отырып, жылына екі рет еңбек қорғау жұмыстарына бөлінген қаржының игерілуі жайлы есеп жасап, статистикалық басқармаға тапсырып отырады.

Сондай-ақ, шаруашылықтың басшысы мен кесіподак үйимы жыл аяғында №21-Т нысанды еңбек қорғаудың кешенді жоспарының орындалуы жайлы есеп жасап, жоғарғы органдарға тапсырады.

6.6. Еңбек қорғау жұмыстарына ынталандыру шаралары

Еңбекшілерді еңбек қорғау шараларын жетілдіргені үшін моральдық және материалдық ынталандырудың –

еңбек жағдайын одан өрі жақсартуға, өндірісте жарақаттану мен науқастануды болдырмауға, соның негізінде өндірістің тиімділігін арттыруға үлкен маңызы бар.

Моральдық ынталандыруға: алғыс жариялау, құрмет тақтасына суретін ілу, мақтау қағазымен мадақтау, ауыспалы тулар, құрмет белгілерін тапсыру, «Еңбек қауіпсіздігінің озат ұжымы», «Кәсібінің шебері» деген құрметті атақтарды беру жатады.

Материалдық ынталандыруға: ақшалай сыйлықтар, заттай сыйлықтар жатады. Ол қаржы-жалақы қоры мен материалдық мадақтау қорынан алынады.

Еңбек қорғау жұмыстары бойынша ынталандыру шараларына мөлшерлік коэффициенттердің орындалуы, жарақаттанудың жиілігі мен ауырлық көрсеткіші, еңбек қауіпсіздігінің коэффициенті сияқты негізгі көрсеткіштердің орындалуы есептеледі.

Мекемеде еңбек қорғаудың жайы базалық коэффициентпен бағаланады.

$$K_{\text{баз}} = K_{\text{н.б.}} \cdot K_{\text{т.б.}} \cdot K_{\text{и.б.}} \quad (10)$$

мұндағы $K_{\text{н.б.}}$ – өндірістік қауіпсіздік коэффициенті, яғни еңбекшінің еңбек қорғау ережелері мен мөлшерін (норма) орындауы. Ол қауіпсіздік талаптарын толық орындаған жүрген адамдардың санын жалпы жұмыс жасайтын адамдардың санына бөлгенге тең; $K_{\text{т.б.}}$ – техникалық қауіпсіздік коэффициенті, ол қауіпсіздік талаптарын толық қанағаттандыратын машиналар мен механизмдердің санына мекемедегі жалпы машиналар мен механизмдердің санына бөлгенге тең; $K_{\text{и.б.}}$ – инженер-техник қызметкерлердің орындаушылық тәртібінің коэффициенті. Ол еңбек қорғаудың бір ай немесе бір тоқсан ішінде орындалған шараларының санын жалпы жоспарланған шаралардың санына бөлгенге тең.

Ал еңбек қорғаудың ережелері мен мөлшерін бұзған жұмысшыларға тәртіпке шақыру шаралары және қоғамдық ықпал ету жұмыстары жүргізіледі.

6.7. Еңбек қорғау жұмыстарындағы озат тәжірибелер

АгроОнеркесіптік кәсіпорындардағы еңбек қорғау тәжірибелерін жинақтай келіп, еңбек жағдайын жақсарту мен еңбекшілердің деңсаулығын сақтау үшін төмендегідей шаралар іске асырылуы тиіс деген тұжырымға келуге болады:

- машиналардың құрылымдарын қауіпсіздік стандарттарының талаптарына сай жетілдіру қажет;
- ауыл шаруашылығы техникаларын пайдалануда, күтім жасағанда және жөндегендеге сақталуға тиісті қауіпсіздік ережелерін ғылыми негізде жетілдіру қажет;
- шудан, дірілден, шаңдан және газдан қорғайтын тиімді құрал-жабдықтар жасап шығару қажет;
- өндірістік жаракаттанудың алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру қажет (оқыту, нұсқау беру, т.с.с.);
- өндірісте өлеуметтік жағдайды жақсарту қажет.

Еңбек жағдайын жақсарту мақсатында агроОнеркесіптік кәсіпорындардың өздерінде жасалып, өндіріске енгізіліп жатқан жаңалықтар, тәжірибелер кеңіл аудараптырайтайды. Мысалы: Қорған облысы механизаторлары ұсынған – жазғы сауын лагерьлерінде пайдаланылатын вакуумсорғылардың шуылын басу үшін жасаған шу жұтқыш қондырғылар, еңбек қорғау ғылыми зерттеу институты жасаған діріл өлшегіштер мен діріл басқыш қондырғылар, шаң мен газдан сақтану үшін жасалған құйынды желдеткіштер, көпшілік кәсіпорындарда тиімді үйымдастырылған оқулар еңбек қорғау саласындағы озат тәжірибелер болып саналады.

Сондай-ақ, жеке қорғану құралдарының жаңа үлгілерін жасап жатқан шетелдік фирмалардың тәжірибелері де еңбек жағдайын жақсартуға игі ықпал етеді. Мысалы, Финляндияның «Нокия» фирмасы шығаратын жеңіл әрі түрлі химиялық заттардың өсеріне төзімді аяқкиімі, Италияның «Альма» фирмасы шығаратын ылғал жұтқыш

теріден жасалған аяқиім, АҚШ, Англия, Францияда шығатын аяқты түрлі жарақаттанудан сақтайтын пласт-масса қалқандарды (щиттер) біздің ауыл шаруашылығы өндірісінде тиімді пайдалануға болады.

6.8. Еңбек қорғауға оқыту және оны насиҳаттау

Еңбек қорғауға оқыту екі түрде жүргізіледі: нұсқау беру және курстық оқыту.

Еңбек қорғауға нұсқау беру жұмыстарына:

- кіріспе нұсқауын беру;
- жұмыс орнындағы нұсқау беру;
- мерзімді нұсқау жүргізу;
- қосымша нұсқаулар беру жатады.

1. Кіріспе нұсқауды жұмысшы жаңадан орналасарда әр саланың бас маманы жүргізеді. Онда жұмысқа жаңадан қабылданатын адамды еңбек қорғаудың төмендегідей мәселелерімен таныстырады:

- шаруашылықтағы ішкі тәртіп ережелерімен (жұмыс уақыты, демалыс уақыты, қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері, т.с.с.);
- еңбек қорғаудың мөлшерлерін, ережелері мен нұсқауларды орындаудағы жұмысшының міндеттерімен;
- еңбек заңдылықтарымен;
- өндірістік жарақаттанудың себептерімен;
- шаруашылықтың аумағында жүрудің тәртіптерімен;
- өндірісте және тұрмыста сақталуға тиісті электр қауіпсіздігімен;
- тасымал көліктерімен жұмыс жасағанда қауіпсіздік талаптарымен;
- машиналар мен механизмдерге күтім жасаудың жалпы ережелерімен;
- малдармен, құстармен, т.с.с. орындарда (объект) жұмыс жасаудың ережелерімен;
- арнайы киімдер мен қорғану құралдарын берудің тәртібімен;
- өртті болдырмаудың шараларымен;

– жәбірленушіге дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсетудің жолдарымен.

Жұмысшының кіріспе нұсқау алғандығы жөнінде №1 нысанды карточкага белгі жасалады және оның жеке іс-құжатына тігіліп қойылады. Бұл карточка болмаса мекеменің басшысы жұмысшыны жұмысқа қабылдау жөніндегі бүйрыққа қол қоймауы тиіс.

2. Жұмыс орнындағы нұсқауды жұмысшы жұмысқа қабылданғаннан кейін немесе жұмыс орнын ауыстырғанда, жұмыс жағдайы мен технологиясы өзгергенде, жаңа техниканы енгізгенде бөлім басшылары мен мамандары жүргізеді. Оған қоса, жұмыс орнының қауіпсіздігі жайлыш ереже жұмысшының қолына жазылып берілуі тиіс. Бұл нұсқауды (инструктаж) алғандығы арнайы журналға жазылып, екі жағы да қол қояды.

Қауіпсіздік техникасы жайлыш нұсқау берудің тіркеу журналы

P/c	Нұсқау жүргізілген күні	Нұсқау алушының аты-жөні	Нұсқаудың түрі	Нұсқаудың тақырыбы мен көмекші мағазуны	Нұсқау алушының қолы	Нұсқау берген адамның аты-жөні, қызметі	Нұсқау беру шілдің қолы	Ес-керту

3. Мерзімді нұсқауды көктемде егін егу алдында, күзде егін жинаудың алдында, мал шаруашылығында, шеберханада алты ай сайын бас мамандар мен өндіріс бригадирлері бірлесіп жүргізеді.

4. Қосымша нұсқауды мекемеде, яки бөлімшеде кездейсоқ оқиға болған жағдайда шұғыл жүргізеді. Онда барлық жұмысшыларды жинаиды.

Курстық оқыту барлық санаттағы жұмысшы-қызметкерлермен өткізіледі. Жұмысшылар шаруашылықтың өзінде, ал басшылар мен мамандар ауылшаруашылық басқармаларында өтеді. Оны тыңдағандарға куәлік беріледі, оқу, негізінен, жұмыс басында жүргізіледі.

Курстық оқыту төрт белімнен тұрады:

1. Жұмыстың қауіпсіз жүргізілетін жолдарын көрсету, оған жасалатын бақылауды ескерту;
2. Тындаушылардың тусінбеген сұрақтарына жауап беру;
3. Тындаушылардың білімін тексеру;
4. Нұсқаулар мен курста оқытуды тіркеп, есепке алу.

Оқуды жүргізуге мамандарды, кәсіподактың инспекторларын, ауылшаруашылық басқармасының қызметкерін қатыстырған жән. Оқу арнайы бағдарлама бойынша жүргізіледі.



1. Өндіріс үдерісінің қауіпсіздігіне қойылатын негізгі талаптарды атаңыз.
2. Кәсіпорын басшыларына еңбек қорғауға байланысты қандай міндеттер жүктеледі?
3. Өндірістік арнайы киімдерге қандай киімдер жатады?
4. Жеке қорғану құралдарына нелер жатады?
5. Дерматологиялық қорғану құралдары деген не?
6. Қайғылы оқиғаны зерттеу барысында қандай құжат жасалады?
7. Кәсіби науқастануды зерттеу барысында қандай құжат толтырылады?
8. Еңбекшілерге еңбек қорғауға байланысты қандай нұсқаулар беріледі?
9. Кіріспе нұсқауы қашан жүргізіледі және онда не айтылады?
10. Курстық оқытудың қандай ерекшеліктері бар?



Ретті	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Кәсіпорынга қандай жағдайда еңбек қорғау инженері штатын ұстауга рұқсат етіледі?	A. Жұмышы 150-200 адам болса; B. Жұмышы 200-300 адам болса; C. Жұмышы 300-500 адам болса.
2.	Меншік иесі кәсіпорын қызметкерлерімен еңбек қорғауға байланысты қандай құжатпен келісім жасайды?	A. Жеке келісім бойыни; B. Ұжымдық шартпен; C. Ауызша үде берумен.

3.	Віздің елімізде еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі кайда жылдан бастап енгізілген?	A. 1958 ж.; B. 1974 ж.; C. 1981 ж.
4.	Мекемедегі еңбек қорғаудың базалық коэффициенті кана болуы тиіс?	A. 0,6-дан төмен; B. 0,7; C. 0,8.
5.	Еңбек қорғаудың комплексті жоспарының орындалуы жайлыштың аяғында қандай есеп беріледі	A. Н-1 нысанды есеп; B. 9Т нысанды есеп; C. 21-Т нысанды есеп.



Өндірісте болған қайғылы оқиғаларды зерттеу, есепке алу және оның есебін берудің тәртібін 8-тараудағы үлгіге сәйкес дайындаңыз.

Мекемедегі еңбек қорғаудың жылдық шараларын белгілеудің үлгіге сәйкес дайындаңыз.

7.ТАРАУ

ЗАҚЫМДАНУШЫГА ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

7.1. Жарапанғанда және сынғанда көрсетілетін дәрігерге дейінгі алғашқы көмек

Адам жарапанғанда дәрігерге дейінгі көмек көрсетуші қолын сабынмен жуып немесе саусақтарын йод тұнбасымен майлап кірісүі қажет. Дәрігердің нұскауынызы жараны тіпті жұған қолмен ұстауға, сумен немесе дәрімен жууға, ұнтақ себуге болмайды. Өйткені, жараны зәрлеуі мүмкін. Жараны тек қана дәрігер тазартады. Жараны байлау үшін дәке алып, жараның бетіне таза шүберек салып және ол жерге йод тұнбасын құйып байлау керек. Қысқасы, жарага микробтардың түспеуін қадағалау қажет.

Жараның аузындағы қатқан қанды суртпеген дұрыс. Өйткені қан қатты ағып кетуі мүмкін. Қанның ағуын тоқтату үшін ол жерді жоғары кетеріп, жараны дәкемен жауып тұрып саусақпен 4-5 минут басып тұру керек. Егер қанның ағуы тоқтаса, үстіне мақта және тағы бір дәкемен қабаттап салып, таңып тастау керек. Егер қанның ағуы тоқтамаса, онда дәрігер шақырту қажет. Дәрігер келгенше қан ағып тұрган жерді қысу арқылы, ал, егер сынған жерден қан ағып тұрса, тамырды жоғарырақтан қысып тұру керек.

Егер қысып тұрган жерден адам қолын босату қажет болса, онда жараның аузын жоғары қаратып, жұмсақ материал салып резенке түтік, тартқыш сияқты созымалы заттармен қысып тартып тастау қажет. Бірақ оны

1,5-2 сағаттан артық қалдыруға болмайды, себебі қан жүрмеген жағының жаны кетіп қалуы мүмкін.

Кезге түскен затты сүртіп кетіруге болмайды. Оны таза жылы сумен яки борлы қышқылдың ерітіндісімен жуу керек.

Сүйек сынғанда және шыққанда негізгі міндет – оны өзіне ыңғайлы жағдайда қозғалмайтын етіп бекітуде. Шыққан қолды дәрігерлер салуы тиіс.

Бас жарақаттанғанда құлақ пен ауыздан қан ақса, бастың сүйегі сынды деп тұжырымдауға болады. Ол кезде басқа салқын суға батырып шуберек басу керек.

Егер жауырын сынған болса, онда астына абайлап тақтай қою керек, денесі майыспауын қадағалау қажет. Өйткені, ол мига әсер етуі мүмкін.

Жамбас сүйегі сынғанда арқасына жатқызып, аяғының тізесінен сөл бүгілетіндей етіп астына брезентпен орам жасап салу керек.

Қол шыққанда яки сынғанда ағаштан құрсау байлайды. Ауырган жерге салқын су басады.

Қабырғасы сынғанда – адам дем алғанда, жөтелгенде, қозғалғанда ауырады. Ондай кезде қеудені қаттырақ тартып байлап тастау керек.

Егер сынбай яки шықпай, жай жарақаттанғандығы белгілі болса, онда сол жерге мұз немесе салқын суға батырылған шуберекті басу керек. Сосын жарапланған жерді таңып тастайды.

Егер адамның терісі жарақаттанбаған болса, йод жағудың, салқын суға батырылған шуберек басудың, уқалаудың қажеті жоқ. Өйткені, ол ауруын ұлғайтып ушықтыруы мүмкін.

Адамның басына бір зат түскенде немесе құлағанда миы қозғалуы мүмкін. Ол кезде адам есінен айырылады, тіпті демалуы үзіліп, көзінің қарашығы үлкейіп кетуі мүмкін. Ол адамның есін жиганнан кейін де басы ауырып, құсқысы келеді. Ол кезде адамды шалқасынан жатқызып ілгектерін, белдіктерін ағыту керек. Құстында болса бір қанталына жатқызды. Емханаға да оны жатқызып апару қажет.

7.2. Электр түскен адамга дәрігерге дейінгі алғашқы көмек

Токқа түскен адамды, ең алдымен, ажыратуға тырысу қажет. Ол үшін токты ажырату керек. Оған мүмкіндік болмаса құрғақ шуберекпен қолды қалың байлап адамды ажыратады. Тіпті токқа түскен адамның киімі құрғақ болса, оның денесіне тимей тұрган жерлерінен, мысалы, жағасынан, етегінен тартып ажыратады.

Егер адам электр сымының біреуін қолымен қысып қалған болса, оны сымнан ажыратудың орнына жерден ажыратқан дұрыс. Ол үшін астына құрғақ тақтай тығып немесе құрғақ арқанмен аяғынан тартып босатады. Сол кезде адам сымды өздігінен жібереді.

Кейде токты сымды балтамен шабу арқылы ажыратуға болады. Ол кезде балтаның сабы құрғақ болуы керек және сымды біртіндеп, шабу қажет. Сымды үзуге қысқыштар мен тістеуіктерді де пайдаланады. Егер олардың тұтқалары оқшауланбаған болса, онда оған жібек шуберек немесе поліэтилен қалталарын орауға болады.

Егер үзілген сым жерде жатса немесе жерге түйікталған темірге тиіп жатса оған жақындау қауіпті. Сондықтан ондай жерге тек қана ток өткізбейтін құрғақ кебістер киіп немесе құрғақ тақтай, таяқ пайдалану қажет. Тақты да өзінің құрғақ киімімен үстайды.

Егер токқа түскен адам есінен танып жатса, бірақ тынысы, тамырларының соғуы тоқтамаса, оның ілгектері мен белдігін ағытып, мұсәтір спиртін иіскету қажет. Мұсәтір болмаған жағдайда аршылған жуаға сірке сүйн тамызып иіскетуге болады. Бетіне су бұркуге болады, бірақ басына салқын зат басуға болмайды.

Осыдан кейін адам өз қалпына келсе, оған 15-20 тамшы стаканның $\frac{1}{4}$ құйылған суға тамызып, валериан тұн-
басын және ыстық шай ішкізу керек. Оларға көп қозғалуға немесе жұмысқа кірісіп кетуіне жол бермеу қажет.

Егер токқа түскен адам тыныс алмай есінен танып жатса, оған жасанды дем беру қажет және бұл жұмыс тез

атқарылуы тиіс. Егер кейлектің түймесін ағытып демалысты бастауға дейін 5 минуттан артық уақыт кетсе, ол адам өліп кетуі ықтимал. Оның аузын ашып, үрлеу қажет.

Адамның аузына үрлеу өрбір 5 секунд сайын, яғни минутына 12 рет жасалады. Ауаның шығуы өздігінше болып жатады және оның қеудесінен басып көмектесу қажет.

Егер жәберленушінің көзінің қараашығы ұлғайып, тынысы тоқтаса, оның жүргегінің де жұмысы бұзылғаны. Демек, жүректі де сылап, уқалау қажет. Ол жиі-жиі секундына 1 реттен кем болмауы қажет.

Токқа түскен адамды жерге көму дұрыс емес. Егер адам токтан күйік алса, күйген жерді қолмен ұстауға немесе май жағуға болмайды. Ол кезде дәрігер шақыру қажет. Киімді шешу үшін оны қайшымен кескен дұрыс. Күйген адамға бір стакан суға бір шай қасық ас содасын салып немесе минералды су берген дұрыс.

Егер суға батқан адам су жұтпаған болса, оның терісі аппақ болып тұрады. Демек, ол адам суды өдепкі жұтқанда-ақ дыбыс тұтігі қысылып, жүйкесі мен жүрегі токтаған деген сез. Бұл кезде жағы да қарысып ашылмайды. Бірақ аузында кебік болмайды. Ол кезде адамнан су ағызымын деп уақыт алудың қажеті жоқ. Одан да жасанды дем беріп, аузынан немесе мұрнынан үрлеу және жүректі уқалау қажет.

Егер суға батқан адам су жұтқан болса, ол өкпеге және қанға сіце бастайды. Оның терісі көгеріп, тамырлары іседі, аузынан кебік шығады. Оларға тез жәрдем беру қажет. Ол үшін өуелі тыныс жолынан суды ағызу, аузының кебігін тазарту қажет.

Адамның денесі үсігенде үсікті жылды сумен 20-30 минут қыздырады, егер салқын далада болса денесін ықсылайды. Дене қызарған кезде аши бастайды. Сондықтан оны құрғақ сұртіп, спиртпен немесе әтірмен (одеколон) сұртіп таңып таставу керек және ол жерді жоғары көтеріп байлаған дұрыс. Қатты үсіген кезде көпіршік (пузырь) пайда болуы мүмкін. Оларды аршуға болмайды, өзі 10-12 күнде құрғайды.

7.3. Күйікті және тұрлі газдармен уланғанда дәрігерге дейінгі алғашқы көмек

Күйікті ауырлығына қарай төрт санатқа бөледі:

- I. Дененің қызаруы мен ісінуі;
- II. Денеде көпіршіктердің суланып пайда болуы;
- III. Дененің кейбір үлпаларының өлуі;
- IV. Дененің күлденуі (қатты күйгенде).

Соңғы II, III, IV дәрежедегі күйіктер өмірге қауіпті болады.

I дәрежедегі күйікке 15 минуттай салқын су құйып (ауру басылғанға дейін), марганецтің әлсіз ерітіндісін, спирт немесе ііс су жаққан дұрыс.

II, III, IV дәрежедегі күйікке қол тигізуге болмайды. Оны бинтпен байлау қажет.

Күйген адамды жылды киіндіріп, шай және минералды су беру қажет.

Тұтінге, иісті газға уланған адамның басы ауырып, құлағы шыңылдайды, құсқысы келеді, тіпті есінен айрылуы мүмкін. Егер ауыр болса өліп кетуі де мүмкін.

Қандай жағдайда болсын, уланған адамды таза ауаға шығарып, ілгектерін босату қажет. Бірақ денесі қатты тоқазымау керек. Егер ауыр жағдайда болса жасанды дем алдыру немесе оттегі баллондарынан ауа жүткізу қажет.

Жылан немесе басқа да улы жәндіктер шаққанда адамның басы айналып, құсады, аузы ашып, үйқысы келе береді, тамырдың соғуы жиілейді.

Егер ол ауыр болса адам есінен айрылып, тынысы тоқтауы мүмкін. Шаққан жері қызарады, ауырады және іседі. Ондай кезде адамды жатқызып ыстық шай, 15-20 тамшы валериан тамшысын беру керек. Шаққан жерді күйдіруге немесе кесуге, қатты байлауға, сорып алуға болмайды. Сол жатқан күйінде емханаға жеткізу қажет.

Улы химикаттармен уланған адамды таза ауаға шығарып, ілгектерін ағытады. Денедегі уды шығарудың жолын қарастырады. Терідегі уды шуберекпен сүртіп сумен жуады, ал көзді 2 пайыздық ас содасының ерітіндісімен

жуады. Адамды төсекке жатқызып, тәтті шай немесе кофе беру керек. Мұсөтір спиртін иіскеткен дұрыс, қажет болса жасанды дем беріледі.

Егер у адамның ішкі құрылышына кеткен болса, оны жуу қажет. Ол үшін бірнеше стакан жылы су немесе марғанец әлсіз ерітіндісін ішкізіп, аузына қол салып құстырады. Оны 2-3 рет қайталайды. Ағарған ішкізуге болады.

Никотин – күшті у. Ол жүйке жүйесіне әсер етіп, адамды қүйгелек-ашушаң етеді, үйқысын бұзады, көзі мен құлағының жұмысын нашарлатады. Оны қою үшін күніге 4 грамм ас содасын қабылдаған дұрыс. Никотинмен уланған адамға қара кофе беріп, таза ауада терең демалдыру қажет (1/20 грамм никотин адамды әлтіреді).

8-ТАРАУ

ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖИРИБЕЛІК ЖҮМЫСТАР



Еңбек жағдайын жақсарту шараларының жылдық экономикалық тиімділігі және оған болінген күрделі қаржының өтелу мерзімі

Мақсаты: Еңбек жағдайын жақсартудың тиімділігі мен оған жұмсалатын қаржының өтелу мерзімін анықтаудың тәртібін үйрену.

Жұмысты орындаудың тәртібі:

Жылдық экономикалық тиімділік төмендегі формуламен анықталады:

$$\mathcal{E}_x = P - (C + E_x \cdot K) \quad (11)$$

мұндағы P – жыл ішінде еңбек жағдайын жақсартудан түсken табыс; C – еңбек жағдайын жақсартуға жұмсалған шығын, теңге; E_x – күрделі қаржының тиімділік коэффициенті (0,08); K – еңбек жағдайын жақсартуға бөлінген күрделі қаржы.

Күрделі қаржының өтелу мерзімі төмендегі формуламен анықталады:

$$T = K / P - C / \text{жыл} \quad (12)$$

$$P = \mathcal{E} + \mathcal{E}_{yn} + \mathcal{E}_{jk} + \mathcal{E}_c \quad (13)$$

мұндағы \mathcal{E} – еңбекті жеңілдетудің және еңбек өнімділігінің артуының, жұмысшыларды қысқартудың есебінен еңбекақы фондының үнемделуі; \mathcal{E}_{yn} – өнім өндіруді молайту есебінен оған жұмсалатын шығынның

үнемделуі; $\mathcal{E}_{\text{ж}} -$ женілдіктер мен етемақыларға жұмсалатын шығының азаюы; $\mathcal{E}_c -$ әлеуметтік көрсеткіштердің (жаракаттану, науқастану, мамандардың тұрақтауы, т.с.с.) жақсаруынан пайдасыз шығындардың азаюы.

$$\mathcal{E}_e = \mathcal{E}_{\text{ж}} + \mathcal{E}_{c.c.} \quad (14)$$

мұндағы $\mathcal{E}_{\text{ж}} -$ еңбекті женілдету есебінен еңбекақы қорының үнемделуі; $\mathcal{E}_{c.c.} -$ әлеуметтік қамсыздандыру қорының жылдық үнемделуі;

$$\mathcal{E}_{\text{ж}} = (P_{C1} - P_{C2}) \cdot (1 + \mathcal{Z}_{c.\text{дол}} 100) \cdot B_2 \quad (15)$$

мұндағы $P_{C1} -$ өнімнің бір өлшеміне шаққанда еңбек қорғаудың жаңа шараларын енгізуге дейінгі еңбекшінің еңбекақысы; $P_{C2} -$ енгізгеннен кейінгі еңбекақысы; $\mathcal{Z}_{c.\text{дол}} -$ жұмысшылардың қосымша еңбекақысы; $B_2 -$ еңбек жағдайын жақсартқаннан кейінгі өнімнің көлемі.

$$\mathcal{E}_{c.c.} = \mathcal{E}_{\text{ж}} \cdot e / 100 \quad (16)$$

$E -$ әлеуметтік қамсыздандыруға бөлінетін қаржы (4,4%).

$$\mathcal{E}_{yn} = \Delta B \cdot Y \quad (17)$$

мұндағы $\Delta B -$ өнімнің есу мөлшері; $Y -$ өнімнің бір өлшеміне жұмсалған орташа шығын.

$$\mathcal{E}_c = \mathcal{E}_{\text{ж}} + \mathcal{E}_{o.s} + \mathcal{E}_{n.s.} + \mathcal{E}_m \quad (18)$$

мұндағы $\mathcal{E}_{\text{ж}} -$ қайғылы оқиғалардың азаюы есебінен қаржының үнемделуі; $\mathcal{E}_{o.s.} -$ жалпы науқастанудың азаюынан қаржының үнемделуі; $\mathcal{E}_{n.s.} -$ кесіби науқастанудың азаюынан қаржының үнемделуі; $\mathcal{E}_m -$ кадрлардың тұрақтамауының азаюынан қаржының үнемделуі;

Берілгені:

- Бригаданың күріш егісінің көлемі – 400 га;
- Откен жылғы әр гектардан алынған өнім – 45 ц/га;
- Биылғы жылы әр гектардан алынған өнім – 50 ц/га;
- Еңбек жағдайын жақсартуға бөлінген күрделі қаржы – $K = 160000$ теңге;
- Еңбек жағдайын жақсартуға жұмсалған шығын – $C = 28000$ теңге;
- Өнімнің бір центнеріне жұмсалған орташа шығын – $Y = 10$ теңге;
- Жеңілдіктер мен өтемақыларға төленетін шығының азауы $\mathcal{E}_{ж} = 460$ теңге;
- өнімнің бір центнеріне шаққанда еңбек қорғаудың жаңа шараларын енгізуге дейінгі еңбекшінің еңбекақысы – $P_{c1} = 3$ теңге/ц;
- Енгізгеннен кейінгі еңбекақысы – $P_{c2} = 2$ теңге/ц
- Қайғылы оқиғалардың азауы есебінен қаржының үнемделуі $\mathcal{E}_a = 220$ теңге;
- Жалпы науқастандың азауынан қаржының үнемделуі – $\mathcal{E}_{a_1} = 680$ теңге;
- Көсіби науқастандың азауынан қаржының үнемделуі – $\mathcal{E}_{a_2} = 55$ теңге;
- Кадрлардың тұрақтамауының азауынан қаржының үнемделуі – $\mathcal{E}_m = 400$ теңге.

Шешуі:

$$B = 400 \cdot 50 \text{ ц/га} = 20000 \text{ ц}; \quad \Delta B = 20000 - 18000 = 2000 \text{ ц.}$$

$$\mathcal{E}_{a_m} = (3 - 2) \left(\frac{G}{3600 \cdot f_{ж} \cdot n} \right) \text{ теңге};$$

$$\mathcal{E}_{a_p} = 2000 \cdot 10 = 20000 \text{ теңге}, \quad \mathcal{E}_{c_c} = 22000 \cdot \frac{4,4}{100} = 968 \text{ теңге};$$

$$\mathcal{E}_j = 22000 + 968 = 22968 \text{ теңге}; \quad \mathcal{E}_c = 220 + 680 + 55 + 400 = 1355 \text{ теңге.}$$

$$P = 22968 + 20000 + 460 + 1355 = 44783 \text{ теңге};$$

$$\text{Сонда } \mathcal{E}_x = 44783 - (28000 + 0,08 \cdot 160000) = 44783 - 40800 = 3983 \text{ теңге,}$$

$$T = \frac{160000}{44783 - 28000} = 9,5 \text{ жыл (нормасы 12,5 жыл)}$$

Корытынды: $\mathcal{E}_x = 3983$ теңге, $T = 9,5$ жыл



Жұмыс орнының микроклиматын анықтау

Жұмыстың мақсаты: Тиісті аспаптарды пайдалана отырып, бөлмегеді ауаның температурасын, ылғалдылығын және қозғалу жылдамдығын анықтап, қорытынды жасау.

Пайдаланылатын құралдар: синапты термометр, психрометр, анемометр, кататермометр, барометр.

Жұмыстың жүргізілетін орны: Оқу зертханасы.

Жұмыстың барысы

1. Бөлменің жылдылығы – 20 ккал/м³-ге дейін;

2. Жұмыстың санаты – жеңіл жұмыс;

Жыл мезгілі – қыс айы/сырттағы ауаның температурасы 40 °С-тан төмен.

Бөлменің микроклиматының нормасы:

Температурасы – 20-22 °С

Ауаның салыстырмалы ылқалдылығы – 60-30%

Ауаның қозғалу жылдамдығы – 0,2 м/сек-тан төмен
Температурасы – 17-22 °С

Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы – 75% -га дейін

Ауаның қозғалу жылдамдығы – 0,3 м/сек-қа дейін.

Сырттағы ауаның температурасы – 15-22 °С

Үйлесімді мөлшері

Шеткі мөлшері

4. Бөлменің нақты температурасы (синапты термометрмен өлшегендеге) – 20 °С.

5. Ауаның ылғалдылығын психрометрмен өлшейді.
Ауаның абсолютті ылғалдылығы:

$$q_{\phi} = f - 0,5(t_c - t_a) \cdot \frac{B}{10^5} \quad (19)$$

мұндағы f – аудағы будың мөлшері (г/кг). Ол 8-кестеден алғынады. Ауаның 20 °С температурасында $f = 14,4$ г/кг.

t_c – құрғақ термометрдің көрсетуі (18°)

t_a – ылғал термометрдің көрсетуі (16°)

B – атмосфералық қысым (760 мм. сын. бағ.), Па
Сонда:

$$q_\phi = 14,4 - 0,5(18 - 16) \frac{760}{10^5} = 14,4 - 0,5 \cdot 2 \cdot 0,0076 =$$

$$= 14,3924 \text{ г/кг}$$

8-кесте

Ауаның температурасы, °C	Су буның жоғары мөлшері, г/кг	Ауаның температурасы, °C	Су буның жоғары мөлшері, г/кг
-15	1,1	30	20,3
-10	1,7	35	35,0
-5	2,6	40	46,3
0	3,8	45	60,7
5	5,4	50	79,0
10	7,5	55	102,3
15	10,5	60	131,7
20	14,4	65	168,9
25	19,5	70	216,1

6. 9-кестеден салыстырмалы ылғалдылықты табамыз.
Ол 80%.

9-кесте

Ауаның температурасы 0-ден +36 °С аралығында ылғалды термометрен елшенетін ауаның салыстырмалы ылғалдылығын анықтаудың психрометриялық кестесі

Ылғал термометрдің көрсеткіші, °C	Күрғақ жөне ылғал термометрлердің көрсеткіштеріндегі айырмашылығы, °C																
	0	0,5	1	1,5	2	2,5	3	3,5	4	4,5	5	5,5	6	6,5	7	7,5	8
0	100	90	81	73	64	57	50	43	36	31	26	20	16	11	7	3	
1	100	90	82	74	66	59	52	45	39	33	29	23	19	16	11	7	
2	100	90	83	75	67	61	54	47	42	35	31	26	20	18	14	10	
3	100	90	83	76	69	63	56	49	44	39	34	29	23	21	17	13	
4	100	91	84	77	70	64	57	51	46	41	36	32	28	24	20	16	
5	100	91	85	78	71	65	59	54	48	43	39	34	30	27	23	19	
6	100	92	85	78	72	66	61	56	50	45	41	35	33	29	25	22	
7	100	92	86	79	73	67	62	57	52	47	43	39	35	31	28	25	
8	100	93	86	80	74	68	63	58	54	49	45	41	37	33	30	27	
9	100	93	86	81	75	70	65	60	55	51	47	43	39	35	32	29	
10	100	94	87	82	76	71	66	61	57	53	48	45	41	38	34	31	

11	100	94	88	82	77	72	67	62	58	55	50	47	43	40	36	33	30
12	100	94	88	82	78	73	68	63	59	56	52	48	44	42	38	35	32
13	100	94	88	83	78	73	68	63	59	57	53	50	46	43	40	37	34
14	100	94	89	83	79	74	70	66	62	58	54	51	47	45	41	39	36
15	100	94	89	84	80	75	71	67	63	59	55	52	49	46	43	41	37
16	100	95	90	84	80	75	72	67	64	60	57	53	50	48	44	42	39
17	100	95	90	84	81	76	73	68	65	61	58	54	52	49	46	44	40
18	100	95	90	85	81	76	74	69	66	62	59	56	53	50	47	45	42
19	100	95	91	85	82	77	74	70	66	63	60	57	54	51	48	46	43
20	100	95	91	86	82	78	75	71	67	64	61	58	55	53	49	47	44
21	100	95	91	86	83	79	75	71	68	65	62	59	56	54	51	49	46
22	100	95	91	87	83	79	76	72	69	65	63	60	57	55	52	50	47
23	100	96	91	87	83	80	76	72	69	66	63	61	58	56	53	51	48
24	100	96	92	88	84	80	77	73	70	67	64	62	59	56	53	52	49
25	100	96	92	88	84	81	77	74	70	68	65	63	59	58	54	52	50
26	100	96	92	88	85	81	78	75	72	69	66	63	61	58	56	53	51
27	100	96	92	89	85	82	78	75	72	69	67	64	61	59	56	54	52
28	100	96	92	89	85	82	79	76	73	70	67	65	62	60	57	55	53
29	100	96	93	89	86	82	79	76	73	70	68	65	63	60	58	55	54
30	100	96	93	89	86	83	79	76	74	71	68	65	63	61	58	55	54
31	100	96	93	89	86	83	79	76	74	71	68	65	63	61	58	55	54
32	100	96	93	89	86	83	79	76	74	71	68	65	63	61	59	57	55
33	100	96	93	89	86	83	79	76	74	71	68	66	64	62	60	58	56
34	100	96	93	89	86	83	79	76	74	71	69	67	65	63	61	59	57
35	100	96	93	89	86	83	79	76	74	72	70	68	66	64	62	60	58
36	100	96	93	89	86	83	80	77	75	72	70	68	66	64	62	60	58

7. Ауаның қозғалу жылдамдығы

$$v = \left(\frac{\frac{f}{36,5 - t_0} - K_1}{K_2} \right)^2 \quad (20)$$

мұндағы t_0 – ауаның температурасы (20°) f – кататерометрдің желдеткішінің ауаны суыту күші.

$$f = \frac{F}{\tau}, \quad (21)$$

F – аспаптың құжатында көрсетілген тұрақты факторы ($F = 24$);

τ – кататерометрдің температурасы 38° -тан 35° -қа дейін түскенше секундомермен өлшенген уақыт (40 сек);

Сонда $f = \frac{240}{40} = 6$;

$K_1 = 0,2$ (немесе $0,13$); $K_2 = 0,4$ (немесе $0,47$);

Егер $\frac{f}{36,5 - t_0}$ 0,6-дан аз болса, әдепкі көрсеткіші, ал

0,6-дан көп болса, жақшаның ішіндегісі алынады. Демек,

$$\frac{f}{36,5 - t_0} = \frac{6}{36,5 - 20} = 0,36;$$

$$\text{Сонда } v = \frac{0,36 - 0,2}{0,4} = \frac{0,16}{0,4} = 0,4 \text{ м/сек.}$$

Ауаның есептелген микроклиматының мөлшері оның тиісті нормасымен салыстырылып, қорытынды жасалады.



Өндірістік шуды зерттеу

Мақсаты: Шудың деңгейін өлшейтін құралдардың жұмысымен танысу, өндірістік шуды зерттеуді үйрену және оны турақтандырудың жолдарын ұсыну.

Құралдар мен жабдықтар: Шу мен дірлідің деңгейін өлшейтін ИШВ-1 аспабы, Ш-70 шу өлшегіші, микрофон М-101, «Брюль және Кьер», «RFT» жиынтығы.

Жұмысты орындаудың тәртібі:

1. Аспаптардың құрылышын, жұмыс істеу принципін, шудың деңгейін зерттеудің тәсілін оқып үйрену;

2. Шу кезі мен микрофонның арақашықтығына шудың деңгейінің төуелділігін анықтау;

3. Шудың деңгейіне дыбыс жүткыш материалдардың өсерін анықтау;

4. Әр түрлі октавалық жолдарда шу қысымының деңгейін анықтау;

5. Негізгі және қосымша шу көздерінің шығаратын шуларының жалпы деңгейін анықтау;

6. Формулаларды пайдаланып, бірнеше шу көздерінен шығатын шудың деңгейін анықтау:

а) $L_x = 10 \lg (10^{0.1L_1} + 10^{0.1L_2} + \dots + 10^{0.1L_n})$; б) $L_x = L + L_{gn}$;
 б) $L_x = L_1 + \Delta L$
 мұндағы $L_1, L_2 \dots L_n$ – өрбір дыбыс көздерінен шығатын
 шу қысымының деңгейі; L – бір дыбыс көзінің шу
 деңгейі; n – дыбыс көздерінің саны.

10-кесте

Шу көзінен микрофонга дейінгі арақашықтық, м	0,25	1,0	2,0	3,0	Mум- кін бола- тын мөні
					Мум- кін бола- тын мөні
Өлшеу мен есептеудің шарттары					
1. Арақашықтықта байланысты шудың деңгейі, dB					
А. Өлшеу бойынша; Б. Есеп бойынша.					
2. Дыбыс жұтатын жапқыштарды пайдаланғандагы шудың деңгейі: А. Кітіз; В. Поролон; С. Картон; Д. Агаш.					
3. Әр түрлі оқтавалық жолдардагы шудың деңгейі, жылдамдығы Гц:					
63					
125					
250					
500					
1000					
2000					
4000					
8000					
4. Негізгі және қосымша дыбыс көздерінен шығатын шудың деңгейі, dB:					
– Негізгі дыбыс көзінен олшегендеге, L_1					
– Қосымша дыбыс көзінен олшегендеге, L_2					
– айримасы $L_1 + L_2$					
– түзету ΔL					
– жалпы есепті деңгейі					
– $L_1 = L_2 = L_3$ болғандагы шудың деңгейі					

Жұмыстың есебі:

1. Өлшеудің қорытындыларын кестеге түсіру.
2. Қорытынды жасап, шудың деңгейін нормага келтіру жөнінде ұсыныс беру.



Жұмыс орнының жарықтылығын анықтау

Мақсаты: Жөндеу шеберханаларында қажетті табиғи және жасанды жарықтылықты есептеуді үйрену.

Пайдаланылатын жабдықтар: люксметр Ю-17, әр түрлі шырағдандар, жарықтың деңгейін өлшейтін қондырғы, трактор жөндеу шеберханасы, сыйнып тақтасы.

Жұмыстың мазмұны:

I. Табиғи жарықтылық бөлмеге қойылатын терезенің өлшемі мен санына байланысты болады.

Терезенің жалпы ауданы төмендегідей формуламен анықталады:

$$F_T = F_\delta K \quad (22)$$

мұндағы F_δ – бөлменің ауданы, m^2 ; K – табиғи жарықтылық коэффициенті.

11-кесте

Шеберхананың болімшелері	Жарықтылық, лк		Табиғи жарықтың коэффициенті
	Кадімгі шамдармен	Люминесценция шамдармен	
Бөлшектеу және жуу бөлімдері	40	80	0,25
Темір үстаханасы, пісіру, донекерлеу, синақтан өткізу, ағаш өңдеу, құрал-сағман сақтайтын қойма	50	100	0,25
Бөлшектерді іріктен жишиқтау, агр.жинау және механикалық болімдер	75	150	0,5
Электртехникалық болім және жанаармай аппаратурасы жондеу болімшесі	100	150	1,0
Бөлшектердің ақаулары анықтау бөлімі	150	300	1,0
Шеберхананың қоймасы, дағыз	-	-	0,25
Кеңсе	75	200	0,25

Терезенің саны осы формуладан шыққан жалпы ауданды бір терезенің ауданына бөлу арқылы анықталады. Бір терезенің ауданы құрылыш жобаларының нормаларында беріледі.

2. Жасанды жарықтылықты есептеу дегеніміз электр шамдарының саны мен қуатын анықтау болып табылады. Ол үшін бөлмеге қажетті жарықтың мөлшерін анықтауымыз қажет.

$$F_x = \alpha \cdot F_0 \cdot \dot{K} / \eta_x \cdot \eta_n, \text{ лм} \quad (23)$$

мұндағы α – қор коэффициенті (1,3); F_0 – бөлменің ауданы, м^2 ; \dot{K} – жасанды жарықтың нормасы, лк; (11-кесте) η_x – жарық көзінің пайдалы өсер коэффициенті; η_n – жарықтылықты пайдалану коэффициенті.

$$\eta_x \cdot \eta_n = 0,45$$

Осыдан соң қажетті шамдардың санын анықтауға болады:

$$n_x = \frac{F_x}{F_L} \text{ дана} \quad (24)$$

мұндағы F_x – қажетті жалпы жарық, лм; F_L – бір шамның жарығы, лм (12-кесте).

Мысалы: Бөлшектердің ақауларын анықтау бөлімі үшін есептейік (ұзындығы 6 м, ені 4 м).

а) Табиғи жарық:

$$F_T = F_0 \cdot K = 24 \cdot 1,0 = 24 \text{ м}^2$$

$$n_T = F_T / F_L = 24 / 2,84 = 8 \text{ терезе}$$

ә) Жасанды жарық:

$$F_x = \frac{\alpha \cdot F_0 \cdot \dot{K}}{\eta_x \cdot \eta_n} = \frac{1,3 \cdot 24 \cdot 150}{0,45} = 10400 \text{ лм}$$

$$n_L = F_x / F_L = 10400 / 1710 = 6 \text{ дана шам қажет.}$$

Шамның куаты, Вт	220 вольт кернеудің лампалары	
	Жарықтылығы, лм	Жарықтың пайдалы асер коэффициенті, лм/вт
60	540	9,00
100	1000	10,00
150	1710	11,41
200	2510	12,50
300	4100	13,65
400	5760	14,10
500	7560	15,12

□ Калориферлі қондырғыны іріктеу

Мақсаты: Мал қораларын жылдытудың жабдықтарын есептеуді үйрену.

Пайдаланылатын жабдықтар: Термометр, барометр, психрометр, кататермометр, калорифер КФС-8, сыр қорасы, класс тақтасы.

Жұмыстың мазмұны: Калориферлер сумен, бүмен және электр тогымен жұмыс жасайтын болуы мүмкін. Оның жылу тарататын бетінің ауданын мынадай формуламен анықтайтын:

$$F = \frac{Q}{K \cdot (t_{C_1} \cdot t_{C_2})} \cdot M^2, \quad (25)$$

мұндағы Q – ауаны қыздыруға жұмсалатын жылудың шығыны, ккал/сағат; K – калорифердің жылу беру коэффициенті, ккал/ $m^2 \cdot$ сағат \cdot град; t_{C_1} – жылу беретін (шығаратын) заттың орташа температурасы, град.; t_{C_2} – ауаның орташа температурасы, град.

$$Q = 0,24 \cdot G (t_a \cdot t_n) \quad (26)$$

мұндағы G – жылтырылатын ауаның мөлшері; 0,24 – ауаның жылу сыйымдылығы, ккал/ $kg \cdot$ град; t_a, t_n – бөлмедегі ішкі және сыртқа ауаның температурасы, град.

$$G = L_p \cdot \gamma \quad (27)$$

мұндағы L_p – желдетілетін ауаның мөлшері, $\text{m}^3/\text{сағат}$; γ – ауаның көлемдік массасы, $\text{кг}/\text{м}^3$;

$$= 0,465 \frac{P_0}{T} \text{ кг}/\text{м}^3, \quad (28)$$

мұндағы P_0 – барометрмен өлшемген ауаның қысымы, $\text{мм сыннып бағанасымен}$; T – ауаның абсолютті температуrasesы, к.

Егер жылу шығаратын зат су болса, онда оның орташа температуrasesы калориферге құйған судың температуrasesы мен калориферден жылып шыққан судың температуrasesының арифметикалық орташа қосындysына тең болады, яғни:

$$t_{C_1} = \frac{t_r + t_T}{2} \quad (29)$$

Егер жылу шығаратын зат бу болса, онда оның орташа температуrasesы белгіленген қысымдағы будың температуrasesына тең болады.

Ауаның орташа температуrasesы калориферге дейінгі ауаның және калориферден жылып шыққан ауаның температураларының орташа арифметикалық қосындysына тең болады, яғни:

$$t_{C_2} = \frac{t_u + t_s}{2} \quad (30)$$

Осыдан кейін калорифердің нақты қимасының ауданы анықтайды:

$$f_x = \frac{G}{3600 \cdot v \cdot \gamma}, \text{ м}^2 \quad (31)$$

мұндағы v – ауаның калориферден өту жылдамдығы, $\text{м}/\text{сек}$; γ – ауаның көлемдік массасы, $\text{кг}/\text{м}^3$. Ал $v \cdot \gamma$ – ауаның массалық жылдамдығы, $\text{кг}/\text{сек} \cdot \text{м}^2$.

Есеп үшін өуелі $v \cdot \gamma = 6 \div 10$ аралығында қабылданады.

$f_{ж}$ — мәнін анықтағаннан кейін 13-кестеден калорифердің маркасын, немірін, нақты қимасының ауданын ($f_{ж}$) және қыздыратын бетінің нақты ауданын (F) алады.

Егер жылу шығаратын зат су болса, онда оған қоса калориферден өтетін судың жылдамдығын анықтайды:

$$v_B \frac{G}{3600 \cdot \gamma_s \cdot f_T (t_r - t_r)}; \quad (32)$$

мұндағы γ_s — калорифердегі судың көлемдік массасы, $\text{кг}/\text{м}^3$; f_T — калорифердің су жүретін түтігінің нақты қимасы, м^2 ; t_r , t_r — судың калориферге кірер жердегі және шығар жердегі температуралары.

Сосын ауаның нақты массалық жылдамдығын ($v \cdot \gamma$) анықтайды:

$$v \cdot \gamma = \frac{G}{3600 \cdot f_{ж} \cdot n}, \quad (33)$$

мұндағы $f_{ж}$ — қабылданған калорифердің ауа бойынша нақты қимасы, $\text{м}^2 \cdot \text{n}$ — параллель қойылған калорифердің саны.

Калорифердің түтіктеріндегі судың жүру жылдамдығы (v) мен ауаның массалық жылдамдығын ($v \cdot \gamma$) анықтағаннан кейін кестеден калорифердің жылу беру коэффициентін (K) анықтайды (14-кесте):

Сосын формууламен F -ті табады. Оның мәні кестеден қабылданған калорифердің мәнінен $10 \div 20$ пайыз артық болуы тиіс.

13-кесте

Калориферлердің техникалық сипаттамалары

Марка калори-фера	Жылу беретін бетінің ауданы, F m^2	Нақты қимасы, f_r, m^2		Мас-сасы, kg	Размері, mm		
		Ауа бойынша	Су бойынша		Терең-ділі	Ені	Виіктілік
КФС-8	35,7	0,416	0,0092	139,7	200	720	1010
КФС-9	41,6	0,486	0,0107	160,6	200	840	1010
КФС-10	47,8	0,558	0,0107	179,7	200	840	1160
КФС-11	54,6	0,638	0,0122	205,6	200	960	1160
КФБ-8	45,7	0,416	0,0122	175	240	720	1010
КФБ-9	53,3	0,486	0,0143	202	240	840	1010
КФБ-10	61,2	0,558	0,0143	226,5	240	840	1160
КФБ-11	69,9	0,638	0,0163	258,9	240	960	1160

Әр түрлі массалық жылдамдықтағы жылу беру коэффициентінің (к) мәні:

Жылу беретін	Судың түтікпен жүру жылдамдығы, м/сек	Әр түрлі массалық жылдамдықтағы (кг/сек·м ²) жылу беру коэффициенті (ккал/кг·м ² ·сағат)									
		6	7	8	9	10	11	12	13	14	
Су	0,01	10,1	10,7	11,0	11,5	11,8	12,4	12,5	12,8	12,9	
Су	0,03	12,8	13,5	14,0	14,5	15,1	15,6	16,0	16,1	16,6	
Су	0,06	15,1	15,9	16,4	17,1	17,7	18,1	18,7	19,1	19,4	
Су	0,1	16,9	17,8	18,5	18,8	19,2	20,7	21,0	21,4	21,9	
Су	0,2	19,7	20,4	21,5	22,4	23,1	24,2	24,4	25,0	25,4	
Су	0,3	20,2	22,8	23,6	24,6	25,2	26,5	26,8	27,4	27,9	
Ву	-	21,2	22,6	24,0	25,1	26,3	27,4	28,4	29,4	30,3	

1-мысал:

Кіретін ауаның мөлшері $L_p = 30000 \text{ м}^3/\text{сағат}$;

Сырттағы ауаның температурасы $t_n = -15^\circ$;

Калориферден кейінгі ауаның температурасы $t_e = +5^\circ$;

Ауаны жылтыратын зат $-0,3$ ат артық қысымды бу;

Барометрмен өлшенген ауаның қысымы $P_e = 760 \text{ мм син. бағ.}$

Ауаның абсолютті температурасы $T = 273 \text{ Кельвин}$ бойынша.

Калориферлі қондырғыны іріктеу

1. Калориферден шыққан ауаның көлемдік массасын анықтаймыз:

$$\gamma = 0,465 \frac{P_e}{T} = 0,465 \frac{760}{273-5} = 1,27 \text{ кг/м}^3$$

2. Жылтыратын ауаның мөлшері:

$$G = L_p \cdot \gamma = 30000 \cdot 1,27 = 38100 \text{ кг/сағат}$$

3. Осы ауаны қыздыруға жұмсалатын жылудың мөлшері:

$$Q = 0,24 \cdot G(t_e - t_n) = 0,24 \cdot 38100 [5 - (-15)] = 183000 \text{ ккал/сағат}$$

4. Ауаның массалық жылдамдығын шамамен қабылдаймыз:

$$v \cdot \gamma = 7 \text{ кг/сек.} \cdot \text{м}^2$$

5. Таблицадан калорифердің жылу беру коэффициентін аламыз:

$$K = 22,6 \text{ ккал/м}^2 \cdot \text{сагат} \cdot \text{град.}$$

6. Калорифердің нақты қимасының ауданын табамыз:

$$f_x = \frac{G}{3600 \cdot v \cdot \gamma} = \frac{38100}{3600 \cdot 7} = 1,51 \text{ м}^2$$

7. Ауаның орташа температурасы

$$t_{c_1} = \frac{-15 + 5}{2} = -5^\circ\text{C}$$

0,3 ат артық қысымда бу үшін $t_{c_1} = 100^\circ\text{C}$

8. Калорифердің жылу тарататын бетінің ауданын анықтаймыз:

$$F = \frac{Q}{K(t_{c_1} - t_{c_2})} = \frac{183000}{22,6[100 - (-5)]} = 77 \text{ м}^2$$

9. Кестеден КФС-8 маркалы екі калорифер қабылдаймыз. Екеуінің жылу тарататын беті:

$$\sum F = 2 \cdot 35,7 = 71,4 \text{ м}^2$$

Әрқайсының нақты қимасы $f_x = 0,416 \text{ м}^2$. Демек екеуінің нақты қимасы $f_x = 0,416 \cdot 2 = 0,832 \text{ м}^2$.

10. Ось ған сәйкес, ауаның нақты массалық жылдамдығын табамыз:

$$v \cdot \gamma = \frac{38100}{3600 \cdot 0,832} = 12,7 \text{ кг/сек.} \cdot \text{м}^2$$

11. Осы жылдамдықта сейкес 14-кестеден жылу беру коэффициентінің нақты мәнін аламыз:

$$K = 29,1 \text{ ккал}/\text{кг} \cdot \text{м}^2 \cdot \text{сағат}$$

Бұл коэффициент есеп үшін алынған мәнінен жоғары. Демек, калорифердің қажетті жылу тарататын беті есептегіден кем болуы тиіс.

$$F = \frac{22,6}{29,1} \cdot 77 = 60 \text{ м}^2$$

яғни, калорифердің жылу тарататын бетінің артығы

$$\frac{71,4 - 60}{60} \cdot 100 = 18,7\%$$

Бұл біздің есептің талабын (10+20%) толық қанағаттандырады.

2-мысал: Алдыңғы есептегі берілгені бойынша сумен қыздырылатын калориферді іріктеу қажет.

$$t_r = 120^\circ \quad t_T = 50^\circ; \quad F = 71,4 \text{ м}^2; \quad f_m = 0,832 \text{ м}^2; \\ v \cdot \gamma = 12,7 \text{ кг/ккал}^2$$

Калорифердің түтіктеріндегі судың жылдамдығы

$$v_e = \frac{G}{3600 \cdot \gamma_e \cdot f_r (t_r - t_T)} = \frac{183000}{3600 \cdot 970 \cdot 0,0092 \cdot 2(120 - 50)} = 0,032 \text{ м/сек}$$

Осыдан кейін 14-кестеден v_e мен $v \cdot \gamma$ -лардың мәніне сейкес коэффициент K -ның мәнін аламыз.

$$K \approx 16,1 \text{ ккал}/\text{м}^2 \cdot \text{сағат} \cdot \text{град.}$$

$$\text{Демек, } t_{C_1} = \frac{120 + 50}{2} = \frac{170}{2} = 85^\circ$$

$$F = \frac{Q}{K(t_{C_1} - t_{C_2})} = \frac{183000}{16,1(85+5)} = \frac{183000}{1449} = 126,3 \text{ м}^2$$

Екі калориферді параллель жалғағанда олардың жылу тарататын беті қажетті деңгейінен кем болғандықтан, қосақталған калорифердің екі қатарлы қондырғысын қабылдаймыз. Сонда:

$$F = 4 \cdot 35,7 = 142,8 \text{ м}^2$$

Демек, калорифердің жылу тарататын бетінің артығы.

$$\frac{142,8 - 126,3}{126,3} \cdot 100 = 16,5\%$$

Бұл біздің есептің талабын толық қанағаттандырады.



Машина-трактор агрегаттарын қауіпсіз пайдалану

Мақсаты: Көктемгі егіс кезінде пайдаланылатын түкым себу агрегатының техникалық жағдайын тексеріп, оның қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау.

Пайдаланылатын жабдықтар: МТЗ-80 тракторы, СЗТ-3,6 түкымсепкіші, құрал-саймандар жинағы, зауыттың нұсқау-оқулықтары, плакаттар, оқулықтар.

Жұмыстың мазмұны:

1. Оқулықтарды оқып, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналардың техникалық жағдайларына қойылатын еңбек қорғаудың талаптарымен танысып, естелік жасап алу;

2. Зауыттың нұсқау кітапшасын пайдаланып, трактор мен түкымсепкіш құрылышының толық екендігіне жөне олардың жұмыс істейтіндігіне көз жеткізу;

3. Тексеру кезінде агрегаттың қауіпті жерлеріне мән беру, айналып тұрған бөлшектерінің қоршалуына, ес-

көртпеген жазулардың болуына, белгілердің өшірілмеуіне көз жеткізу;

4. Тұқым себетін агрегатта бірнеше адам жұмыс істейтін болғандықтан, ондағы белгі беру құралдарының дүрыс жұмыс істеуін қадағалау;

5. Агрегаттағы құрал-саймандар мен жабдықтардың түгелдігін, жарамдылығын тексеру;

6. Дәрілер дәрі қорабы мен су құятын термостың болуын және өрт сөндіргіш құралдардың жарамдылығын тексеру;

7. Тексерілген агрегаттың еңбек қорғау талаптарына сәйкестігі туралы жазбаша түрде қорытынды жасап, оның кемшіліктерін көрсету және еңбектің қауіпсіз жағдайын жасау уақытында өзініздің ұсынысыңызды жасаңыз.

Жұмыстың есебі:

Тексерілген агрегатты жұмысқа қосуға болатындығы немесе болмайтындығы жайлыштың қорытынды жасау.



Ортке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігін анықтау

Мақсаты: кәсіпорында өртке қарсы үйымдастырылған шаралардың экономикалық тиімділігін анықтауды үйренау.

Жұмыстың мазмұны: Жылдық экономикалық тиімділік өртке қарсы бұрыннан жасалып жүрген жұмыстардың шығыны мен жаңаша атқарылған жұмыстардың шығынын салыстырудан шығады.

Шығының мөлшері ағымдағы шығындар (өзіндік құны) мен күрделі қаржының қосындысына тең.

$$Z = C + K \cdot E_n \quad (34)$$

мұндағы Z – өнімнің бір өлшеміне, немесе жұмыстың бір өлшеміне жұмсалған шығын, теңге; K – күрделі қаржы,

тенге; C – өнімнің бір өлшемінің немесе жұмыстың бір өлшемінің өзіндік құны, тенге; E_n – күрделі қаржының тиімділігінің нормалық коэффициенті.

Жылдық экономикалық тиімділік төмендегідей формуламен анықталады:

$$\mathcal{E} = \left[Z_1 \frac{P + E_n}{P_2 + E_n} + \frac{(I_1 - I_2) - E_n(K_2 - K_1) + (P_1 - P_2)}{P_2 + E_n} - Z_2 \right] \cdot A_2$$

мұндағы Z_1, Z_2 – бұрынғы және жаңаша істелген жұмыстарға жұмсалған шығын (егер бұрын өртке қарсы ешнәрсе істелмеген болса, онда $Z_1=0$ болады); P_1, P_2 – жаңа шешімді іске асыру мақсатында объектінің баланстық құнынан белінетін қаржының мөлшері; I_1, I_2 – жылдық пайдалану (ағымдағы шығындар); P_1, P_2 – шаруашылықтың жаңа шаралары іске асырудан көрген зияны; K_1, K_2 – бұрынғы және жаңаша белінген күрделі қаржылар; A_2 – өндірілген жұмыстардың көлемі.

Берілгені:

Ред	Көрсеткіштердің аты	Велі	Моні	
			Бұрынғыша	Жаңаша
1	Қондыргылардың тенгерімдік құны, тенге	Ц _а	–	3000
2	УСП-500 қондыргысын орнатудың өзіндік құны, тенге	С _у	–	2637
3	Орттен қорғау жүйесіндегі УСП-500 қондыргының саны, дана	п	–	3
4	Жаңа шешімді іске асыру мақсатында объектінің баланстық құнынан белінетін қаржының мөлшері, тенге	Р	–	0,0874
5	Күрделі қаржының тиімділігінің нормалық коэф.	E _н	–	0,15
6	Өрт сөндіретін ПСВ-3 үнтағының салмагы, кг	M _н	–	500
7	ПСВ-3 үнтағының 1 тоннасының бағасы, тенге	П _н	–	300
8	Күрделі жөндеуге амортизациялық белінудің нормасы, пайыз	A _н	–	4,1
9	Ағымдағы жөндеу мен техн. қызмет көрсетуге болғануі, пайыз	a _н	–	4,5
10	Өндіріс алды шығыны, тенге	K _а	–	48285

11	Өрттен болған тікелей зияны, теңге	П	228000	-
12	Өрттің шығу мүмкіндігі		0,125	-
13	Өртке төзімділік дөрежесі, мин.	C ₀	100	100
14	Жанған ауданы, м ²	P _{rep}	68	10
15	Жанған уақыты, мин.	C _r	32	16
16	От сөндіргіш заттардың шығыны, кг/м ³	P _{ac}	2,0	0,9

1. Өртті болдырмау және одан қорғану жұмыстарының бір өлшеміне жұмсалған шығынды анықтаймыз:

а) Бұрынғы шығынның мөлшері;

$Z_1 = C_1 + E_n \cdot K_1$ формуласымен анықталады. Есептің шартында бұрын өрттен қорғану жұмыстары жүргізілмеген. Сондықтан $Z_1 = 0$ деп аламыз.

б) Ал биылғы жылы өрттен қорғану бағытында атқарылған жұмыстарға шығын:

$$Z_2 = C_2 + E_n + K_2 \quad (36)$$

Мұндағы C_2 – объектінің өрттен қорғаудың өзіндік құны.

$$C_2 = C_{y \cdot n} = 2637 \cdot 3 = 7911 \text{ теңге}$$

2. Ағымдағы шығындарды анықтаймыз:

$$I = S_m + S_{kp} + S_s \quad (37)$$

Мұндағы S_m – от сөндіргіш материалдарға жұмсалған шығын; S_{kp} – курделі жөндеуге кеткен шығын; S_s – ағымдағы жөндеуге жұмсалған шығын.

а) бұрынғы нұсқа бойынша өрттен қорғау шаралары жасалмағандықтан, $I_1 = 0$.

б) Ал биылғы жылы $I_2 = (S_{m2} + S_{kp2} + S_{s2})$

$$S_{kp2} = \frac{ЦБ_2 \cdot A_{kp}}{100} = \frac{3000 \cdot 4,1}{100} = 123 \text{ теңге.}$$

$$S_{z_2} = \frac{ЦБ_{z_2} \cdot \alpha_c}{100} = \frac{3000 \cdot 4,5}{100} = 135 \text{ тенге.}$$

$$S_{M_2} = I_{oc} \cdot M_{oc} = 0,3 \cdot 500 = 150 \text{ тенге.}$$

$$\text{Сонда } I_2 = (150 + 123 + 135) \cdot 3 = 1224 \text{ тенге.}$$

3. Өрттің алдын алу шараларының сапалық коэффициенті:

$$K_k = \frac{q_1 + q_2 + q_3 + q_4}{n_q} \quad (38)$$

мұндағы q_1 – заттың отқа төзімділігінің салыстырмалы көрсеткіші; η_q – салыстырмалы көрсеткіштердің саны.

$$q_1 = \frac{C_{o2}}{C_{o1}} = \frac{100}{100} = 1,0$$

мұндағы C_{o1}, C_{o2} – заттың отқа төзімділік дәрежесі.

$$q_2 = \frac{\Pi_{zop1}}{\Pi_{zop2}} = \frac{68}{10} = 6,8$$

q_2 жану ауданының салыстырмалы көрсеткіші;

Π_{zop1}, Π_{zop2} – бұрынғыша және жаңаша шаралардың әсерінен жаңған аудан.

$$q_3 = \frac{C_{r1}}{C_{r2}} = \frac{32}{16} = 2,0$$

мұндағы q_3 – оттың еркін жану уақытының салыстырмалы көрсеткіші. C_{r1}, C_{r2} – оттың еркін жаңған уақыты, от сөндіргіш заттардың шығынының салыстырмалы көрсеткіші

$$q_4 = \frac{P_{oc1}}{P_{oc2}} = \frac{2,0}{0,9} = 2,2$$

$$\text{Демек, } K_k = \frac{1,0 + 6,8 + 2,0 + 2,2}{4} = 3,0$$

4. Халық шаруашылығының зияны
а) бұрынғы нұсқамен:

$$\Pi_1 = (\Pi_{np} + \Pi_{koc}) \cdot f + \Pi_{zm} \cdot f_i = (228000 + 0) \cdot 0,125 + 0 \cdot 0,0001 = \\ = 28500 \text{ теңге};$$

б) жаңаша нұсқамен (быылғы жылы);

$$\Pi_2 = \Pi_1 \cdot \frac{1}{K_k} = 28500 \cdot \frac{1}{3} = 9500 \text{ теңге};$$

мұндағы Π_{np} – әрбір өрттен жылдық тікелей зиян; Π_{koc} – жылдық көлденең зиян теңге, f ; Π_{zm} – өрттің шығу мүмкіндігі, қайғылы оқиғалардан болған жылдық зиян, теңге; f_i – қайғылы оқиғаның болу мүмкіндігі;

5. Сонда экономикалық тиімділік:

$$\mathcal{E} = [3_1 \frac{\Pi_1 + E_u}{\Pi_2 + E_u} + \frac{(I_1 - I_2) - E_u(K_2 - K_1) + (\Pi_1 - \Pi_2)}{\Pi_2 + E_u} 3_2] \cdot A_2 = \\ [0 \cdot \frac{0}{0,0874 + 0,15} + \frac{(0 - 1224) - 0,15(0 - 0) + (28500 - 9500)}{0,0874 + 0,15} \\ 16503] \cdot 1,0 = \frac{-1224 + 28500 - 9500}{0,23} - 16503 = 60784 \text{ теңге}.$$



Өндірісте болған қайғылы оқиғаларды зерттеу, есепке алу және оның есебін беру

Мақсаты: өндірісте болған қайғылы оқиғаларға акт жасауды және оларды есепке алу мен есебін берудің күжаттарын толтыруды үйрену.

Жұмыстың жабдықтары мен нұсқаулары: Н-1 нысандары акт, қайғылы оқиғаларды тіркеу журналы, қай-

тылы оқиғалардың есебінің белгіленген нысандағы бланкісі, өндірісте болған қайғылы оқиғаларды зерттеу мен есепке алушың ережесі.

Қайғылы оқиғаны зерттеу алдында атқарылуға тиісті жұмыстар:

1. Зақымданушыға алғашқы дәрігерлік жәрдем беруді үйимдастыру, қажет болған жағдайда дәрігерлік жедел жәрдем беру мекемесіне хабарлау;

2. Оқиғаны сол участкенің басшылығына хабарлау;

3. Өзге жұмысшылардың қалыпты жұмысына кедергі келтірмеу, егер өмірге қауіпті жағдай болмаса, өзгелерді дүрліктірмеуге тырысу;

4. Кемінде екі адамнан жазбаша күе қағазын алу, мүмкін болған жағдайда, зақымданушының өзінен түсінік жаздырып алу;

5. Кесіпорынның басшылығы қайғылы оқиғаны зерттеуге жарлық беруге міндетті.

Өндірісте болған қайғылы оқиғаны зерттеудің жоспары:

1. Оқиға болған жерде бұрынғы жағдай сол күйінде сақталған ба? (құрал-саймандардың орналасуы, тіреудің дүрыс қойылуы, сымарқанның мықтылығы, т.с.с.);

2. Сол жұмысты орындауға берілген тапсырманы (нارяд-допуск) алыш алу;

3. Жұмыс жүргізілген орынды анықтаң, оның пайдаланған құрал-саймандарын мүқият тексеру;

4. Оқиға болған жерді суретке түсіру;

5. Бас мамандардан, участке бастығынан, куәлерден және зақымданушылардың өзінен жазбаша түсінік алу;

6. Нұсқау жүргізілгені туралы белгі соғылатын журналды алыш алу;

7. Дәрігерлік орындардан жарақаттанудың ауырлығы жөнінде және оның болашағы туралы мәлімет алу.

Оқиға болған жерді зерттеудің тәртібі:

1. Ескерту белгілері ілінген бе? Ол қандай жағдайда?

2. Плакаттар мен сыйбалар ілінген бе?

3. Өткелдердің жайы, жарық, ауа алмасуы, сумен жабдықталуы, т.с.с.

4. Куәлерден және зақымданушының өзінен төмендегідей сұрақтарға жауап алу:

– оқиға болған кезде ол қандай тапсырма орындаған жағдайда?

– тапсырманы кім берді, қашан берді, қандай түрде берді?

– ол тапсырманы орындауға жұмысшы дайындалған ба еді?

– оны орындауға қажетті жағдай жасалған ба еді?

– тапсырманы орындауға жұмысшы қашан кірісті және жұмыстың барысы қалай журді?

5. Қауіпсіздік техникасының мекемедегі құжаттарымен танысу:

– кіріспе нұсқауы мен жұмыс орындағы нұсқаудың мазмұнымен танысу;

– курсық оқытудың материалдарымен танысу;

– оқиға болған жұмыстағы қауіпсіздік талаптарымен танысу;

– нұсқау беру журналымен танысу.

Жұмыстың есебі:

1) Қайғылы оқиға туралы Н-1 нысан бойынша акт толтыру.

2) Жұмысқа байланысты болған қайғылы оқиғаны көсіподақ үйимы мен әкімшіліктің өкілдері, емдеу орынның анықтамаларына, полицей органының материалдарына, куәлердің, зақымданушының түсініктемелеріне сәйкес БТ нысанындағы актіні толтыру.



Көсіпорында еңбек қорғауды жақсартудың шаралары

Мақсаты: Оқытушының тапсырмасы бойынша мекемедегі еңбек қорғауды жақсартудың шараларын төмөндегі үлгіде дайындау.

Жұмыстың мазмұны:

Агроенеркәсіптік бірлестігі аудандық жөндеу-техникалық мекемесінде еңбек қоргауды жақсартудың шаралары

P/ с	Шаралардың мазмұны	Күны, тенге	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
	I. Қайғылы оқигалардың алдын алу мақсатында:			
1.	Қауіпті аймақтарды қоршау (қайысты, тізбекті, тісті, карданы берілістерді қоршау)	100	МТШ менгерушісі	1.04
2.	Қауіпті аймақтарды плақаттармен, ескертпелермен және белгілермен жабдықтау	50	МТШ менгерушісі	1.06
3.	Шеберханада жайтартқыш орнату	35	Инж.-электрик	1.03
4.	Тасымал қоліктегін адам тасуға жабдықтау	60	Гараж менгерушісі	1.02
5.	Мекемеде орт сөндірудің алғашқы құралдарын орнату	100	МТШ менгерушісі	1.05
6.	Еңбекшілерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету	460	МТШ менгерушісі	Жыл ішінде
	II. Қасиби науқастанудың алдын алу мақсатында:			
1.	Еңбекшілерді дөрігерлік байқаудан откізуіді үйімдастыру	4	Бас инженер	31.12
2.	Слесарлар цехина қосымша жылу жүйесін жүргізу	160	МТШ менгерушісі	1.10
3.	Үста цехинде қосымша жедеткіш орнату	120	Инж.-электрик	10.01
4.	Ауыз су құйылатын ыдыс орнату	76	МТШ менгерушісі	1.04
5.	Пісіріп дәнекерлеу цехин қабыргамен болу	140	МТШ менгерушісі	10.01
	III. Жалпы еңбек жағдайын жақсарту мақсатында			
1.	Шеберхананы ағындағы жөндеуден откізу	500	прораб	1.05
2.	Жұмысшылармен жұмыс орнындағы және мерзімді нұсқаулар откізу	150	КТ. инженері	Жыл ішінде
3.	Қауіпсіздік техникасы іс болмесін жабдықтау	30	КТ. инженері	Жыл ішінде
4.	Дөрігерлер шақырып өндірістік санитария жөнінде лекция оқыту	15	Бас инженер	1.04 және 10.10
5.	Курстық оқытууды үйімдастыру	-	Бас инженер	15.10

Термин анықтамалары

Башмак – тиянақ, қалып ретінде қызмет ететін тетік

Блокировка – құралдар мен қондырығылардың бір-калыпты жұмыс істеуін реттеуге көректі аспаптар жүйесі

Борт – ернеу

Бункер – дән құйылатын қорап

Бюллетень – жұмысқа жарамсыздығын анықтайтын дәрігерлік қағаз

Гигиена – тазалық, денсаулық сақтаудың шаралары

Дефектоскопия – заттың ақауын анықтау, ақаулау

Дезинфекция – арнаулы тәсілдермен, дәрілермен жүқпалы микробтарды жою

Инспекция – тексеру орны

Инструктаж – нұсқау беру

Компенсация – өтемәкі

Конвейер – бір жұмысшының істеген материалын қолдан қолға жеткізу үшін тынымсыз журіп тұратын машина

Комфорт – ыңғайлы жабдықталған, үптелген

Коэффициент запаса – қор коэффициенті

Куртка – күртеше

Капюшон – күләпара

Крем – теріге өң беретін майлы зат

Лента – бау, таспа

Лаборатория – зертхана

Микроклимат – кішкене аумақтағы климаттың өзгешеліктері

Монтер – электр желілерін құрастырушы

Наушник – құлаққа киетін аспап

Номенклатура – белгі бір мамандықта қолданылатын атаулардың тізімі

Норма – белгіленген мөлшер, өлшем

Объект – орын, нысана

Операция – қимыл-әрекет

Профилактика – алдын алу, сақтандыру шаралары

Прогресс – даму, алға басу

Пропорция – өлшеміне сәйкес пайы, көлеміне сәйкес пайы

Противогаз – улы газдан, шаң-тозаңдан тыныс жолдарын, көзді, құлакты сақтап тұратын құрал

Препарат – химиялық зерттеуге өзірленген зат

Пресс – материалды қысыммен өндійтін машина

Пульт – өндірістік іс-қимылдарды басқару орны

Пастеризация – сүйік заттарды қыздыру арқылы зиянды микробтарды құрту

Режим – тәртіп, рет

Респиратор – улы газдан қорғанатын аспап

Светофильтр – жарық сұзгісі

Светильник – күндізгідей жарық қылатын шырак, шырағдан

Сварка – пісіру

Сигнал – хабарды жеткізуші белгі

Самосвал – жүкті өздігінен түсіретін машина

Траншея – ор

Трап – басқыш

Ткань – ұлпа, ағза клеткаларының тобы

Фартук – алжапқыш

Факторлар – деректер жинағы

Форточка – терезенің ашпалы көзі

Фара – жолды жарықтандыру мақсатында тасымал құралдарына қойылатын электр жарығы

Шифр – шартты белгі

Шлем – дулыға (бас киім)

Эргономика – жұмыс орнының жұмысшыға ыңғайлылығы

Энергия – қуат

Экран – қалқан

ПАЙДАЛАНЫЛГАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. – Алматы: Жеті жарғы, 2007.
3. Көсіпорынның еңбек қорғау қызметі туралы үлгі ереже. – Алматы, 1994.
4. Шкрабак В.С. Охрана труда. – М.: Агропромиздат, 1990.
5. Денисенко Г.Ф. Охрана труда. – М.: Агропромиздат, 1985.
6. Калошин А.И. Охрана труда. – М.: Агропромиздат, 1991.
7. Луковников А.В. Охрана труда. – М.: Агропромиздат, 1978.
8. Боровиков В.И. Безопасность труда в сельском хозяйстве. – М.: Агропромиздат, 1987.
9. Шаршак В.К. Практикум по охране труда. – М.: Агропромиздат, 1987.
10. Охрана труда и социальное обеспечение. – 1991.

Мазмұны

КІРІСПЕ	3
1-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚОРҒАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
1.1. Еңбек жағдайының қалыптастыруға әсер ететін факторлар	11
1.2. Зиянды және қауіпті факторларды талдау	14
1.3. Еңбек жағдайының жіктелуі	17
1.4. Еңбек қауіпсіздігіне еңбек үжымының ықпалы	17
1.5. Өндірістік жарақаттану мен көсіби науқастану	19
1.6. Өндірістік жарақаттану мен көсіби науқастанудың салыстырмалы көрсеткіштері	23
2-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚОРҒАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ	
2.1. Еңбек қорғау мәселелері жайлы мемлекеттік занды актілер	26
2.2. Еңбекті қорғау департаментінің қызметі	40
2.3. Еңбек қауіпсіздігінің стандарттар жүйесі	42
2.4. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде белгіленген еңбек қорғаудың талаптары	44
3-ТАРАУ. ӨНДІРІСТІК САНИТАРИЯ	
3.1. Өндірістік санитарияның маңызы мен міндеттері, еңбекшілердің жеке гигиенасы	49
3.2. Жұмыс орнының микроклиматы және оның көрсеткіштерін түрақтандыру	58
3.3. Өндірістік кұрылыштарға және тұрмыстық үйлерге қойылатын талаптар	62
3.4. Улы химикаттармен жұмыс жасағандары қауіпсіздік талаптары	66
3.5. Өндірістік шу, діріл және олардың көрсеткіштерін түрақтандыру	70
3.6. Өндірістік жарықтандыру және оны түрақтандыру	72
3.7. Зиянды сәулелену және одан қорғану жолдары	76
4-ТАРАУ. ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ	
4.1. Қауіпсіздік техникасының маңызы мен міндеттері ..	81

4.2. Өндіріс мәдениетін арттыру жұмыстары	83
4.3. Еңбек қауіпсіздігіне өсер ететін психикалық-физиологиялық факторлар	84
4.4. Қауіпті аймактар және машиналар мен механизмдерге қойылатын талаптар	86
4.5. Электр және қорғалыс қауіпсіздігі	87
4.6. Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жолдары	92
4.7. Ауыл шаруашылығында еңбек жағдайының ерекшеліктері	96
4.8. Егін шаруашылығындағы еңбек қауіпсіздігі	98
4.9. Мал шаруашылығындағы еңбек қауіпсіздігі	100
4.10. Мал азығын дайындаудағы қауіпсіздік шаралары	102
4.11. Малдарға күтім жасаудағы қауіпсіздік шаралары	104
4.12. Машиналарды жөндеу мен оларға техникалық қызмет көрсетудегі қауіпсіздік талаптары	108
4.14. Қазандардың, су қызырығыштардың және жылу генераторларының қауіпсіз пайдаланылуы	110
4.15. Қысыммен жұмыс жасайтын ыдыстардың қауіпсіз пайдаланылуы	111
4.16. Газдың және зертханалық жабдықтардың қауіпсіз пайдаланылуы	112
4.17. Тасымал көліктері мен жүк көтергіш машиналарды пайдаланудағы еңбек қауіпсіздігі	113

5-ТАРАУ. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

5.1. Өрт қауіпсіздігінің сипаттамасы.	
Өрттің алдын алу жүйелері	116
5.2. Жануды тоқтату әдістері және от сөндіргіш заттар ...	119
5.3. Өрт сөндіргіш құралдар	121
5.4. Өрттен қорғау жұмыстарын үйімдастыру	123
5.5. Өртүрлі орындардағы өрт сөндірудің ерекшеліктері	124

6-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ҮЙІМДАСТЫРУ

6.1. Өндіріс үдерісінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар	127
6.2. Еңбек қорғау саласындағы басшылар мен мамандардың міндеттері мен құқықтары	129

6.3. Еңбекшілердің арнасы киімдері мен қорғану	
күралдары	137
6.4. Қайғылы оқигалар мен кәсіби науқастануларды	
зерттеу және есепке алу	145
6.5. Еңбек қорғауды жоспарлау, қаржыландыру	
және оның есебін беру	153
6.6. Еңбек қорғау жұмыстарына ынталандыру	
шаралары	154
6.7. Еңбек қорғау жұмыстарындағы озат тәжірибелер ..	156
6.8. Еңбек қорғауға оқыту және оны насиҳаттау	157

7-ТАРАУ. ЗАҚЫМДАНУШЫҒА ДӘРІГЕРГЕ ДЕЙІНГІ АЛҒАШҚЫ КӨМЕК

7.1. Жарапланғанда және сыйнанда көрсетілетін дәрігерге	
дейінгі алғашқы көмек	161
7.2. Электртогына түскен адамға дәрігерге дейінгі	
алғашқы көмек	163
7.3. Күйікте және түрлі газдармен уланғанда дәрігерге	
дейінгі алғашқы көмек	165

8-ТАРАУ. ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР

Жұмыс орнының микроклиматын анықтау	170
Жұмыс орнының жарықтылығын анықтау	175
Калориферлі қондырғыны іріктеу	177
Машина-трактор агрегаттарын қауіпсіз пайдалану	183
Ортке қарсы шаралардың экономикалық тиімділігін	
анықтау	184
Өндірісте болған қайғылы оқигаларды зерттеу,	
есепке алу және оның есебін беру	188
Кәсіпорында еңбек қорғауды жақсартудың	
шаралары	190
Термин анықтамалары	192
Пайдаланылған әдебиеттер	194

«Кәсіптік білім» сериясы

**Жаданов Нұрмажанбет
Құдайбергенов Нұрлан Баязитұлы**

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

*(Ауыл шаруашылығы, экономика және көлік
салаларына арналған)*

Oқу құралы